

ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ  
RESEARCH AND ACADEMYС JOURNAL



*ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ*  
**ЖАРШЫСЫ**  
**ВЕСТНИК**  
*ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ*

**№1(73), 2024**

**«ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖАРШЫСЫ» ЖУРНАЛЫ**  
**№ 1 (73) 2024 ж.**  
**Ғылыми-практикалық журнал**

**Редакциялық алқа төрағасы**

**Куптилеуова С.К.** – бас директордың м.а.

**Редакциялық алқа төрағасының орынбасары**

**Рысбекова Р.Қ.** – бас директордың орынбасары

**Редакциялық алқа мүшелері:**

**Арещенко А.И.** - профессор, доцент

**Доскараев Б.М.** – педагогика ғылымдарының докторы, профессор

**Кульназаров А.К.** – педагогика ғылымдарының докторы, профессор

**Мадиева Г.Б.** – педагогика ғылымының кандидаты, доцент

**Марчибаева Ұ.С.** – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

**Мамырханова А.М.** – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

**Отаралы С.Ж.** – Ph.d докторы

**Сабырбек Ж. Б.** – Ph.d докторы

**Сивохин И.П.** – педагогика ғылымдарының докторы

**Сырымбетова Л.С.** – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор

**Цицулин В.И.** – биология ғылымдарының докторы

**Дизайнер:**

**Куюкова Т. Б.**

**Редакциялық алқаның хатшысы:**

**Есембаева Г.Б.** – педагогика ғылымдарының магистрі

2009 жылғы 14 сәуірдегі № 10053 Журналды мерзімді баспасөз басылымын және (немесе)  
ақпарат агенттігін есепке қою туралы куәлік

**Жылына 4 рет шығады**

**Дене тәрбиесі жаршысы / Вестник физической культуры**

Ғылыми-практикалық журнал / Научно- практический журнал, 2024 ж. №1

Мекен-жайы: 010000, Астана қаласы, Түркестан, 8/2

**Телефон:** +7 (7172) 73-48-10, электрондық пошта: **nnpck2020@yandex.kz**

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК

Заказ: № 221318, Тираж: 200

«ДОИ «Вектор надежды» ҚБ, 010000, Астана қаласы, Луи Пастер көшесі, 117

E-mail: VN-astana@bk.ru

тел.: 8 7172 41-68-89

2001 ж. 07.02 бастап шығарылады.

Басылымның құрылтайшылары:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі,  
Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы

# МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

- **ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ОРТАЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ 2024 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**  
**ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОГО НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОГО ЦЕНТРА ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В 2024 ГОДУ**

- **«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» ПӘНІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**  
**МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ПРЕДМЕТА «ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА»**  
**METHODS OF TEACHING THE SUBJECT «PHYSICAL CULTURE»**

9

**Касымханов С. А.**  
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ ЗАМАНАУИ ОҚЫТУ

13

**Коваленко Л. В., Аристархова А.Д., Агибаев А.М.**  
МЕТОДИКА ОТБОРА В СЕКЦИЮ ВОЛЕЙБОЛА

17

**Шилібаев Б.А., Бекбергенова Ж.Е.**  
«ҚАЗАҚ ШАҢЫРАҒЫ» ИННОВАЦИЯЛЫҚ - ЛОГИКАЛЫҚ, ТАНЫМДЫҚ ОЙЫНЫҢ НЕГІЗІ

- **«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» ПӘНІНІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ**  
**ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ПРЕДМЕТА «ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА»**  
**THEORY AND PRACTICE OF THE SUBJECT «PHYSICAL CULTURE»**

21

**Абилхаиров О. Е.**  
СПОРТТЫҚ ШЕБЕРЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ҮДЕРІСІН БАСҚАРУ

24

**Аскарова Қ.Б., Иксанова Н.Ф., Фаизиев О.Б., Сапахов М.А.**  
ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

29

**Данияр Д.Ю., Бимаханов Т.Д.**  
БҰҚАРАЛЫҚ САУЫҚТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫН АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ

34

**Досмамбетов Т.А., Құлманов Р.Ж., Қуатбеков Ш.Н., Есіркепов Ж.М.**  
АТ СПОРТЫНЫҢ ЖАСТАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕ АЛАТЫН ОРНЫ

38

**Измаханова М.А., Сихымов Г.Б., Нұрпеисов Б.И., Семенченко О.И.**  
БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ ПРОБЛЕМАЛАРЫН ТАЛДАУ

43

**Коваленко Г.В., Журавлев В.Н., Есенбаева Р.К.**  
СПЕЦИФИКА ПРОВЕДЕНИЯ СОРЕВНОВАНИЙ В ТВОРЧЕСКОМ ВУЗЕ

47

**Құлманов Р. Ж., Досмамбетов Т.А., Қуатбеков Ш.Н., Есіркепов Ж.М.**  
ЕЖЕЛГІ САҚ ДӘУІРІНДЕГІ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ДАМУЫ

52

**Мираманов А. А.**  
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА ЕРІКТІ ҚАСИЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

56

**Мұхамбаев Б. Р., Асқаров Р. А.**  
ГАНДБОЛ ОЙЫНЫН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА НАСИХАТТАУ

59

**Мырзаев М.О., Туленова Х.Б.**  
СТУДЕНТТЕР ӨМІРІНДЕГІ СПОРТТЫҚ АЭРОБИКАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

63

**Науатов С. К., Ахметов Н. А.**  
ЙОГА КАК ОДНА ИЗ СОВРЕМЕННЫХ ФУЗКУЛЬТУРНО – ОЗДОРОВИТЕЛЬНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ. ВИДЫ ЙОГИ.

66

**Өксікбаев І., Есмахай Е., Аганиязов Н., Ешенелі С.**  
САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНЫҢ ТЕОРИЯСЫ

# МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

69

**Пушкулов Ж., Сиротина Н., Ахметов Н., Сулейменов О.**  
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУДЫҢ АДАМ АҒЗАСЫНДАҒЫ РӨЛІ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

72

**Сиротина Н., Сулейменов О., Аязбеков Б.**  
ТАНЕЦ КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ ГЕНДЕРНОЙ КУЛЬТУРЫ ПОДРОСТКОВ

75

**Цицурин В.И., Кульназаров А.К.**  
КОРРЕКЦИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОГО СОСТОЯНИЯ ЮНЫХ СПОРТСМЕНОВ С ПОМОЩЬЮ СПЕЦИАЛИЗИРОВАННОГО ПИТАНИЯ

81

**Шилібаев Б. А., Минарбеков Д.І.**  
«ҚАЗАҚ ҚЫРАНДАРЫ» САПАЛЫ-СЫНАҚ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ОЙЫНЫНЫҢ НЕГІЗІ

85

**Юрьева О. А.**  
ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ НА УРОКАХ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

- **НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ  
ПРОЕКТ ЮНЕСКО / НАЦИОНАЛЬНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЦЕНТР ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ  
«КАЧЕСТВЕННОЕ ФИЗИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ»**

90

АНАЛИЗ СИТУАЦИИ В СФЕРЕ ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ КАЗАХСТАНА

- **2024 ЖЫЛҒЫ 24 АҚПАНДА АСТАНА КАЛАСЫНДА «ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ – ТҰЛҒА МЕН ҚОҒАМНЫҢ  
ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ  
24 ФЕВРАЛЯ 2024 ГОДА В Г. АСТАНА СОСТОЯЛАСЬ МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ  
КОНФЕРЕНЦИЯ «НЕПРЕРЫВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ КАК УСЛОВИЕ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ ЛИЧНОСТИ  
И ОБЩЕСТВА»**

## ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ОРТАЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ 2024 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының миссиясы «Дене шынықтыру» пәні және спорт секциялары арқылы білім алушылардың денсаулығын нығайту, елдің адами капиталын қалыптастыру болып табылады.

Орталық қызметінің негізгі бағыттары – біліктілікті арттыру курстарын өткізу, бұқаралық спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу.

Сонымен қатар дене шынықтыру пәні бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру курстары – Орталық қызметінің бағыттарының бірі болып саналады.

2020 жылдан бастап орта білім беру дене шынықтыру педагогтері үшін біліктілікті арттыру курстары республикалық бюджет қаражаты есебінен өткізіледі. Ағымдағы жылы біліктілікті арттыру курстарында барлығы 6 246 педагогті, оның ішінде, 400 – мектепке дейінгі білім беру нұсқаушыларын, 5 393 – орта білім беру педагогтерін, 453 – кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдары педагогтерін оқыту жоспарлануда.

2023 жылғы мәліметтерге сәйкес Орталықта 314 жаттықтырушы-оқытушыдан тұратын сертификатталған лекторлар дәріс берді. Жаттықтырушылар қатарына жоғары оқу орындары оқытушылары (PhD докторлары, ғылым кандидаттары, магистрлер), колледждер, орта білім беру ұйымдарының педагогтері кіреді. Бұл құрамда: ғылым докторлары, PhD докторлары, ғылым кандидаттары – 23% (70); магистрлер – 37% (117); педагог- шебер, педагог-зерттеуші, аға оқытушылар – 13% (41); UEFA жаттықтырушылары, әдіскерлер – 27,3% (86). Профессорлық-оқытушылар құрамы жаттықтырушылардың жалпы санының 59,5% құрайды.

Орталықтың ұйымдастыруымен 2024 жылдың 6-12 ақпанда қазақ және орыс тілдерінде оқыту семинары өткізілді. «Дене шынықтыру педагогін кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы 2024-2026 жылдарға арналған білім беру бағдарламасының мазмұны және енгізілген жаңа тақырыптар таныстырылды.

Оқыту семинарына қатысқан 66 тренер-оқытушыға Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының Тренері мемлекеттік үлгідегі сертификаттары табысталды. Жаттықтырушылар қатарына жоғары оқу орындары оқытушылары (PhD докторлары, ғылым кандидаттары, магистрлер), орта білім беру ұйымдарының педагогтері кіреді. Бұл құрамда: ғылым докторлары, PhD докторлары, ғылым кандидаттары – 7; магистрлер – 13; педагог-шебер, педагог-зерттеуші, аға оқытушылар – 15; әдіскерлер – 31.

Казіргі таңда Орталықта 380 жаттықтырушы-оқытушыдан тұратын сертификатталған лекторлар базасы құрылған. Жаттықтырушылар қатарына жоғары оқу орындары оқытушылары (PhD докторлары, ғылым кандидаттары, магистрлер), колледждер, орта білім беру ұйымдарының педагогтері кіреді. Бұл құрамда: ғылым докторлары, PhD докторлары, ғылым кандидаттары – 19% (73); магистрлер – 41% (155); педагог-шебер, педагог-зерттеуші, аға оқытушылар – 26% (98); UEFA жаттықтырушылары, әдіскерлер – 14% (54). Профессорлық-оқытушылар құрамы жаттықтырушылардың жалпы санының 60% құрайды.

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстары Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне енгізілген мектепке дейінгі, жалпы орта және техникалық-кәсіптік білім беруге арналған білім беру бағдарламалары негізінде жүргізіледі.

Ғылыми негіздеу және сапалы дене тәрбиесі саласындағы проблемаларды шешу жолдарын іздеу мақсатында Орталықтың ҚР ЖБҒМ Ғылым Комитетінің гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру конкурстарына және халықаралық ұйымдардың гранттарына қатысуына көп көңіл бөлінетін болады.

Сонымен қатар еліміздің орта білім беру ұйымдарында болған жазатайым оқиғаларға (жарақаттарға) мониторинг жүргізу; бакалавриат пен магистратураны даярлау бағыттары бойынша «Дене шынықтыру және спорт» пәндік

мамандануы бар «Мұғалімдерді даярлау» білім беру бағдарламалары тобын (бұдан әрі – ББ) талдау; педагогтердің, білім алушылар мен ата-аналар арасында дене шынықтыру педагогінің оң имиджін қалыптастыру проблемаларын анықтау бойынша сауалнама жүргізу жоспарлануда.

Дене шынықтыру саласындағы ғалымдардың, педагогтердің ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектері электрондық нұсқада жүйеленеді және Орталықтың сайтында орналастырылады.

Әдістемелік материалдарды әзірлеу ең маңызды міндет болып қала береді. Ағымдағы жылы 5-8 сынып оқушыларына арналған дене шынықтыру пәнінен республикалық пәндік олимпиада, «Үздік дене шынықтыру педагогі – 2024» республикалық байқауы сияқты дәстүрлі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу жоспарлануда.

Жыл сайын шығарылатын «Дене тәрбиесі жаршысы – Вестник физической культуры» ғылыми-практикалық журнал дене шынықтыру педагогтерінің ғылыми мақалалары мен әдістемелік әзірлемелерін, қазақстандықтардың республикалық және халықаралық спорттық іс-шараларға қатысуы туралы материалдарды жариялауды көздейді.

Халықаралық, республикалық бұқаралық спорт және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларының Күнтізбелік жоспарына сәйкес білім алушылар мен педагогтер арасында бұқаралық спорттық іс-шараларды ұйымдастыру бойынша мақсатты жұмыс жүргізілетін болады. Атап айтқанда, жазғы және қысқы Гимназидалар, көп деңгейлі республикалық жарыстар, Ұлттық мектеп лигасы. ТжКБ студенттері арасындағы Ұлттық спорт лигасы, Республикалық мұғалімдер спартакиадасы.

Екі жылда бір рет Қазақстан Республикасы оқушыларының жазғы және қысқы Гимназиадасы өткізіледі. 2023 жылы спорттың сегіз түрінен Қазақстан Республикасы оқушыларының XI қысқы Гимназиадасы өтті, оған 777 оқушы қатысты.

Орталық көп деңгейлі республикалық жарыстарды тұрақты негізде өткізіп тұрады. 2023 жылы 24 жарыс өткізіліп, қатысушылар саны 2942 оқушыны құрады.

Ұлттық мектеп лигасы аясында он спорт түрінен жарыстар төрт кезеңде өткізіледі, Лигаға енгізілген спорт түрлері мектеп бағдарламасына кірген, сонымен қатар білім алушылар арасында спорттың танымал түрлері бар.

2022-2023 оқу жылында Ұлттық мектеп лигасының бірінші кезеңінде 2 303 858 (62,2%), екінші кезеңде – 1 094 056 (29,5%), үшінші кезеңде – 62 379 (1,6%), төртінші кезеңде – 5 522 (0,14%) оқушы қатысты. 2021-2022 оқу жылымен салыстырғанда мектеп оқушыларының Лигаға қатысуы 16,1% - ға артты.

2022 жылдан бастап «Колледждердің Ұлттық спорт лигасы» жобасы іске қосылды.

Қойылған міндеттерді іске асыру Орталықтың өңірлік орталықтармен, педагогтер қауымдастықтарымен, облыстық әдістемелік кабинеттердің дене шынықтыру әдіскерлерімен, сондай-ақ кәсіби спорт клубтарымен, федерациялармен, халықаралық Олимпиадалардың, Универсиадалардың, Гимназидалардың жүлдегерлерімен және жеңімпаздарымен тығыз өзара әрекеттесу арқылы жүзеге асырылмақ.

## ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОГО НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОГО ЦЕНТРА ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В 2024 ГОДУ

Миссией РГКП «Национальный научно-практический центр физической культуры» Министерства просвещения Республики Казахстан (далее – *Центр*) является формирование человеческого капитала страны, путем укрепления здоровья обучающихся через предмет «Физическая культура» и спортивные секции.

Основные направления деятельности Центра заключаются в проведении курсов повышения квалификации педагогов физической культуры, организации и проведении спортивно-массовых мероприятий, а также проведении фундаментальных и прикладных исследований.

Одним из направлений деятельности Центра являются курсы повышения квалификации педагогов физической культуры. Начиная с 2020 года курсы повышения квалификации для педагогов физической культуры среднего образования проводятся за счет средств республиканского бюджета. Так, в текущем году планируется обучить на курсах повышения квалификации 6 246 педагогов, в т.ч. инструкторов дошкольного образования – 400, педагогов среднего образования – 5 393, педагогов организаций профессионально-технического образования – 453.

В 2023 году в Центре количество сертифицированных тренеров составило 314 человек. В число тренеров входят преподаватели вузов (доктора наук, доктора PhD, доценты, кандидаты наук, магистры), колледжей, педагоги организаций среднего образования. В том числе: доктора наук, доктора PhD, кандидаты наук – 23% (70), магистры – 37 % (117), мастера-педагоги, педагог-исследователь, старшие преподаватели – 13 % (41), тренеры UEFA, методисты – 27,3% (86). Профессорско-преподавательский состав составляет 59,5% от общего числа тренеров.

С 6 по 12 февраля 2024 года Центром был организован обучающий семинар, где было представлено обновленное содержание образовательной программы «Развитие профессиональной компетентности педагога физической культуры среднего образования».

66 участникам обучающего семинара были вручены сертификаты государственного образца от РГКП «Национальный научно-практический центр физической культуры» Министерства просвещения Республики Казахстан. В состав сертифицированных тренеров входят преподаватели высших учебных заведений (доктора наук, доктора PhD, доценты, кандидаты наук, магистры), педагоги организаций среднего образования. В этот состав вошли: доктора наук, доктора PhD, доценты, кандидаты наук – 7; магистры – 13; педагог-мастер, педагог-исследователь - 15; методисты - 31.

В настоящее время в Центре сформирована база сертифицированных преподавателей, состоящая из 380 тренеров. В этот состав вошли: доктора наук, доктора PhD, кандидаты наук, доценты - 19% (73); магистры – 41% (155); педагог-мастер, педагог-исследователь, старшие преподаватели - 26% (98); УЕФА тренера, судьи, методисты, – 14% (54). Профессорско-преподавательский состав составляет 60% от общего числа тренеров.

Курсы повышения квалификации педагогов физической культуры проводятся на основе образовательных программ для дошкольного, общего среднего и технико-профессионального образования, которые внесены в Государственный реестр прав на объекты, охраняемые авторским правом.

В рамках научно-исследовательской деятельности Центра будет продолжена работа по реализации научного проекта «Мониторинг физического здоровья детей и подростков: модификация национальных измерительных инструментов» совместно с ЕНУ им. Л.Н. Гумилева в рамках грантового финансирования на 2023-2025 г.г. В целях научного обоснования и поиска путей решения проблем в области качественного физического воспитания будет уделено большое внимание участию Центра в конкурсах грантового, программно-целевого финансирования Комитета науки МНВО и грантов международных организаций.

Также планируется проведение мониторинга несчастных случаев (травм), случившихся в организациях среднего образования страны; анализа группы образовательных программ «Подготовка учителей» (далее ОП) с предметной специализацией развития «Физическая культура и спорт» по направлениям подготовки бакалавриата и магистратуры; анкетирования среди педагогов, обучающихся и родителей по выявлению проблем формирования положительного имиджа педагога физической культуры.

Будут систематизированы научные и учебно-методические труды ученых, педагогов в области физической культуры в электронном варианте и размещены на сайте Центра.

Разработка методических материалов остается наиважнейшей задачей.

В текущем году планируется организация и проведение таких традиционных мероприятий как Республиканская предметная олимпиада по физической культуре для обучающихся 5-8 классов, Республиканский конкурс «Лучший педагог физической культуры – 2024».

Издание ежегодного научно-практического журнала «Дене тәрбиеси жаршысы – Вестник физической культуры» предполагает публикацию научных статей и методических разработок педагогов физической культуры, освещение материалов об участии обучающейся молодежи в республиканских и международных спортивных мероприятиях.

Согласно Календарному плану международных, республиканских спортивно-массовых и физкультурно-оздоровительных мероприятий будет проведена целенаправленная работа по организации спортивно-массовых мероприятий среди обучающихся и педагогов. Это летняя и зимняя Гимназиады, многоуровневые республиканские соревнования, Национальная школьная лига, Национальная спортивная лига среди студентов ТиПО, Республиканская Спартакиада учителей.

Раз в два года проводится летняя и зимняя Гимназиада школьников РК. В 2023 году прошла XI зимняя Гимназиада школьников РК по 8 видам спорта, где приняли участие 777 школьников.

Многоуровневые республиканские соревнования проводятся Центром на постоянной основе. В 2023 году проведено 24 соревнований, где количество участников составило 2942 школьника.

С 2015 года Центром был запущен широкомасштабный проект «Национальная школьная лига», являющийся приоритетной задачей Центра в развитии массового спорта среди школьников. Особенность Национальной школьной лиги в отличие от других комплексных соревнований заключается в том, что в них могут участвовать учащиеся только одной школы.

В рамках Национальной школьной лиги проводятся соревнования по 10 видам спорта в четыре этапа; виды спорта, которые включены в Лигу, входят в школьную программу, так же имеются виды, которые популярны среди обучающихся.

В 2022-2023 учебном году на первом этапе Национальной школьной лиги приняли участие 2 303 858 (62,2%) учащихся, во втором – 1 094 056 (29,5%), в третьем – 62 379 (1,6%), на четвертом этапе – 5 522 (0,14%). По сравнению с 2021-2022 учебном году участие школьников в лиге увеличилось на 16,1 %.

Начиная с 2022 года запущен проект «Национальная спортивная лига колледжей».

Реализация поставленных задач возможна только при тесном взаимодействии Центра с региональными центрами, ассоциациями педагогов, методистами по физической культуре областных методических кабинетов, а также с профессиональными спортивными клубами, федерациями, с призерами и победителями международных олимпиад, универсиад, гимназиад.





## «ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» ПӘНІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

### МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ПРЕДМЕТА «ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА»

### METHODS OF TEACHING THE SUBJECT «PHYSICAL CULTURE»

FTAMП 77.03.79

## ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ ЗАМАНАУИ ОҚЫТУ

**Касымханов Сандыбай Ахметолдинович**

*ҚР Оқу-ағарту министрлігі Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының, Дене шынықтыру саласындағы мамандардың педогогтердің біліктілігін арттыру және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету зертханасының аға әдіскері, дене шынықтыру мұғалімі, Астана қаласы.*

■ **Аңдатпа.** «Дене тәрбиесі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі мен тәжірибесін жетілдіру» тақырыбындағы жалпы орта білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтеріне арналған. Мақалада мұғалім білімін жетілдіру курсына заманауи оқытудың әдіс-тәсілдерінің маңыздылығы жайында көрсетілген. Курс тыңдаушылармен бірлесе тәжірибе алмаса отырып оқытудың жаңа тәсілдерін дене шынықтыру сабақтарында қалай қолдануға болатындығы айқындалады.

→ **Түйінді сөздер:** кәсіби құзыреттілігі, денсаулық сақтау технологиялары, критериалды бағалау, кері байланыс.

**Зерттеудің өзектілігі.** Орта білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтерінің I сабақта қолданудың маңыздылығын ашу мақсатында осы тақырып алынды. Курс тыңдаушылар алған білімдерін сабақта жете қолдану үшін теориямен практиканы ұштастыра отырып, оқушылардың физикалық және қимыл-қозғалыс дағдыларымен қатар олардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып өзіндік жұмысқа бағытын айқындай түседі.

**Зерттеудің мақсаты.** Дене шынықтыру педагогтері заманауи оқытудың әдіс-тәсілдерін жете меңгеріп, оқу процесінде оқушылардың білім алуларын жақсартуда тиімді қолдану. «Дене тәрбиесі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі мен тәжірибесін жетілдіру» білім беру бағдарламасы бойынша жалпы орта білім беру ұйымдарының дене шынықтыру пәнінің мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін арттыру үшін Орталықтан сертификатталған тренер-оқытушы ретінде біліктілікті арттыру курстарында дәріс оқып, тәжірибелік сабақтар берілді.

«Білім беру сапасын арттыру контексінде оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру, дене шынықтыруды оқытудың заманауи технологиялары» модулі. Бұл модуль білім

беру және тәрбиелеу жүйесіндегі дене шынықтырудан күтілетін нәтижелер мен мақсаттарды қарастырады. Модуль педагогтің инновациялық және инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық базасын меңгеруіне, оқушыларды оқытуға тартуға, қолайлы психологиялық орта құруға, оқу мақсаттарында ойындар мен өзара іс-қимылды пайдалануға, оқушылардың білімін жақсарту мақсатында бағаларды пайдаланудың педагогикалық тәсілдерін іріктеуге және оқушыларға оқытудың жеке траекториясын құрастыруға көмектесуге бағытталған. Тыңдаушылар оқу барысында оқу бағдарламасын түсінуге және дене шынықтыру сабағын жоспарлауға шоғырланады. Білім беру шеңберінде денсаулық сақтау технологияларын пайдалана отырып, қысқа мерзімді жоспар құру, оқытудың белсенді және интерактивті әдістерін пайдалану және жұмыстарды өзара бағалау бойынша практикалық жұмыс жоспарлануда.

Оқыту процесінде денсаулық сақтау технологиялары маңызды рөл атқарады. Жұмыс формалары мен әдістеріне байланысты арнайы білім беру мекемесіндегі Денсаулық сақтау технологиялары әртүрлі формада болады. Осы модульді зерделеу барысында

тыңдаушылар қатысушылардың денсаулығына зиян келтірмейтін оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың тәсілдерімен, әдістерімен танысады, дене шынықтыру-сауықтыру технологияларының қазіргі заманғы тәсілдерін (шынығу, жылдамдықты, ептілікті, төзімділікті дамыту, олар дене шынықтыру сабақтарында іске асырылады) зерделейді.

Сондай-ақ, баскетбол, волейбол, футбол, жеңіл атлетика, ұлттық спорт түрлері бойынша оқу сабақтарын оқытудың заманауи әдістерімен танысады.

Біліктілікті арттыру курсы жөніндегі ақпарат Орталықтың ресми әлеуметтік желілерінде тұрақты жарияланды. Жалпы 381-ге жуық ақпараттық және бейне материалдар «salauatty\_kazakhstan» инстаграм мен «Ұлттық Дене Тәрбиесі Орталығы» facebook желілеріне жарияланып, оқырмандардың тарапынан 9000-ға жуық қолдауға ие болды. Онда біліктілікті арттыру курстары бойынша тыңдаушылар өз алғыстары мен оң пікірлерін білдірген.

Дене шынықтыру сабақтарында оқытудың жаңа тәсілдерін қолдана отырып, оқу процесінде де, сабақтан тыс уақытта да спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын жоспарлауды және өткізуді; инклюзивті оқыту аясында мектептегі дене шынықтырудың заманауи педагогикалық технологияларын: инклюзивті білім берудің принциптері мен бағыттарын ескеріп, мектеп жағдайында дене шынықтырудың заманауи педагогикалық технологияларын қолдануды; орта білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың денсаулық жағдайына, функционалдық мүмкіндіктері мен физикалық жұмысқа қабілеттілігіне тестілеу жүргізуді; оқытудың қазіргі заманғы технологияларының мазмұны және оларды практикалық қызметте

қолдану бойынша білімді қорыту және тереңдетуді; оқушылардың нозологиясына байланысты түзету жаттығуларының кешендерін қолдануды меңгерді.

Сонымен қатар, тұлғаның кәсіби өсуін тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін цифрлық технологияларды қолдану, психологиялық және педагогикалық қолдау, оқушылардың жетістіктерін критериалды бағалау жүйесіне сәйкес дене шынықтыру бойынша оқу тапсырмаларын бағалау, инклюзивті оқыту аясында мектепте дене шынықтыру бойынша заманауи педагогикалық технологияларды қолдану, сабақты жоспарлаудың жаңа тәсілдері мен стратегияларын пайдалану, ЕБҚ оқушылардың ауруларына байланысты дене шынықтыру-сауықтыру сабақтарын өткізудің теориясы мен әдістемесін (тірек-қимыл аппараты бұзылған, көру, семіздік және орталық жүйке жүйесінің аурулары) қолдану дағдыларын дамытты және құзыреттілігін жетілдірді.

Педагогика қашан да өз заманының қажеттіліктеріне лайықты дағдылармен бірге адамзаттың рухани қажеттіліктерін жас баланың жүрегіне ұялату міндетін алдыңғы қатарға қойып отырған. Демек педагогикада қанша міндет болса сонша зерттеу, ізденіс, талап бар.

Оқыту-үйрету барысында алдыңғы қатарға қоятын жақсы ұстаным-баланың өзіндік жұмысқа бағытын айқындай түсу. Ал осы ұмтылысты ояту және оянғандарын қанағаттандыра алу мұғалімнің шеберлігіне тікелей байланысты. Заманауи оқытудың әдіс-тәсілдерін сабақта тиімді қолданудың педагогикалық әдістемесіне байланысты курстың үшінші модулі бойынша мұғалімдерге дәріс берілуде. Осы курс дене шынықтыру мұғалімдері үшін үлкен серпіліс болды. Өйткені олар заманауи оқыту туралы біліп қана қоймай оны сабақта қалай қолдануға болатынын практика жүзінде де қолданып үйренді және бір-бірімен айтарлықтай тәжірибе алмасты.



1 сурет. Курс тыңдаушылар біліктілікті арттыру курстары барысында теориямен практиканы ұштасыруда

Заманауи оқытуда мұғалімдер мынаналарды оқып үйренді:

- Критериалды бағау
- Кері байланыс
- Көшбасшылық
- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту
- Сабақта АКТ-ны қолдану.

Бағалау – сыныптағы бағалау тек қана техникалық тәсіл емес. Мұғалімдер жазбаша немесе ауызша түрде баға қою жолымен бағалайды. Олар қолданатын кез-келген нысанның артында тек қана объективті немесе жеткілікті дәрежеде объективті емес нормалар мен стандарттар ғана емес, сондай-ақ баланың дамуы, оқуы және уәжі туралы түсінік, сонымен қатар өзін-өзі бағалау, қабілеттілік күш-жігер сияқты ұғымдарға қатысты құндылықтар жатады.

Критериалды бағалау – ол нақты бағалау арқылы оқушыдан толық жауап алу және сабақты жете меңгеруге бағытталған.

Дене шынықтыру сабағында 60 метрге қысқа қашыққа жүгіру техникасын А,В,С,Д деп төрт критерийге бөлуге болады:

- А – Төменгі сәре сызығына тұру.
- В – Сәреден шығу,
- С – критерийіне: Екпін алып жүгіру,
- Д – критерийіне: Мәре сызығынан жүгіріп өту деп.

Енді осы төрт критерий бойынша техникасын үйрету үшін дискриптерлерге бөлінеді.

Кері байланыс- оқушының ішкі дүниесіне үңіле отырып олардың жаңа сабақты түсінуі, сабаққа деген қызығушылығы, шамадан тыс артық күш түсуі, т.б анықтау үшін маңызды. Мұғалім кері байланыс жасау арқылы келесі ақтсабарын жоспарлауда өзгерістермен, толықтырулар енгізуі мүмкін.

Көшбасшылық – топтағы қабілетті оқушыны көшбасшы ретінде басқа балалармен бірлесе жұмыс істеуге және бір-бірімен пікір алысуға үйретеді. Мұғалім көшбасшы балаға бағыт-бағдар береу арқылы оларды ұйымшылдыққа, шығармашылыққа және өз бетімен шешім қабылдап пікір айтуға тәрбиелейді.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту-шығармашылық үдеріске, өнімге немесе жеке тұлғаға қатысты қарастырылады және ол арқылы бірегей, жоғарғы сапалы және дана нәтижелер шығатын тұлғааралық әрі тұлғаішілік үдеріс деп сипатталады. Балалар креативтілігінің көптеген өлшемдері мағынаны жылдам ұғуға шоғырланған. Мағынаны жылдам түсінуге арналған тапсырмалар балалардан миға шабуылдағыдай белгілі бір түрткі ойларға сәйкес көбірек жауаптар туындауды талап етеді. Негізінен, мазмұнын жылдам түсіну шығармашылық үдерістің аса маңызды сипаттамасы деп саналады. Мысалы

оқушы өзі жаңа қозғалыс ойынын құрастырып, сол ойынның ережесін ойластырып жазуы оның шығармашылық қабілеті.

Технологиялық білім сыныпта АКТ-ні қолдану жөніндегі білімдерді қамтиды.

- Мектептегі технологияларға мыналар жатады;
- Теледидар бағдарламалары;
- Сандық теледидар;
- Интернет/WWW;
- Ұялы телефон;
- Ұтқыр қондырғылар;
- Компьютер/ноутбук.

Дене шынықтыру сабағында АКТ-ны қолдануда мысалы ұзындыққа жүгіріп келіп секіру техникасын үйрету үшін оқушыларға интерактивті тақтадан техникасын көрсетіп түсіндірген тиімді. Секірудің қате орындалғанын және дұрыс орындалған техникасын нақты көрсетуге болады.

**Қорытынды.** Курс соңында мұғалімдер заманауи оқытудың әдіс-тәсілдерін сабақта қолдануға сенімді болды. Өйткені теориямен практиканы ұштастыру мақсатында мұғалімдерге практикалық сабақтар өткізілді. Мұғалімдер сабаққа белсене қатысты және қызығушылығы жоғары деңгейде болды. Курс тыңдаушыларынан кері байланыс алу арқылы олар үшін курс қызықты және жоғарғы деңгейде өткені байқалды.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық (Қ.Р жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы) 2012 ж. Астана қ. – 11 б.
2. Тренерге арналған нұсқаулық (Қ.Р Педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы) 2012 ж. Астана қ. – 64 б.
3. Педагогикалық шеберлік орталығы. Өлем өзгеруімен біз де өзгереміз. – 2012 ж. Астана қ.
4. Мектепте тәжірибе кезеңінде орындауға болатын тапсырмалар. – «Педагогикалық шеберлік орталығы» – 2016 ж. Астана қ.

## СОВРЕМЕННОЕ ОБУЧЕНИЕ В СОВЕРШЕНСТВОВАНИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ПЕДАГОГОВ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

**Касымханов Сандыбай Ахметолдинович**

*учитель физической культуры, старший методист лаборатории учебно-методического обеспечения и повышения квалификации педагогов Национального научно-практического центра физической культуры Министерства просвещения РК, г. Астана.*

☰ **Аннотация.** В статье отражена важность современных методов обучения на курсах повышения квалификации педагогов физической культуры, совершенствование профессиональной компетентности и опыта педагогов. Совместно со слушателями курса определяется, как применять новые подходы к обучению на уроках физической культуры.

↔ **Ключевые слова:** профессиональная компетентность, здоровьесберегающие технологии, критериальное оценивание, обратная связь.

## MODERN TRAINING IN IMPROVING THE KNOWLEDGE OF PHYSICAL EDUCATION TEACHERS

**Kasymkhanov Sandybay Akhmetoldinovich**

*Ministry of Education of the Republic of Kazakhstan National Scientific and Practical Center of Physical Culture» advanced training of teaching staff and senior methodologist of the laboratory of educational and methodological support in Astana.*

☰ **Annotation.** Designed for teachers of physical education for general secondary educational organizations on the topic «Improving the professional competence and experience of physical education teachers». The article discusses the importance of modern teaching methods in the course of Teacher Education. Sharing experience with course listeners, the course defines how new teaching methods can be used in physical education lessons.

↔ **Keywords:** professional competence, health-saving technologies, criteria assessment, feedback.

МРНТИ 77.29.19

## МЕТОДИКА ОТБОРА В СЕКЦИЮ ВОЛЕЙБОЛА

**Коваленко Людмила Владимировна**

*руководитель Центра физического здоровья.*

**Аристархова Анна Дмитриевна**

*преподаватель Школы сестринского образования.*

**Агибаев Азамат Мухамбетович**

*тренер-преподаватель Центра физического здоровья,  
НАО Медицинский Университет Караганды.*

▣ **Аннотация.** В статье представлен метод отбора по волейболу, цель которого позволяет констатировать тот факт, что правильное комплектование и первоначальный отбор для занятий волейболом в секции является одним из решающих условий, гарантирующих успешность подготовки волейболистов. Предлагаемая статья позволит судить о задатках и способностях занимающихся к успешному овладению навыками и умениями игры в волейбол.

→ **Ключевые слова:** отбор, контрольные испытания, психодиагностика, ОФП, СФП.

В основе данной работы лежит предположение о том, что разработанная нами программа эффективного отбора в секцию волейбола является предпосылкой успешной подготовки волейболистов высокого класса игры. Простым увеличением количества выполнения технических приемов и продолжительности игры сейчас больших результатов достигнуть нельзя. Залог успешной подготовки волейболистов – умелый и правильный отбор для занятия волейболом, а также учет их возрастных психических особенностей в этом процессе. Совершенное овладение навыками игры в волейбол во многом зависит от уровня развития способностей (как общих, так и специальных).

Основными задачами работы являются проведение анализа научно-методической литературы и разработка программы оптимально эффективного отбора занимающихся волейболом.

Первоначальный отбор зависит от многочисленных факторов, определяющих желание спортсмена заниматься определенным видом спорта.

Факторы, определяющие спортивную ориентацию личности, сами собой указывают на то, что тренер в роли специалиста по отбору решает весьма сложные и тонкие задачи, имеющий свой спортивно-педагогический и свой психологически-социологический аспект. Достаточно высокий уровень профессиональной подготовленности тренера препятствует промахам, к числу которых можно отнести, например, оценки, основанные только на физических качествах или на потенциальных возможностях новичка [1].

В последнее время в волейболе весьма важной проблемой становится проблема комплектования команд. Современный уровень развития игры предъявляет к игрокам высокие требования –

наличие универсальности в подготовке, высокий уровень выполнения своей игровой функции в команде, выше среднего ростовые данные, атлетическая подготовка.

Можно выделить три важнейших подсистемы отбора:

- Открытие талантов, их направление в сторону определенного вида спорта и введение их в начальные фазы специализированной спортивной тренировки;
- Отбор, который является процессом периодического отбирания лучших спортсменов на различных этапах спортивного совершенствования;
- Формирование команд, представляющее процесс организации, комплектования и сплочения спортивного коллектива.

Проблема отбора является одной из самых актуальных в спортивной психологии. Поскольку процесс подготовки спортсмена является весьма затратным делом как с точки зрения физической, эмоциональной, финансовой, и, вообще, осуществляется достаточно долго по времени, поскольку решение данной проблемы позволит не только осуществлять подготовку в более экономичном режиме, но и, в известном смысле, обеспечит успешность спортивной карьеры.

Таким образом, проблема спортивного отбора и спортивной ориентации позволяет утверждать, что в спортивной науке накоплен существенный научный материал, который является методической основой для построения ориентации и отбора в спорте.

Критерии отбора. Первоначально при отборе особое внимание тренер должен обращать на физические, психомоторные, психологические показатели будущего спортсмена, его возраст, состояние здоровья.

На последующем этапе для более углубленного отбора также используются общие и специальные критерии.

Общие критерии:

- антропометрические показатели, работоспособность, утомляемость, уровень развития функциональных возможностей организма, свойства внимания и др.);

- степень овладения техникой своего вида на уровне контрольных нормативов, способность переносить возрастающие специфические нагрузки;

- психические качества личности (темперамент, эмоциональная уравновешенность, выдержка, самообладание, психическая выносливость и др.);

- реакция на сбивающие факторы (дождь, ветер, температура воздуха, зрители и др.);

- посещаемость тренировок, дисциплина и др.

Специальные критерии:

- психическая надежность спортсмена в ответственных соревнованиях;

- способность реализовать свои потенциальные возможности в условиях острой конкуренции;

- соответствие модельным характеристикам;

- физическая, техническая, тактическая, моральная и специальная психическая, интеллектуальная подготовленность на уровне актуальных требований.

Методы отбора:

- психолого-педагогические наблюдения и исследования;

- антропометрические обследования;

- генетические исследования;

- тестирование ОФП и СФП;

- медико-биологические и социологическое исследования;

- прикидки и отборочные соревнования;

- смотры-конкурсы.

Средства отбора:

- общего назначения: физические упражнения на материале гимнастики, легкой атлетики, плавания, лыжного, велосипедного спорта и др.;

- специальные: контрольные упражнения на материале данного вида;

- инструментальные: технические средства для регистрации параметров движений, судейства и т.п.

Формы отбора:

- по составу группы они могут быть индивидуальные, групповые, индивидуально-групповые;

- по типу занятия: представляют собой контрольно-тренировочное занятие, учебное соревнование, «прикидка», отборочные соревнования, официальные соревнования различного уровня [2].

Таким образом, на этапах спортивного отбора определяется целесообразность дальнейшей подготовки спортсмена, а также дается оценка его функциональной подготовленности, технико-тактического мастерства, уровню развития психических особенностей и т.д. Полученные данные позволяют определить направление подготовки спортсмена на очередном этапе многолетнего совершенствования.

Технология психологического отбора в спорте состоит из четырех взаимосвязанных звеньев (рисунок 1).



Рисунок 1.

Технология психологического отбора в спорте

- Профессиография – область научно-практического знания, которая изучает профессиональную деятельность человека, психологические описания разных видов труда и их классификацию

- Психодиагностика – отрасль психологии, разрабатывающая теорию, принципы и инструменты оценки и измерения индивидуально-психологических особенностей личности.

- Принятие решения – рассматривается как когнитивный процесс, результатом которого является выбор мнения или курса действий среди нескольких альтернативных возможностей.

- Прогнозирование – предвидение в процессе мышления ожидаемого будущего и представляет собой одну из операций мышления.

Психическая нагрузка спортсменов в разных видах спорта имеет свои специфические особенности. Изучение таких психических особенностей, характеризующих отдельные виды спорта, позволяет определить психологические характеристики данного вида спорта, то есть получить его психоспортограмму. Психоспортограмма напоминает психологическую характеристику отдельных профессий – профессиограмму.

Психодиагностика в спорте - исследование и оценка спортивно важных качеств, индивидуальных и личностных особенностей, готовности спортсменов к соревнованиям [3].

Основными направлениями психодиагностики являются:

- индивидуально-психологические особенности спортсмена;
- социально-психологические характеристики личности спортсмена и команды;
- психические состояния спортсмена;
- способности к самоконтролю и самоуправлению состояниями;

Общие принципы спортивной диагностики:

- комплексный характер;
- оперативность диагностических процедур;
- прогностичность и прикладность результатов исследований;
- корректность использования психодиагностической информации;
- непрерывность и преемственность психодиагностики на всех этапах спортивной карьеры.

Основной метод психодиагностики - тестирование. Достоверность результатов тестирования: освидетельствование тестов по требованиям психометрии.

Параметры: надёжность, валидность, стандартизация, практичность, прогностическая ценность.

Психологическое прогнозирование успешности спортивной деятельности

Компоненты состава спортивно важных качеств детей, начинающих заниматься спортом:

- физические качества;
- устойчивые психологические свойства.

А.Н. Николаев предлагает следующий алгоритм системы научного прогнозирования:

— предварительный отбор свойств личности, которые положительно влияют на рост спортивных результатов;

— нахождение корреляционных взаимосвязей между показателями выраженности отобранных свойств;

— нахождение взаимосвязей между показателями выраженности отобранных свойств и успешности выступлений спортсменов;

— индекс индивидуальной прогностической спортивной успешности (ИИПСУ) [4].

Для организации тестирования были использованы следующие методы.

В процессе тестирования занимающихся, а также прогнозирования роста мы разработали систему контрольных испытаний, которая состояла из следующих заданий:

- бег 6\*5м (челночный бег);
- вертикальный прыжок (измерение высоты прыжка);
- метание теннисного мяча на дальность;
- бросок набивного мяча весом 3 кг из-за головы двумя руками;
- перемещение приставными шагами в пределах зоны нападения в течение 10сек. (учитывается количество приставных шагов);

— передача волейбольного мяча сверху двумя руками в стену, расстояние 2м;

— передача мяча сверху двумя руками в парах;

— передача мяча нижней двумя руками в парах;

— подача нижняя, прямая из-за лицевой линии по зонам, дается 3 попытки;

— нападение через сетку с 4,3 и 2 зоны;

— прием мяча с подачи;

— блокирование нападающего удара.

Второй критерий при отборе в данную группу включал в себя наблюдение в играх. Подобное наблюдение помогло нам определить, как девочки действуют в игровой обстановке. Для испытания использовались такие игры, как «День и ночь», «Борьба за мяч», «Не урони мяч», «Мяч среднему».

Наблюдения в играх помогают определить, как обучающийся действует в игровой обстановке, насколько умело и целесообразно использует ранее приобретенные двигательные умения и навыки. По тому, как ведет себя обучающийся в игре можно судить о развитии у него быстроты реакции, ловкости, сообразительности, тактического мышления и других качеств, необходимых для успешных занятий волейболом. Кроме того, применяются эстафеты с разнообразными заданиями: выполнение разных способов передвижения из разных исходных положений. С изменением направления, повороты в движении, преодоление препятствий и т.д. [5].

Также проводилось прогнозирование роста, преимущественно индивидов, у которых имеются выраженные отличия стремительного интенсивного роста. Прогнозирование велось по формуле, а также принимался во внимание вес тела при рождении, и обращалось внимание на размеры конечностей, кисти, стопы. Только после всестороннего изучения можно получить данные об их способностях и правильно решить вопрос о выборе волейбола для занятий.

В результате работы мы пришли к выводу, что в основе правильного отбора лежит соответствие физических способностей и особенностей человека.

Успешность занятий волейболом и достижение высоких спортивных результатов зависит от устойчивого интереса к занятиям, волевых качеств, трудолюбия, упорства, способностей к спортивной деятельности с учетом специфичности волейбола, уровня специальных качеств, навыков, умений и знаний в волейболе. Также большое значение при отборе имеют и психологические особенности спортсменов.

Из всего вышеизложенного можно сделать вывод, что задача отбора особенно актуальна, потому как первоначальный отбор и правильное комплектование групп для занятий волейболом является одним из решающих условий, гарантирующих успешность подготовки.

- СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ:**
1. **Куликов Л.В.** Психология личности. – М.: Владос, 2000. – 312 с.
  2. **Матвеев А.П.** Оценка качества подготовки выпускников основной школы по физической культуре / Авт.-сост. А.П. Матвеев – М.: Дрофа, 2000. – 160 с.
  3. **Майзель Н. И., Небылицин В. Д., Теплов Б. М.** Сущность и условия организации эффективного психологического отбора / В кн. Психология работы с персоналом в трудах отечественных специалистов / Сост. и общ. ред. Л.В. Винокурова. – СПб., 2001.- С.252
  4. **Кабаченко Т. С.** Психология управления: Учебное пособие. — М.: Пед. о-во России, 2000. - С. 384.
  5. **Крайг Г.** Психология развития. – СПб.: Питер, 2000. – 922 с.
  6. **Клещев Ю.Н.** Тактическая подготовка волейболистов: (сборник упражнений) / Ю.Н. Клещев, В.А. Тюрин, Ю.П. Фураев. – М.: Физкультура и спорт, 2008. – 120 с.
  7. **Алексеев М.М.** Организация работы в объединенных коллективах физической культуры – М: Ф и С, 2007.—125 с.

## ВОЛЕЙБОЛ СЕКЦИЯСЫНА ІРІКТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

**Коваленко Людмила Владимировна**  
*дене сауықтыру орталығының меңгерушісі.*

**Аристархова Анна Дмитриевна**  
*оқытушы.*

**Агибаев Азамат Мухамбетович**  
*дене сауықтыру орталығының жаттықтырушы-оқытушы,  
Қарағанды Медицина Университеті, Қарағанды.*

☰ **Аңдатпа.** Мақалада волейболдан іріктеу әдісі ұсынылған, оның мақсаты секцияда волейбол сабақтары үшін дұрыс жинақтау және бастапқы іріктеу волейболшыларды даярлаудың сәттілігіне кепілдік беретін шешуші шарттардың бірі болып табылатындығын анықтауға мүмкіндік береді. Ұсынылған мақала волейбол ойнау дағдылары мен дағдыларын сәтті игеруге қатысушылардың бейімділігі мен қабілеттерін бағалауға мүмкіндік береді.

⇒ **Түйін сөздер:** іріктеу, бақылау сынақтары, психодиагностика, ОФП, СФП.

## THE SELECTION METHOD FOR THE VOLLEYBALL SECTION

**Kovalenko Lyudmila Vladimirovna**  
*head of the physical health center.*

**Aristarkhova Anna Dmitrievna**  
*SSO teacher.*

**Agibaev Azamat Mukhambetovich**  
*trainer- teacher at the physical health center, Medical University of Karaganda, Karaganda.*

☰ **Annotation.** The article presents a selection method for volleyball, the purpose of which allows us to state the fact that proper recruitment and initial selection for volleyball classes in the section is one of the decisive conditions that guarantee the success of volleyball players' training. The proposed article will allow us to judge the inclinations and abilities of those involved in successfully mastering the skills and abilities of playing volleyball.

⇒ **Keywords:** selection, control tests, psychodiagnostics, OFP, SFP.



FTАМП 77.29.30

## «ҚАЗАҚ ШАҢЫРАҒЫ» ИННОВАЦИЯЛЫҚ - ЛОГИКАЛЫҚ, ТАНЫМДЫҚ ОЙЫНЫНЫҢ НЕГІЗІ

**Шилибаев Бекболат Аманжолұлы**  
қауымдастырылған профессоры (доцент)

**Бекбергенова Жанар Ешеналықызы**  
педагогика және психология магистрі  
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, Тараз қ.

■ **Андатпа.** «Қазақ шаңырағы» инновациялық-логикалық, танымдық ойынының жарқын жақтарын рухани жаңғыртып, ұрпақ санасына сіңіруде ойын өте қарапайым болып көрінгенмен, мұнда адам қасиеттері мен адамдарды өзара әркетке жетелейтін ақыл-ой қимылы қаншама. Адамның ойлау жүйелерінің жетілуінен бастап, бұлшықеттерінің жетілуіне, тынысалу мүшелерінің реттелуіне, өз ойын меңгеруге, салт-дәстүр, өткен, жаңа тарихты ортаға салу, насихаттау мен дамытуға ниеттемің.

→ **Түйінді сөздер:** Ұлттық ойын, «Қазақ шаңырағы», тастар, тарих, салт-дәстүр, қасиетті сандар.

**Зерттеудің өзектілігі.** Ұсынылып отырған «Қазақ шаңырағы» инновациялық-логикалық, танымдық ойыны адамның зейінін, есте сақтау қабілетін, ауызекі сөйлеу мәдениетін дамытуға арналған, адамгершілік сезімін оятуға, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға, өз ұлтымыздың тарихын, салт-дәстүрін, болмысын білуге және басқа ұлт өкілдеріне достық сезімін тәрбиелеуге үйретеді.

Өзге халықтар сияқты қазақтың да ертеден қалыптасқан, атадан – балаға мұра болып жалғасып келе жатқан ұлттық ойын-сауық түрлері бар. Зер салып байқап отырсақ, ол ойын-сауықтар қазақтың ұлттық ерекшелігіне, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне тығыз байланысты туған және адамды жастайынан батылдыққа, ептілікке, тапқырлыққа, күштілікке, төзімділікке т.б. әдемі адамгершілік қасиеттерге баулуға бағытталған екен.

Халқымыздың тарихи-мәдени мұраларының түрлері сан алуан. Солардың қай-қайсысы да адамға, соның игілігіне қызмет етуге бағытталған. Осындай аса құнды мәдени игіліктердің бірі - ұлт ойындары. Бүгінде ойынды халық педагогикасының құрамды бір бөлігі деп тегін айтпаса керек.

Ұлттық ойындар - ата-бабамыздан бізге жеткен, өткен мен бүгінгі байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан оны үйренудің, күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Ойын адамның алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді.

Спорт қазіргі қоғамның жалпы гуманитарлық әлеуетін арттыруда таптырмас және маңызды рөл атқарады;

XXI ғасырдағы спортты дамытудың негізгі тенденциялары денсаулықты нығайту, босуақытты ұйымдастыру, әртүрлі өмірлік жағдайларды модельдеу, адамның ойын (шығармашылық) мәнін бекіту құралы ретіндегі спорттың рөлінің артуы болып табылады

Адам денсаулығы, А.А. Васильков (1997) атап өткендей, тұтас ағзаның жұмыс істеуінің ең жоғары интегративті көрсеткіші болып табылады, онда оның барлық компоненттері бір-бірімен реттелген және өзара байланысты белсенді іс-әрекеттің, өзін-өзі сақтаудың және өмірді ұзартудың бір жалпы идеясы үшін жұмыс істейді. Н.М. Амосов (1987) қоғамды құру және дамыту үшін адам денсаулығының маңыздылығын атап өтіп, егер қоғам сау болса, халық сау дейді. Б.Н. Чумаков (1997) адам денсаулығы, ең алдымен, оның психикалық және физиологиялық қасиеттерін, оңтайлы жұмыс қабілеттілігі мен өмір сүру ұзақтығындағы әлеуметтік белсенділігін сақтау және дамыту процесі екенін атап өтті.

Адам денсаулығы биологиялық және әлеуметтік факторларға байланысты және «қос детерминация» деп айтуға болады. Медицина қаншалықты мінсіз болса да, ол барлық аурулардан арыла алмайды. Ерте жастан бастап белсенді өмір салтын ұстану, қатаю, дене шынықтыру және спортпен шұғылдану, жеке гигиена ережелерін сақтау, бір сөзбен айтқанда, денсаулықтың шынайы үйлесімділігіне қол жеткізу қажет.

Денсаулық сақтау мамандарының айтуынша, әр адамның денсаулығы оның өмір салтына 50 пайызға байланысты. Денсаулықтың бұзылуының қауіп факторлары-қозғалыстың болмауы, теңгерімсіз тамақтану, темекі шегу, алкоголь мен есірткіні қолдану, жұқпалы аурулар, ұйқының болмауы және дұрыс демалудың болмауы. Дене

шынықтыру мен спорттың тұрақты құрамдас бөлігі бола отырып, қозғалыс белсенділігін арттыру денсаулықты сақтауға және нығайтуға оң әсер етеді.

Дене шынықтыру және спорт Мемлекеттік әлеуметтік саясаттың басым бағыттарының бірі, халықты сауықтырудың, балалар мен жастарды азаматтық және патриоттық тәрбиелеудің маңызды құралы болып табылады. Спорт аурулардың алдын алуға және айтарлықтай санын азайтуға ықпал етеді. Спорттың жалпы мәдени функциялары оның басқа әлеуметтік құбылыстармен көпжақты байланыстарының нәтижесінде пайда болады.

Спорт адам денсаулығын нығайтудың, оның физикалық дамуы мен жетілуінің маңызды құралдарының бірі бола отырып, оның рухани әлеміне, оның дүниетанымына, эмоцияларына, моральдық принциптеріне, эстетикалық талғамына айтарлықтай оң әсер етеді, үйлесімді дамыған тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді.

Дене шынықтыру және спорт әлеуметтік, қоғамдық құбылысты білдіреді. Ол экономикамен, рухани өмірмен, қоғамдық құрылыспен, елдің саяси жағдайымен, халықтың жалпы денсаулығымен, дене және рухани денсаулығымен, ел халқының тәрбиесімен, сондай-ақ осы әлеуметтік топпен тығыз байланысты. Дене шынықтыруды қалыптастыру жолы тұтастай алғанда эволюциялық процеске ұқсас. Дене тәрбиесі қоғам мен адаммен бірге өзгеріп дамыды. Табиғат өзгеруде, адамның қажеттіліктері артып келеді. Адам өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі тану қажеттілігін көреді. Адамның осы қажеттіліктерінің арқасында дене шынықтыру пайда болды және дамуда. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, қазіргі уақытта дене шынықтыру қызметі неге бағытталғанын қарастыруға қызығушылық пайда болды.

Оқыту және дамыту, тұлғалық-адамгершілік тәрбие функциясы. Спорт адамға тұлғалық өсу мен даму үшін орасан зор мүмкіндіктер бере алады. Спортшының дене және спорттық жетістіктері ғана емес, сонымен қатар зияткерлік-адамгершілік және эстетикалық жағынан жетілдірілуі де мүмкін. Спортпен шұғылдану үшін адам ерік-жігерге ие болуы, өзін жеңе білуі, тек физикалық қана емес, сонымен қатар елеулі психикалық күш-жігер жұмсауы тиіс. Осылайша, дене шынықтыру сабақтары адамды тәрбиелейді, оны тіршілік үшін маңызды қасиеттер мен дағдыларға үйретеді. Бұдан басқа, спортта және дене шынықтыруда адамның жеке қасиеттерін, оның сипатын тәрбиелеуге және жетілдіруге бағытталған қатынастар қалыптасуы мүмкін. Қазіргі уақытта бұл функция халықтың әскери және еңбек даярлығында пайдаланылады.

Ауылдық жерлерде бос уақыт халық өмірінде маңызды рөл атқарады, демалу, көңіл көтеру және өз мүдделерін дамыту мүмкіндігін береді. Ауылдық жерлерде бос уақытты ұйымдастырудың өз ерекшеліктері бар және әртүрлі факторларды есепке алуды талап етеді. Аталған дәрісте біз ауыл халқының өміріндегі бос уақыттың рөлін, оны ұйымдастыруға әсер ететін факторларды, бос уақытты ұйымдастырудың негізгі нысандарын, сондай-ақ оны ұйымдастыру кезінде кездесетін проблемалар мен сын-қатерлерді қарастырамыз. Біз сондай-ақ мемлекет пен жергілікті органдардың ауыл тұрғындарының бос уақытын ұйымдастырудағы рөлін қарастырып, ауылдық жерлерде бос уақытын табысты ұйымдастырудың мысалдарын келтіреміз.

Ауыл тұрғындарының бос уақытын ұйымдастыру ауылдық жерлерде жайлы және алуан түрлі өмір сүру үшін маңызды міндет болып табылады. Бос уақыт - бұл адамдардың жұмыстан немесе оқудан тыс демалыстың және ойын-сауықтың әртүрлі түрлерімен айналысатын бос уақыты.

Ауылдық жерлерде бос уақытты ұйымдастырудың негізгі мақсаты тұрғындарға өз өмірлерін қызықты және пайдалы іс-шаралармен толықтыруға, өмір сүру сапасын жақсартуға және қоғамдастықтағы әлеуметтік байланыстарды нығайтуға мүмкіндік беру болып табылады.

Ауылдық жерлерде бос уақытты ұйымдастыруға әсер ететін факторлар:

1. Демографиялық факторлар: халықтың саны мен жастық бөлінуі, тұрғындардың әлеуметтік құрамы мен қажеттіліктері.

2. Географиялық факторлар: ауылдық жердің орналасуы, табиғи ресурстар мен көрікті жерлердің болуы.

3. Экономикалық факторлар: тұрғындар табысының деңгейі, ойын-сауық қызметтері мен іс-шаралардың қолжетімділігі мен құны.

4. Әлеуметтік-мәдени факторлар: дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, тұрғындардың мәдени және спорттық мүдделері, мәдени және спорттық мекемелердің болуы.

Ауыл тұрғындарының бос уақытын ұйымдастырудың негізгі нысандары:

1. Спорттық іс-шаралар: спорттық жарыстарды, жаттығуларды, дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыру.

2. Мәдени іс-шаралар: концерттер, көрмелер, театр қойылымдарын, мәдени фестивальдар өткізу.

3. Туризм және экскурсиялар: саяхаттарды, жаяу және велосипедпен серуендеуді, ауылдық жерлердің көрікті жерлеріне экскурсияларды ұйымдастыру.

4. Ойын-сауық іс-шаралары: мерекелер, жәрмеңкелер, ойын және ойын-сауық бағдарламаларын ұйымдастыру.

Ұйымдастыру әдісіне қарай тұрғылықты жері бойынша бұқаралық дене шынықтыру және спорттық іс-шаралардың келесі негізгі түрлерге (жергілікті жағдайлар мен мүмкіндіктерге байланысты) бөлінеді:

1. Спартакиадалар.

2. Ауылдық елді мекендерде аумақтық қағидат бойынша өткізілетін спорт түрлері бойынша жарыстар (мини-футбол, волейбол, стритбол, армспорт, гир көтеру спорты, үстел теннисі және т.б.).

3. Халықтың түрлі топтары мен әлеуметтік топтарына арналған дәстүрлі дене шынықтыру - спорт мерекелері мен бұқаралық жарыстар.

4. Үй ішінде немесе таза ауада шахмат және дойбы турнирлері.

5. Отбасылар арасындағы спорттық жарыстар.

Ауыл жағдайында халықтың бос уақытын ұйымдастырудың өз ерекшеліктері бар. Ауылдық жерлерде негізінен үйірмелер, студиялар шеңберінде немесе үй жағдайында мәдени құндылықтардың кәсіби емес өндірісі жүзеге асырылады.

Ауыл жағдайында халықтың бос уақытын ұйымдастыруға бір-бірімен тығыз байланысты материалдық, әлеуметтік және рухани элементтер әсер етеді. Қоғамдық және жеке пайдаланудың материалдық элементтері ауыл тұрғынының бос уақытын өткізуіне жағдай жасайды; әлеуметтік – адамдардың өмірін реттейтін дәстүрлі және ұтымды нормалар мен ережелерді қамтиды; рухани немесе тұлғалық, ауылдың әлеуметтік құрылымымен байланысты. Барлық элементтердің көріну ерекшелігі бір-бірімен тығыз және тікелей байланыста болатын алуан түрлі әлеуметтік топтар мен қауымдастықтардың өмір сүруінде. Бір аумақта кәсіптік, білім беру, жас, кейде ұлттық қауымдастықтар қызмет етеді. Олардың өзара әрекеті мінез-құлық, белсенділік және қарым-қатынас мәдениетінде көрінетін белгілі бір қиындықтарды тудырады.

Бұқаралық спорттық іс-шараны ұйымдастыру мыналарды қамтиды: жарыстарды дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетін құру; іс-шараны дайындауға және өткізуге қатысатын барлық ұйымдардың функцияларын анықтау; байқауды ұйымдастыру жоспарын әзірлеу.

Ұйымдастыру комитетінің құрамына аумақтық өзін-өзі басқару органының басшысын төраға етіп енгізіп, оның орынбасары болып осы мекемедегі тұрғылықты жері бойынша дене шынықтыру мен спортты дамытуға жауапты тұлғаны (нұсқаушы-әдіскер) тағайындаған жөн (дене шынықтыру және сауықтыру жұмыстары бойынша, қосымша білім беру ұйымының директоры немесе жалпы білім беру ұйымының дене шынықтыру мұғалімі).

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері бола алады: мекеменің қаржы қызметкері; дене шынықтыру және спорт басқармасы органының өкілі; медициналық қызметкер; жалпы білім беру ұйымының директоры; қоғамдық тәртіпті сақтау органдары мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық құрылымдарының өкілдері.

Ұйымдастыру комитетінің функциялары:

— ұйымдастыру комитетінің мүшелері арасында міндеттерді бөлу, клуб басшылығы ұсынған жарыстарды ұйымдастырушылық дайындау және өткізу жоспарын бекіту;

— жоспарланған іс-шаралардың кезең-кезеңімен орындалуын бақылау;

— бұқаралық спорттық іс-шараны дайындауға байланысты туындаған мәселелерді шешуге қажетті көмек пен көмек көрсету;

— жарыс немесе мереке кезінде әртүрлі қызметтерді тікелей басқару;

— іс-шараның ашылу және жабылу салтанатына қатысу, сондай-ақ қорытындыларды шығару кезінде марапаттау материалдарын ұсыну;

— іс-шараның соңында ұсынылған шығыс қаржылық құжаттарын бекіту және байқаудың ең ерекшеленген ұйымдастырушыларын мадақтау.

Бұқаралық спорттық іс-шараны өткізуге дайындық жоспарын тұрғылықты жері бойынша клуб басшылығы жаттықтырушы-педагогикалық құраммен бірлесіп жасайды және келесі бөлімдерді қамтиды: ұйымдастыру іс-шаралары; үгіт-насихат жұмыстары; судьялық және көмекші аппаратпен қамтамасыз ету; қаржы - шаруашылық жұмыс.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ:

1. **Сидоров, С.В.** Инновации в сельской школе: теория и практика управления [Текст]: Монография / Под ред. С.А. Репина. Шадринск: Издво ПО «Исеть», 2006. 266 с.

2. **Сидоров, С.В.** Специфика управления инновациями в сельской школе [Электронный ресурс] / С.В. Сидоров // Вестник института педагогики и психологии: выпуск 4 / под общ. ред. С.А. Репина. – Челябинск : Образование, 2005. – С. 34 –47. – URL: [http://www.lib.csu.ru/vch/5/2005\\_01/2005\\_01.pdf#2](http://www.lib.csu.ru/vch/5/2005_01/2005_01.pdf#2)

3. **Кузьмин, Р.И.** Сельская школа и социум: проблемы взаимодействия и пути решения [Электронный ресурс] / Р.И. Кузьмин, С.В. Кузьмина // Cyberleninka. URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/selskayashkolaisotsiuproblemyvzaimodeystviyaiputiresheniya>

4. **Михеева, Н.Н.** Особенности организации

обучения в малокомплектной школе [Электронный ресурс] / Н.Н. Михеева // Социальная сеть работников образования. – URL:

<http://nsportal.ru/nachalnayashkola/obshchepedagogicheskietekhnologii/2013/04/10/osobennostiorganizatsiiobucheniya>

5. **Леонтьева, Т.Н.** Физкультурно оздоровительная работа с учащимися в разновозрастных группах сельской малочисленной школы [Электронный ресурс]: Дис. ... канд. пед. наук : 13.00.01 / Т.Н. Леонтьева. Ярославль, 2002. 266 с. РГБ ОД, 61:0313/12247 // Библиотека диссертаций. – URL: <http://www.dslib.net/obwpedagogika/fizkulturnoozdorovitelnajarabotasuchawimisjavraznovozrastnyhgruppah.html>

6. **Павлова, И.С.** Обучение в разновозрастных группах учащихся сельской малочисленной школы [Электронный ресурс]: дисс. ... канд. пед. наук : 13.00.01 / И.С. Павлова. Ярославль, 2007. 268 с. РГБ ОД, 61:0713/2496 // Библиотека диссертаций. – URL: <http://www.dslib.net/obwpedagogika/obuchenievraznovozrastnyhgruppahuchawihsjaseskojmalochislennojshkoly.html>

7. Организация спортивно массовой работы [Электронный ресурс] // 4 ступени: клуб учителей начальной школы. – URL: <http://www.4stupeni.ru/lirika/9537organizaciyavneklassejsportivnomassovoj.html>

8. **Полозов, Е.В.** Физкультурно-оздоровительная, спортивно-массовая работа в школе [Электронный ресурс] // Фестиваль педагогических идей «Открытый урок». – Режим доступа: <http://festival.1september.ru/articles/500234/>

9. **Корягина, Л.В.** Туризм в сельской школе [Текст] // Физическая культура в школе. – 2005. № 6. – С. 59–60.

10. **Тюменцев, В.Д.** Преподавание физкультуры в сельской малокомплектной школе [Электронный ресурс] / В.Д. Тюменцев // МКОУ «Бестужевская ООШ». URL: [http://boosch65.ucoz.ru/publ/prepodavanie\\_f\\_ry\\_v\\_selskoj\\_malokomplektnoj\\_shkole/1101](http://boosch65.ucoz.ru/publ/prepodavanie_f_ry_v_selskoj_malokomplektnoj_shkole/1101)



## ОРГАНИЗАЦИЯ СПОРТИВНО-МАССОВЫХ ОЗДОРОВИТЕЛЬНЫХ МЕРОПРИЯТИЙ В СЕЛЬСКОЙ МЕСТНОСТИ

**Данияр Дамир Юрийулы**  
*студент 2 курса.*

**Бимаханов Талант Дуйсенович**  
*PhD, старший преподаватель ОП «Физическая культура и начальная военная подготовка»  
Кызылординский университет имени КORKYT ATA, г. Кызылорда.*

📖 **Аннотация.** Учитывая значение здоровья как главного ресурса устойчивого развития общества, актуальность массовой реабилитации в сельской местности современного мира неоспорима. Целью данного исследования является анализ организации массовых реабилитационных работ в сельской местности и определение эффективных методов и стратегий их проведения. Анализируется опыт и передовая практика организации спортивных мероприятий, физкультурно-спортивных и массовых мероприятий по охране здоровья на селе. В результате исследования были выявлены основные факторы успешной организации массовой реабилитации в сельской местности и даны рекомендации по совершенствованию существующих программ и стратегий. Полученные результаты могут быть использованы органами местного самоуправления, медицинскими учреждениями и общественными организациями для разработки и реализации эффективных мер по охране здоровья сельских жителей.

➔ **Ключевые слова:** массовый спорт, реабилитация, здоровье, спорт, физическое воспитание, село.

## ORGANIZING PUBLIC HEALTH WORKS IN RURAL AREAS

**Daniyar Damir Yuryuly**  
*2nd year student.*

**Bimakhanov Talant Duysenovich**  
*PhD, senior lecturer of the EP Physical Culture and Basic Military Training  
Kyzylorda University named after Korkyt Ata, Kyzylorda.*

📖 **Annotation.** Taking into account the importance of health as the main resource for the sustainable development of society, the relevance of mass rehabilitation in rural areas of the modern world is undeniable. This study is aimed at analyzing the organization of mass rehabilitation works in rural areas and determining effective methods and strategies for its implementation. The experience and best practices of organizing sports events, physical education and sports, and mass events on rural health are analyzed. As a result of the study, the main factors for the successful organization of mass rehabilitation in rural areas were identified and recommendations were made to improve existing programs and strategies. The obtained results can be used by local self-government bodies, medical institutions and public organizations to develop and implement effective measures for the health of rural residents.

➔ **Keywords:** mass sports, rehabilitation, health, sports, physical education, village.

FTAMP 77.01.39

## АТ СПОРТЫНЫҢ ЖАСТАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕ АЛАТЫН ОРНЫ

**Досмамбетов Талғат Аязбайұлы**

*аға оқытушы.*

**Құлманов Руслан Жағыппарұлы**

*аға оқытушы.*

**Қуатбеков Шеризат Ниеталыұлы**

*магистр, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.*

**Есіркепов Жандос Мергенбайұлы**

*педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,*

*Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ.*

■ **Аңдатпа.** Бұл мақалада Қазақстан тарихындағы ат спортының орны, оның жастардың патриотизмін тәрбиелеудегі, адам денсаулығын нығайтудағы, дене қабілеттері мен қозғалыс дағдыларын қалыптастырудағы маңызы егжей-тегжейлі баяндалады. Ұлттық спорт түрлерін зерттеген ғалымдардың ғылыми еңбектеріне талдау жүргізіледі.

→ **Түйін сөздер:** ат спорты, жаттығу, ұлттық ойындар, қазақ батырлары, дене шынықтыру және спорт.

Қазақ ежелден ат құлағында ойнап, кең далада еркін өскен жауынгер халық. Халқымыз атты «Ер қанаты - ат», - деп қастерлеген. Өр жігіттің арманы жүйрік ат, өткір пышақ, сұлу әйел болған. Жүйрік атты әнге қосып, кең даланы басына көтере ән шырқаған. Бұл орайда ер жігітті ерте қартайтатын шабан ат, өтпес пышақ, шайпау әйел екенін де әнге арқау еткен. Осыған абай болуға шақырған. Ат спорты ертеден далалықтардың табиғатқа бейімділігі мен төзімділігін қалыптастырған. Елі мен жерін басқалардан қорғау үшін өз ұрпағын даланың қатал табиғатына бейімдеп, жауынгер етіп тәрбиелеуге ерекше мән берген. Оның бұл қасиеттерін ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық ойындарынан байқауға болады. Қазақ халқының басқалар бұрмалаған салт-дәстүрлік, әдеп-ғұрыптық тарихына ден қоя зерттеген Е.Сағындықов, Б.Төтенаев, Ө.Бүркітбаев, М.Таникеев сынды ғалымдар атбегіліктің, ат спорттының көшпелі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде алатын орны туралы өте жіті зерттеген.

Аталған ғалымдардың пікірінше: «Халықтың қимыл-қозғалысқа негізделген ойындарының басқа спорттық ойындардан басты ерекшелігі - тұрақты жаттығу арқылы бұлшық еттерді дамытуда, дененің әсемдігі мен ширақтығын қалыптастыруда, тәннің шаршауды жеңе білуінде, дененің қимыл-қозғалыстың дәл әрі нақты болуына икемделуінде, адамның күш-қуатының артуында», - деп, ұлт ойындарын жан-жақты талдап, саралап қарастырады. Ертегіден басталған еліктеу қазақтың сан ғасырлардан

бізге дейін жеткен қазақ батырларының ерлігін насихаттайтын жауһар жырлары Қобыланды, Қамбар, Ертөстік, Ертарғын, Алпамыс батыр сияқты жыр-дастандары арқылы талай ұрпақты жан-жақты жетілдіріп, тәрбиелеуде шынайы қызмет атқарды.

Халық әндерінен ертедегі қазақтардың эстетикалық талғамының өте жоғары болғандығы аңғарылады. Ол туралы ғалым Ж.Егізбаев та зерделей білген. Оған мысал ретінде Қобыланды батырдың Тайбұрылын, Қамбар батырдың Қара қасқа атын, Алпамыстың Байшұбарын келтіреді. Ол аттар батырлармен бірге ауыз әдебиетінің эпостарына алтын тінді арқаудай жырмен бірге өріліп, ұрпақтан ұрпаққа жетіп, сан ғасырлар бойы халықты сұлулық пен әдемілікке тәрбиелеп, батырлық пен ерлікке баулып, туған ел мен жерді сүйге, жақсы мен жаманды пайымдай білуге үйретіп келеді. «Қазақ жылқы мінезді халық», - деген сөз де тегін айтылмаған. Жылқы төрт түлік малдың ішіндегі ең тектісі саналады. Демек, ұлтымыз өз ұрпағын шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, әнмен әлдилеп, бесігін жырмен тербетіп, аяғын тәй-тәй басқаннан бастап, ат спорты ойындарына баулып, табиғатқа төзімді, күшті де көркем әрі отансүйгіш болып өсуіне қолынан келгенше бар мүмкіндікті жасап баққан. Сондықтан, мәселенің осы жағына баса көңіл бөлген ғалым Ө.Бүркітбаев ат спортының түрлерін, олардың өзара ерекшелігін жіліктеп түсіндіреді. Мұның өзі бүгінгі ұрпаққа өз ұлтының спорттық тарихын жете білу үшін қажет. Дене тәрбиесі

мен спорттағы ұлттық өмірдегі нақты форманың қаншалықты екенін, демек, сол ұлттың бүкіл тарихи дамуындағы негізгі факторлардың өрімін, сол халықтың өмір өлшемін, дүниеге көзқарасын, мәдени даму деңгейін, ұлтаралық қарым-қатынас өрісін, мәдени байланысын және т.б. арқылы айшықталады. Сонымен қатар, дене тәрбиесіндегі ұлттық ерекшеліктерге табиғи, климаттық-географиялық, өндірістік және басқа да, сондай-ақ этникалық фактор да елеулі әсерін тигізеді. Ж.Егізбаевтың көп жылғы зерттеулерінде дәстүр қаншалықты мықты болса, ұлттық ерекшеліктің соншалықты күшті болатынын көрсетеді. Оған мысал үшін ұлттық ерекшеліктерге бай әрі айқын қазақтың ат спортын алуға болады.

Қоғамдық өмірдегі ұлттық ерекшелік адамдардың барлық қызмет түрі мен саласын түгелдей қамтиды. Професор М.Тәнекеевтің пікірінше, дене тәрбиесінде, спорт пен дене мәдениетін қалыптастыруда, әсіресе, Шығыс халықтарында ұлттық ерекшелік өте айқын аңғарылады. Яғни, дене тәрбиесі мен спорттың шынайы ұлттық өнермен, дәстүрлі музыкалық аспаптармен қоса өрілетінінен байқалады. Кезінде көмескілене бастаған осынау көріністер қазір қайта жаңғырып, жаңа қырынан көріне бастауда. Осынау халық қазынасын қайта парақтап, тарих беттерінде тапталып қалған талай тәрбие, өнеге, мұраларын өмірге қайта жаңғырып келуі ұлттық, халықтық педагогикамыздың мәртебесін биік, мерейін үстем етуде. Халық педагогикасы қазақ халқының өмір салтында жеке дара ілім ретінде оқшауланып дараланбаған. Оның есесіне кіндік қаны қазақ топтырағына тамған әрбір қазақ, тәрбие мен тәлімге өнер, сөз құдіретін шебер пайдалана білген. Батыр бабалардың бойынан зор тұлғанының ақыл-парасаттылық, алып күштің, ерен-ерліктің көріністерін көруге болар еді. Қазақ батырды көріп тұлғаны, зерделіні көріп шешенді, өнегеліні көріп көргендіні, өнерліні көріп шебер болуға ұмтылып, құлшынған және мұның бәрі қазіргідегідей мектеп, оқу орындарындағы лекциялық, семинар, зертханалық, дәрісханалық сабақтар арқылы жүзеге аспай күнделікті қарапайым тұрмыстық жағдай және тікелей еңбекке араласу барысында қалыптасып, жетіліп отырған.

Баланы жастайынан атқа отыруға тәрбиелеу, дене тәрбиесі мен спортқа жете мән беріп, оның жан-жақты жетілген, күшті әрі алғыр болып өсуіне баса көңіл бөлген. Қазақ дәстүрінде әрбір той-думан, әзіл-оспақтың, ойын-сауықтың, аталы сөздің жай-жапсарына, мән мағынасына, тәрбиелік мәніне үнемі назар аударып отырған. Күнделікті өмірде мал шаруашылығымен және аң аулаумен айналысу дене тәрбиесімен шұғылдануға міндеттейтін, сондықтан да салт атпен жүру, садақ тартумен өте ерте кезден айналысуға

мәжбүр болатын. Қазақ - адам тұрмақ, мал екеш малды да будандастыруды ақылмен істеген халық [1]. Бұл ұлттың ұлттық қасиетін, қанын, тегін таза сақтауға байланысты айтылған пікір. Бұл сол кездегі өмірдің талабы еді. Бұл орайда Б.Төтенаев тарихшы Геродоттың мұраларына сүйенеді. Геродот кезінде сақтар тәрбиесі туралы «сақтар 5 жастан бастап 25 жасқа дейін балаларды тек қана үш нәрсеге үйретеді: салт атпен жүруге, садақпен атуға және шындыққа» [2]. Ертедегі ұлы қолбасшылардың бірі - Александр Македонский Орта Азияда болғанда, күміс алу ойыны арқылы жауынгердің бойында ертеде мықты отыруын, жылдамдық пен шалттықты, атты басқару қасиеттерін жетілдіретінін жіті байқаған. Бұл ойынды ертедегі Римнің цирк ойындарының бағдарламасына арнайы енгізген [3]. Қазақтың «Көкпар», «Қыз қуу», «Аударыспақ», «Теңге алу», «Жаяу жарыс», «Қаппен жарыс», «Түйе палуан» жарыстарына қатысу арқылы ептілік, күштілік, шапшаңдық, икемділік, шыдамдылық, тапқырлық, алғырлық сияқты дене қасиеттері және ақыл-ой қабілеттері қалыптасып отырған. Бұл ойындардың жеңімпаздарына атан түйе, ат мінгізіп сый көрсеткен. Бір ерекшелігі ойын-сауықтарға қатысу, тамашалау жөнінде, жасқа шек қойылмаған. Мұның өзі жастарды ересектер іс-қозғалысына еліктеп тез есейіп, етек жиюды қамтамасыз еткен. Үлкендер өнеріне қайран қалып тамсанған. Құштарлығын ұштаған.

Қазақ жастары жиын тойларда, ойын-сауықтарда тек өнерлі ғана емес, өнегелі болуға да ұмтылған. Естігендерін, көргендерін құлақпен естіп, санамен тоқып, жадына сақтаған. Соған қарағанда, халқымыз ат жарысына аса үлкен мән беріп отырған және бәйге аттарын алдын-ала жаратуға жете көңіл бөліп отырған. Ат жаратуды өз ісін жете білетін көнегі атбегілер атқаратын болған. Атбегілер сәйгүліктің қасиет-сырын, күш-қайратын, шама-шарқын өзінің бес саусағындай білген. Олар өздері білетін тәжірибесін аса құпия етіп ұстаған. Бұл пікір туралы кейбір авторлар «атты жаратуын, жарысқа дайындауын, күтіп-баптауын тәжірибелі аңшылардай өте құпия ұстап, ешкімге білдірмеген» деп дұрыс айтады. Атағы шыққан сәйгүлік немесе жүлде алған арғымақтар өте жоғары бағаланып, бағасы қымбат болған. Мәселен, әйгілі сәйгүлікті ұрлағаны үшін ат-тон айыбын, бес жасар атпен қоса, сол сәйгүліктің алғашқы бәйгесіндегі жүлдесін қоса түгел толық төлеген. Кінәлі адамның белгілі арғымақты ұрлағаны үшін айып мөлшері сол кездегі айыптың ең үлкен санына дейін жеткен. Осы айыптың түрі қазақтарда өте көп байлықтан тұрған, оның ішіне түйелер, жылқылар, ірі қара малдар және т.б. түрлері кірген [4]. Ғалым мұндай ұлттық ойындар қатарында ат бәйгесі, арқан тарту, тең көтеру, бүркіт салу, теңге алу сияқты ойын түрлерін

нақты мысалға келтіреді. Келе-келе қазақтың ұлттық ойыны қыз қуудың жаңа бір түрін қырғыз ағайындар ойлап тапты. Ол ойын түрі - қыз жарыс деп аталады. Бұл спорт түрі қазіргі кезде Қазақстан мен Орта Азияның басқа да республикаларында дамып келеді. Оны ғалым да жіті байқаған. Бұл ойын елімізде әлі күнге дейін кеңінен тараған. Ол ойын ережелері соңғы жылдары қайта қаралып, халықаралық дәрежедегі ойындар қатарына енгізілді. Ол ойын ережелерін жетілдіруге кезінде ғалым М.Тәнекеев те айтарлықтай үлес қосты. Бұл ойынды бүкілодақтық ат спорты ойындарының бағдарламасына енгізілуіне ұйытқы болды. Бұл ойын да қанатын кеңге жайған. Ол спорт түрімен Қазақстанмен қатар Қырғызстан, Өзбекстан республикаларында айналысады.

М.Тәнекеев қыз қуу спортының ұлтаралық спорт түріне айналғанына нақты мысал келтірген. Онда 1966 жылы ұлттық спорт түрлерінен Алматы ипподромында өткен республикалық біріншілікте қыз қуудан орыс жігіті мен украин қызының республика чемпионы болғанын айтады [5]. Қазіргі таңда айтып өткеніміздей көкпар ойынында түрлі ұлттың көкпаршылары кездеседі. Атап айтсақ «Астана» командасынан ағайынды Купенько, Кимдер түрлі додаларда команда намысын бөлісіп жүр. Кеңес өкіметі кезінде әйелдерді де ат спортымен айналысуға тарту мәселесі сөз болған. Қыз қуу ойынынан көшпелі өмір кешкен халқымыздың эстетикалық-рухани талғамы мен құштарлығын айқындайтын салты мен дәстүрінің көрінісін көргендей әсерге бөленеміз. Қазақтың күміс алу ойыны кейбір жерлерде теңге алу деп те аталады. Бұл ойын революцияға дейінгі Қазақстанда көпшілік өте сүйсініп қызықтайтын ұлттық ойындардың бірі болған. Бұл ойын осы кезге дейін жалғасып келеді. Ол ұлттық ойын ретінде бүкілқазақстандық спартакиада бағдарламасына енгізілген. Алайда, ғалым Тәнекеев бұл ойын ережесін қайта қараған жөн деп есептеген. Неге? Себебі, уақыт бір орында тұрмайды. Демек, ұлттық спорт түрлерін де одан әрі дамытып, жетілдіріп отыру қажет. Оған жаңа элементтер енгізіп, ойынның қызықты да тартымды өткізілуін ойластырып, ойын ережесін қайта қарап, оны жастарымыздың бойындағы жақсы қасиеттерді қалыптастыруға жете пайдалану керек.

Қазақтың ұлттық ойындарының бірі - көкпар. Бұл ойын бүгінде Қазақстанмен бірге Орта Азиядағы басқа елдерге де ортақ ат спорты ойыны болып табылады. Көкпар ойыны - ғасырдан ғасырға ілесіп, ұлтымызбен бірге жасасып келе жатқан ойын. Ол - ерлік пен батылдыққа, шапшаңдық пен шалттыққа, ат спортын жете меңгеруге баулитын ежелгі ұлттық ойын. Оның шығу тарихы туралы Ж.Егізбаев былай деп жазады «Көкпар» сөзі «Көк бөрі» дегенді білдіреді. Қазақ ежелден қасқырды бөрі деп атаған. Ерте кезде қасқырлар мал

шаруашылығына елеулі зиян келтірген. Малды қорғау үшін батыл жігіттер атпен шығып, қасқыр аулауды кәсіп ететін болған. Қасқырды сілейте ұрып, оны көкпар қылып тартқан. Кейін келе қасқырдың орнына ешкі тартатын ұлттық ойын ретінде қалыптасқан [6]. Бұл ойын елімізде әлі күнге дейін кеңінен тараған. Ол ойын ережелері соңғы жылдары қайта қаралып, халықаралық дәрежедегі ойындар қатарына енгізілді. Ол ойын ережелерін жетілдіруге ғалым М.Тәнекеев те айтарлықтай үлес қосты. Бұл ойынды бүкілодақтық ат спорты ойындарының бағдарламасына енгізілуіне ұйытқы болды [7]. Әйтсе де ғалым М.Тәнекеев бұл ойынды одан әрі жетілдіре түсудің қажеттігін үнемі алға тартып отырған. Бұл спорт та оның ұлттық ерекшелігін сақтай отырып, оны одан әрі жетілдіре түсу шаралары көрілуін ескерткен [8].

Қазір ат жарыстары ат спортының мерекесі заманның талабына талабы сай ипподромдарда (ат шабарларда) өткізіледі. Айтарымыз - ипподромдарда тек облыс орталықтарында ғана емес, барлық аудан орталықтарында, үлкенді-кішілі елді мекендерде салынса дұрыс болар еді. Сонымен қатар, ат шабар алаңдары бір жобада, бір стандартта болуы тиіс. Ең басты кемшілік ұлттық ат ойындарымыздың беделі төмендей бастады. Осы жағдайларды ескерген А.Құлназаров, Е.Қанағатов, Қ.Нуртазинов, К.Әбішев, Н.Кикебаев сынды ұлт жанашырлары тізе қосып, 1996 жылдың 1-ші наурызында Алматы қаласында Қазақ атбегілерінің тұңғыш Құрылтайын өткізуге мұрындық болды. Конференцияда Ұлттық Ат спорты ойындарының Ережелері қабылданып, заңды түрде бекітілді. Қызылорда облысында 2002 жылдың басында ат спортына ден қойды. Қазіргі таңда облыс әкімі Н.Нәлібаевтың қолдауымен ат спорты өз деңгейіне көтеріліп келе жатыр. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың қолдауымен 2024 жылы Дүниежүзілік көшпенділер ойындары Қазақ елінде өткізу туралы шешім қабылданды. Қазіргі таңда кіші Олимпиада саналатын көшпенділер ойындарын жоғары деңгейде өткізу бағытында кешенді бағдарлама қабылданып, көптеген іс-шаралар бойынша жұмыстар жүргізілуде. Дүниежүзілік көшпенділер ойыны осымен 4-ші рет өткізіледі. Бұл ойындар құрамына «Көкпар», «Аударыспақ», «Асық ату», Жамбы ату», «Қазақ күресі», «Белбеу күресі», «Теңге ілу», «Садақ ату», «Тоғызқұмалақ» сияқты ұлттық спорт ойындары кіреді деп жоспарлануда. Қазіргі таңда осы спорт түрлері бойынша қатысатын команда мүшелері іріктеліп, қызу дайындықтар жасауда. Ұлттық спорт түрлерінің өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуде алатын орны айрықша. Ұлттық спорт түрлерін дамыту Қазақстанда тұратын халықтардың достығы мен өзара түсіністігін нығайту жұмысында үлкен рөл атқарады.

- ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ:**
1. **Төлешұлы З.** Өзімдікі тұрғанда өзгенікін қайтейін. Ана тілі. 14.07.1994
  2. **Сағындықов Е.** Қазақтың ұлттық ойындары. - Алматы, 1991. - 256 б.
  3. **Бүркітбаев Ә.** Қазақтың ұлттық спорт түрлері. - Алматы, 1986. - 90 б.
  4. **Төтенаев Б.** Қазақтың ұлттық ойындары. - Алматы, 1991. - 158 б.
  5. **Таникеев М.** От байги до олимпиады, Алматы-1989 г., 29-бет.
  6. **Егізбаев Ж.** Ұлттық ұстынды жоғары ұстайық // Республикалық конференция материалдары. - Қызылорда, 2022. - 452 б.
  7. **Таникеев М.** От байги до олимпиады. – Алматы, 1983, - 194 б.
  8. **Таникеев М.** Казахские национальные виды спорта. - Алма-Ата, 1957. - 29 б.

## МЕСТО КОННОГО СПОРТА В ВОСПИТАНИИ МОЛОДЕЖИ

**Досмамбетов Талгат Аязбаевич**  
*старший преподаватель.*

**Кулманов Руслан Жагыппарович**  
*старший преподаватель.*

**Куатбеков Шеризат Ниеталиевич**  
*магистр, Кызылординский университет имени Коркыт Ата.*

**Есиркепов Жандос Мергенбаевич**  
*кандидат педагогических наук, доцент,  
Международный университет туризма и гостеприимства, г. Туркестан.*

☰ **Аннотация.** В данной статье подробно раскрывается место конного спорта в истории Казахстана, его значение в воспитании патриотизма молодежи в укреплении здоровья человека, формировании физических способностей и двигательных навыков. Проведен анализ научных трудов ученых, изучавших национальный спорт.

⇒ **Ключевые слова:** конный спорт, тренировки, национальные игры, казахские герои, физическая культура и спорт.

## THE PLACE OF EQUESTRIAN SPORTS IN THE EDUCATION OF YOUNG PEOPLE

**Dosmambetov Talgat Ayazbaevich, Kulmanov Ruslan Zhagipparovich,  
Kuatbekov Sherizat Nietalievich**  
*Korkyt Ata Kyzylorda University.*

**Yessirkepov Zhandos Mergenbavich**  
*International University of Tourism and Hospitality.*

☰ **Annotation.** This article reveals in detail the place of equestrian sports in the history of Kazakhstan, its importance in the education of youth patriotism in strengthening human health, the formation of physical abilities and motor skills. The analysis of scientific works of scientists who studied national sports will be carried out.

⇒ **Keywords:** equestrian sports, training, national games, Kazakh heroes, physical education and sports.

FTАМП 77.01.39

## БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ ПРОБЛЕМАЛАРЫН ТАЛДАУ

Измаханова Мейрамгүл Ахметқызы, аға оқытушы, Сихымов Ғалым Битімбайұлы, аға оқытушы, Нұрпейісов Бақытжан Ибракимұлы- аға оқытушы, «Болашақ» университеті Семенченко Ольга Ивановна- жоғары санатты мұғалім, Қызылорда «Orda» жоғары колледжі, Қызылорда қаласы

■ **Аңдатпа.** Бұл мақалада дене шынықтыру және спорт индустриясының қазіргі жағдайы және статистикалық мәліметтерге негізделген бұқаралық спортты жақсарту жолдары сипатталған. Сонымен қатар, басқа да ғылыми жұмыстарды зерделеу негізінде Қазақстанда бұқаралық спортты дамытудың негізгі проблемалары талданады. Сауалнама жүргізу арқылы спортпен айналысқысы келетіндердің үлесі және соңғы үш жылда қай спорттың дамуы және олардың себептері анықталады. Спорт түрлерін дамытудағы кедергілерді көрсететін бірқатар шешімдер енгізіліп, оларды дамыту стратегиясы талқыланды.

Осыған байланысты жасөспірімдер мен қызметкерлер арасында бұқаралық спортты дамыту бойынша бірқатар ұсыныстар мен іс-шаралар ұсынылды.

→ **Түйін сөздер:** статистикалық талдау, бұқаралық спорт, спорт секциялары, сауалнама, спорт және дене шынықтыру.

**Негізгі қағидасы.** Бұқаралық спорттың көмегімен жас ұрпақтың дене дамуы мен дене тәрбиесі жүзеге асырылады. Бұқаралық спорттың мақсаты- дене шынықтырумен және спортпен шұғылданғысы келетіндердің барлығына мүмкіндік беру. Ол үшін белсенді сабақтарға және белсенді демалысқа барлық ниет білдірушілер тартылады. Адамның дене шынықтыруының ажырамас бөлігі, сонымен қатар дене тәрбиесінің құралы мен әдісі бола отырып, бұқаралық спорт жеке және әлеуметтік мәселелерді шешуге көмектеседі.

Оқушы жастардың денсаулығына қамқорлық жасау мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады, өйткені дене шынықтыру мен спорт қоғамның дамуында, оның физикалық және рухани денсаулығында маңызды рөл атқарады.

Мұндай міндеттерді шешу үшін қазіргі жастар үшін тартымды және қолжетімді болу үшін бос уақыт салаларын қалыптастыру, салауатты өмір салтын ұстануға және бұқаралық дене шынықтыру мен спортпен шұғылдануға беделді көтеру, сол арқылы өзін-өзі жүзеге асыруға кең мүмкіндіктер беру қажет. Мектеп жылдарында да жастардың едәуір бөлігі бұқаралық спорт элементтеріне, ал кейбір спорт түрлерінде, тіпті мектепке дейінгі жаста да қосылады [1, с. 245–246]

**Кіріспе.** Спортты дамыту үшін бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі механизмін белсендіру және спорт нысандарын салуға және спорт саласын қаржыландыруға қаржы кәсіпорындарын тарту қажет. Спорттың, оның ішінде елеулі спорттық жетістіктердің дамуы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық ілгерілеуіне де байланысты.[2]

Мемлекет тарапынан спорт саласына тиісті деңгейде қолдау көрсетілсе, спортшылар абыроймен жаттығып, жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізеді. Керісінше, спорттың даму деңгейінің төмендігі және халықтың дене шынықтыруға немқұрайлылығы экономикалық өрлеуге кері әсерін тигізуі мүмкін. [3]

Әрине, мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға дені сау, жан-жақты дайындалған халық ең көп үлес қосады. Демек, бұқаралық спорт бүгінгі Қазақстан қоғамының дамуы мен ұлттық стратегиялық мүдделерге қол жеткізу үшін қажет.[4]

Зерттеудің мақсаты. Бұқаралық спортты дамыту мақсатында спорт ұлтымыздың өсуі мен дамуын қамтамасыз ету үшін қажетті бағыт болып табылатынын анықтау үшін зерттеулер жүргізілді. Осы зерттеу жұмыста көздеген мақсатымыз:

– бұқаралық спортты дамытудың негізгі проблемаларын талдау;

– бұқаралық спортты дамыту жолдарының анықтау;

Қойылған мақсаттардан мынадай міндеттер туындады:

– Қазақстанда дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысатын азаматтар санының артуы;

– спорт клубтарының санын көбейту арқылы дене тәрбиесі жүйесін жаңғырту және білім, беру ұйымдарында бұқаралық, балалар-жасөспірімдер, мектеп және студенттік спортты дамыту;

– азаматтардың дене дайындығы деңгейін және өмір сүру ұзақтығын арттыру.

Зерттеу әдістері мен ұйымдастырылуы. Бұл зерттеуде Қызылорда облысында жүргізілген зерттеу нәтижелерімен бөлісеміз. Зерттеуде

статистикалық және эмпирикалық әдістер қолданылды, мақаланың мақсаттары мен міндеттерін шешу үшін жан-жақты зерттеуді қажет етті.

Статистикалық әдіс: Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйекте «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: «іс-қимыл кезеңі» жолдауындағы тапсырмасын орындау мақсатында Қызылорда облысында спортшылардың спорттық әлеуетін арттыру бойынша келесі жұмыстар атқарылды. Бұқаралық спортты дамыту жолында жарыстарды өткізумен қатар әр ауданда спорт клубтарын құру жобасы әзірленген. Бүгінгі таңда Қызылорда облысында 2020 жылдан 2023 жылға дейін 24 клубтар ашылған. Клубтарда жасөспірімдердің қатысу саны 17174 және жоғары жетістіктер спортындағы спортшылар саны 27990 құрады. (1-сурет)



1 сурет – Спортшылар саны

Бұқаралық спорт бүгінгі таңда кәсіпкерлік қызметтің кең саласына айналды, бүгінгі таңда облыста фитнес залдардың саны 9, спорттық ғимараттардың саны 2235 құрады.

Сонымен қатар, облыста бұқаралық спортты дамыту барлық жастағы және санаттағы азаматтардың дене және ерік қасиеттерін дамытуға және денсаулығын жақсартуға, дене шынықтырумен жүйелі түрде айналысуға және бұқаралық спорттық іс-шаралар мен жарыстарға қатысуға бағытталған. [5] Ол келесі спорт түрлерін қамтиды:

- мектеп-студенттік спорт;
- кәсіптік-қолданбалы (немесе жұмысшы) спорт;
- мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған спорт;
- ардагерлер спорты;
- ұлттық спорт;
- туристік спорт.

Сонымен қатар, дене шынықтыру және спорт саласы облыстық бюджет шығыстарының жеке маңызды негізі болып табылатынын, оны іске асыруға бөлінетінін қаражат жайлы айта кеткен жөн. Бүгінгі таңда мемлекеттік - әлеуметтік тапсырыс шеңберінде бұқаралық спортты дамыту үшін 2023 жылы жергілікті бюджеттен 132 млн. теңге бөлінген.

Осыған орай, бүгінгі күні облыста дене шынықтыру және спортпен шұғылданушылардың үлесі 39 %-ды немесе 328 957 адамды құрады. Соңғы 3 жылда, облыста спортты серік еткен тұрғындар саны 3,8 %-ға өсті.

1-кесте Жасөспірімдер және жоғары жетістіктер спортындағы спортшылар санының көрсеткіші

№	Аудан	Спорт түрі			Барлығы
		Ұлттық спорт түрлерімен айналысатын адамдар саны	Олимпиадалық спорт түрлерімен айналысатын адамдар саны	Олимпиадалық емес спорт түрлерімен айналысатын адамдар саны	
1	Жаңақорған ауданы	2111	20168	2571	24850
2	Қазалы ауданы	2331	13993	2159	18483
3	Қармақшы ауданы	2507	10473	2868	15848
4	Сырдария ауданы	2109	9948	2806	14863
5	Шиелі ауданы	238	1339	685	2262
6	Қызылорда қаласы	7075	58504	23984	89563
7	Арал ауданы	1920	18300	4657	24877
8	Жалағаш ауданы	1547	6825	1550	9922
	<b>Қорытынды</b>	<b>19838</b>	<b>139550</b>	<b>41280</b>	<b>200668</b>



2-сурет – Спорт түрлеріне қатысу пайызы

Жоғарыда келтірілген № 1 кестеде мәліметтерге байланысты облыста әуесқой спорт түрлерімен айналысатындардың саны 128 289 адам екендігі анықталды.


Ойын спорт түрлері (баскетбол, волейбол, футбол, гандбол, хоккей) есебінен жаппай қатысудың сандық көрсеткіштерінің өсуі туралы айтылуы керек, атап айтқанда жекпе жек сияқты спорт түрлері де жаппай қарқын алуда, ал 2029 жылға дейін ұлттық спортты дамыту жолында бірнеше шешімдер мен жобалар қарастырылды.

Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында, Қызылорда облысы бойынша 2023 жылында 1322 іс-шара өтті, оларға 123 367 облыс тұрғындары қатысты.

Бұқаралық спортты дамыту барысында облыста жыл сайын барлық жас ерекшеліктері бойынша спорттық іс-шаралар күнтізбесі жасақталды. Сонымен қатар, жыл сайын дене шынықтыру ұжымдарының қатысуымен «Президенттік сынамалар» айлығын тапсыру дәстүрге айналды.

Өткен жылғы Президенттік тестілеудің нәтижесі төмендегідей болды:

қатысушылар саны 203 650, 810-ы президенттік деңгейді орындады; 3 325-і ұлттық деңгейді және 4 818-і бастапқы деңгейді орындады. (3-сурет)



3-сурет – Президенттік тестілеудің нәтиже көрсеткіші

Бұқаралық спортты дамыту бағдарламасында 2023 жылдың соңғы айларында жоғары жетістіктер спортындағы көрсеткіштер мынадай:

— 671 спортшыға «Спорт шебері» разряды берілген;

— 320 спортшыға «1 спорттық разряд» берілген, «Спорт шеберіне үміткер» разряды 921 спортшыға берілген, біліктілігі жоғары деңгейдегі I санатты 9 жаттықтырушы алған, біліктілігі I санатты 11 спорт төрешілер бар екені анықталды. Сондай-ақ осы үш жылда Қызылорда облысының 27 жаттықтырушысы бірінші санатқа ие болғанында анықталды.

Эмпирикалық әдіс: Спорттың профилактикалық құндылығы салауатты өмір салтын қалыптастыратын факторлардың бірі ғана. Спорттан басқа, адам денсаулығына қоршаған орта жағдайлары, тамақтану және қоректік заттардың сапасы, жаман әдеттердің болуы, өмір сүру деңгейі, тұқым қуалаушылық және т. б. әсер етеді.[6]

Ғылыми-техникалық революция адамның өмір салтына прогрессивті құбылыстармен қатар бірқатар қолайсыз факторларды, ең алдымен гиподинамия мен гипокинезияны, жүйке және физикалық шамадан тыс жүктеме, кәсіби және тұрмыстық стресстерді әкелді. Осыған орай «дене шынықтыру-сауықтыру» саласында жеке және қоғамдық мүдделер неғұрлым жақын және теңдестірілген екенін ескере отырып, бүгінде қоғамда дене шынықтыру мен спорттан басқа, дене шынықтырумен дамыған, есі дұрыс, позитивті және дені сау адамдарды дайындауға мүмкіндік беретін басқа құралдар жоқ екенін атап өткен жөн.[9,10] Осының бәрін ескере отырып, осы теорияның негізінде гипотезалар ұсынылды, ұсыныстар мен оларды шешу жолдары айтылды.

Ұлыбританияның, Австралияның және Қытайдың бұқаралық спортты дамыту бойынша жүргізген зерттеулерінің нәтижелеріне сүйене отырып, келесі дәлелдерді келтірдік:

Біріншіден, бұл спорт нысандарының саны, олардың ауданы мен спортпен айналысатындар саны арасында тікелей байланыстың бар екенін көрсетеді. Спорттық нысандардың болуы ғана емес, олардың адамдар үшін көліктік қолжетімділігі де маңызды. Сондықтан бұқаралық спортты дамыту бағдарламаларын жасағанда, ең алдымен, қандай спорт нысандары бар, олардың жергілікті тұрғындарға қаншалықты қолайлы екенін саралау қажет.[11,12] Сонымен қатар, салынып жатқан спорт ғимараттарының номенклатурасын дұрыс анықтау үшін ең танымал спорт түрлері туралы ақпаратты басшылыққа алу қажет.

Гипотезаға сүйене отырып, бұқаралық спорттың дамуына әсер ететін факторлар анықталды:

1. спорт индустриясын қаржылық және кадрлық қолдау;
2. инфрақұрылымды қамтамасыз ету;
3. ірі спорттық жарыстар өткізу;
4. отандық спортшылар мен командалардың спорттық жетістіктерінің болуы;
5. салауатты өмір салты мен спортты насихаттау.



Біздің стандартты статистикалық әдісімізде қолданылған деректерді дәл талдау эмпирикалық зерттеудің дұрыстығын анықтау үшін келесі факторлардың маңызды екенін көрсетті:

Бірінші. Әлемдік және ұлттық экономиканың жағдайы.

Спорттық жобалар, ең алдымен, экономикадағы кез-келген ауытқулар кезінде қаржыландыру азаятындардың қатарына жатады, бұл нәтижелерге сәйкесінше әсер етеді.

Екінші. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы:

\* демографиялық көрсеткіштер (әр түрлі жас топтарының пайызы, олардың ұлты, туу коэффициенті, өлім-жітім және т. б.);

\* халықтың табыс деңгейі;

\* инфляция;

\* жұмыссыздық;

\* негізгі капиталға инвестициялар.

Гипотезаға сәйкес, экономикасы мықты және әлеуметтік саласы дамыған, жастардың жоғары үлесімен сипатталатын бай аймақтардың бұқаралық спортты дамытуға көбірек мүмкіндіктері бар екендігі анықталды.

Үшінші. Тарихи анықтама.

Спорттық жеңістердің бай тарихы бар аймақтар спорт индустриясын дамытуда жақсы нәтижелерге қол жеткізуде.[13]

**Қорытынды.** Спортқа жаппай қатысуды арттыру жөніндегі жұмысымыздың нәтижелері бойынша біз кейбір мәселелерді анықтап, оларды шешу жолдарын ұсындық.

1. ашық ауада (стандарттарға сәйкес) ашық, қолжетімді (тегін) спорт ғимараттарын, футбол алаңын, жеңіл атлетикалық манеждерді, гимнастикалық құрылыстарды салуды қарастыру;

2. барлық мемлекеттік, мемлекеттік емес және коммерциялық ұйымдарды, кәсіпорындарды өз қызметкерлеріне аптасына 2-3 рет спортпен шұғылдандуды қамтамасыз етуге міндеттеу;

3. «Өрлеу» біліктілікті арттыру институтымен ынтымақтастықта «пилоттық жоба» көмегімен ұлттық спорт түрін (тоғыз құмалақ) жаппай дамытуды іске асыру жоспарланды;

4. орта мектептер мен лицейлердегі спорт залдарының санын көбейту;

5. ақпараттық блок - бұқаралық ақпарат құралдары арқылы дене шынықтыру мен спортты насихаттау жөніндегі іс - шаралар кешенін іске асыруды көздейді: теле-және радио хабарларын тарату, білім беру-ағартушылық сипаттағы әлеуметтік желілер, салауатты өмір салты туралы айдарлар, азаматтардың дене жаттығуларымен айналысу қажеттілігін қалыптастыратын, гигиена, тамақтану режимі, арттыратын материалдар жариялау.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ:

1. **Визитей Н. И.** Физическая культура и спорт как социальное явление.

Философские очерки. Кишинев: Штиинца, 1986

2. **Шепетюк М. Н., Зауренбеков Б. З., Тен А. В.** «Дене шынықтыру және бұқаралық спорт түрлерімен айналысуды ұйымдастыру», Оқу-әдістемелік құралы/ — Алматы : Smart University Press, Kazakh Academy of sport and tourism, 2023. — 296 с. — ISBN 978-601-80935-3-1. Цифровой образовательный ресурс IPR SMART : [сайт]. — URL: <https://www.iprbookshop.ru/133625.html> (дата обращения: 12.12.2023).

3. **Сыдыков Н. Т.** «Өнерлік деңгейдегі спорттық-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру және оларды басқару» Диссертация/ - Алматы, 2022-1346. - ЭОЖ: 378.018.8:658.2:796.035.062(574)

4. **Сәлімов Б. Б.** «Бұқаралық дене шынықтыруды дамыту тұрғындарды жүйелі спортпен қамтамасыз етудің шарты ретінде» Диссертация/- Алматы, 2023-1456. <https://repository.apa.kz/bitstream/handle/123456789/1127> [Электрондық ресурс] қолжетімділік режимі(өтініш берген күні 12.12.2023)

5. Бұқаралық спорт-ұлт денсаулығының кепілі <https://egemen.kz/article/12913-buqaralyq-sport-densaulyghynynh-kepili> [Электрондық ресурс] қолжетімділік режимі (өтініш берген күні 06.12.2023)

6. **Дудко А. В.** «Значение физической активности в онтогенезе человеческого бытия», Научно-образовательный журнал для студентов и преподавателей «Stud Net» №10/2020, УДК 796/799 DOI: 10.24411/2658-4964-2020-10257, Ханты-Мансийского автономного округа — Югры 2020г.

7. **Попов В. С.** Физическая культура и спорт как факторы формирования здорового образа жизни. Диссертация г.Новочеркасск,2004.УДК 316

8. **Власов А.Е., Зеленков Ю. А., Солнцев И. В.** Монография 2018, ISBN: 9785392272327 «Развитие массового спорта в современной России».

## АНАЛИЗ ОСНОВНЫХ ПРОБЛЕМ РАЗВИТИЯ МАССОВОГО СПОРТА

**Измаханова Мейрамгүл Ахметқызы**  
*старший преподаватель.*

**Сихымов Ғалым Битімбайұлы**  
*старший преподаватель.*

**Нұрпейісов Бақытжан Ибракімұлы**  
*старший преподаватель, Университет «Болашак».*

**Семенченко Ольга Ивановна**  
*учитель высшей категории, Кызылорда Высший колледж «Orda», г. Кызылорда.*

☰ **Аннотация.** В этой статье описывается текущее состояние индустрии физической культуры и спорта и способы улучшения массового спорта на основе статистических данных. Кроме того, на основе изучения других научных работ проанализированы основные проблемы развития массового спорта в Казахстане. Путем анкетирования определяется доля желающих заниматься спортом и какие виды спорта развиваются в ближайшие три года и их причины. Внедрен ряд решений, отражающих барьеры в развитии видов спорта, обсуждена стратегия их развития.

В связи с этим был предложен ряд решений и мероприятий по развитию массового спорта среди подростков и сотрудников.

⇒ **Ключевые слова:** статистический анализ, массовый спорт, спортивные секции, опрос, спорт и физическая культура.

## ANALYSIS OF THE MAIN PROBLEMS OF THE DEVELOPMENT OF MASS SPORTS

**Izma Khanova Meiramgul Akhmetovna, Sikhimov Galym Bitimbaevich,**  
**Nurpeisov Bakhytzhhan Ibragimovich**  
*Bolashak University in Kyzylorda.*

**Semenchenko Olga Ivanovna**  
*Kyzylorda higher college» Orda», Kyzylorda.*

☰ **Annotation.** This article describes the current state of the physical culture and sports industry and ways to improve mass sports based on statistical data. In addition, based on the study of other scientific works, the main problems of the development of mass sports in Kazakhstan are analyzed. Through the survey, the proportion of those who want to play sports and which sports have developed over the past three years and their reasons are determined. A number of solutions were introduced that reflect obstacles to the development of sports, and a strategy for their development was discussed.

In this regard, a number of proposals and activities for the development of mass sports among teenagers and employees were proposed.

⇒ **Keywords:** statistical analysis, mass sports, sports sections, survey, sports and Physical Culture.

МРНТИ 77.03.15

## СПЕЦИФИКА ПРОВЕДЕНИЯ СОРЕВНОВАНИЙ В ТВОРЧЕСКОМ ВЫСШЕМ УЧЕБНОМ ЗАВЕДЕНИИ

**Коваленко Галина Викторовна**

*доцент кафедры физической культуры.*

**Журавлев Вадим Николаевич**

*доцент кафедры физической культуры.*

**Есенбаева Раушан Кабышкеновна**

*преподаватель физической культуры школы-интерната и колледжа,  
Казахская Национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова, г. Алматы.*

■ **Аннотация.** В статье дается описание специфики проведения учебных занятий по физической культуре в творческом вузе. Особое внимание уделено организации и проведению соревнований по видам спорта. Наряду с соревнованиями по традиционным видам спорта, в академии проводятся соревнования по национальным видам, которые пользуются популярностью у студентов и являются частью национальной культуры казахского народа. Предложен годовой план спортивно-массовых мероприятий в Казахской Национальной академии искусств имени Темирбека Жургенова.

→ **Ключевые слова:** учебная программа, физическое воспитание, учебный процесс, соревнования, студенты.

Учебная программа по дисциплине «Физическая культура» строится на основании Типовых учебных программ цикла общеобразовательных дисциплин для организаций высшего и (или) послевузовского образования в Республике Казахстан. Типовая учебная программа общеобразовательной дисциплины «Физическая культура» для организаций высшего и (или) послевузовского образования направлена на изучение общеобразовательной дисциплины «Физическая культура», предусматривающая физическую подготовку в соответствии с мировыми стандартами образования. Программа определяет совместное сотрудничество преподавателя и студента в процессе физического воспитания на всем протяжении обучения в контексте требований к уровню освоения дисциплины [1,2].

Физическое воспитание является частью учебного процесса в ВУЗе. Ее задача – формирование и развитие навыков и умений, необходимых как в обычной жизни, так и в профессиональной деятельности будущих специалистов в области культуры.

В КазНАИ имени Темирбека Жургенова физическое воспитание является обязательной частью учебного процесса. Занятия проводятся в объеме 4 часов в неделю для студентов 1 и 2 курсов [4].

Содержание занятий предполагает обучение студентов умениям и навыкам в различных видах спорта, которые предусмотрены программой. Например, на 1 курсе в первом семестре идет освоение следующих разделов программы: общая

физическая подготовка, гимнастика, баскетбол. Во втором семестре - волейбол, настольный теннис, футбол для юношей и аэробика для девушек. На втором курсе студенты проходят совершенствование в этих же видах программы. В конце каждого, из вышеперечисленных, разделов работы студенты сдают контрольные нормативы, проверку теоретических знаний и практических умений.

Важную роль в оценке практических умений студентов занимают соревнования. Соревнования - это полноценная часть учебного процесса.

В КазНАИ имени Темирбека Жургенова ежегодно утверждается план спортивно-массовых мероприятий. В этот план входят соревнования не только внутри вузовские, но и межвузовские. На каждый вид соревнований назначается главный судья, секретарь и судьи из числа преподавателей кафедры или, приглашаются «независимые» специалисты для судейства.

План спортивно-массовых мероприятий составляется на два семестра. В первом полугодии проводятся следующие соревнования:

1. Соревнования по общей физической подготовленности среди юношей и девушек. Цель данного соревнования: широкое внедрение физической культуры и спорта в повседневную жизнь студентов. Формирование у студентов положительной мотивации к службе в армии.

2. Мини-футбол (межфакультетское первенство). Цель данного соревнования: улучшение работы Академии по массовым видам спорта.

3. Мини-футбол среди профессорско-преподавательского состава и сотрудников (Спартакиада «Здоровье»).

4. Мини-футбол (региональные соревнования среди студентов учебных заведений города).

5. Баскетбол. Цель данного соревнования: комплектование сборных команд для участия в соревнованиях различного масштаба, определение лучшей команды среди факультетов.

6. Проведение турнира по национальным видам спорта, посвященного «Дню Независимости». Цель данного соревнования: формирование и распространение духовного единства по укреплению дружбы народов. Широкое внедрение национальных видов спорта в жизнь студентов.

Во втором полугодии:

1. Спартакиада «Здоровье» среди ППС и сотрудников: *волейбол, шахматы, настольный теннис*. Цель данного мероприятия: приобщение преподавателей и сотрудников академии к систематическим занятиям физической культурой, к здоровому образу жизни.

2. Тоғызқумалақ (региональные соревнования среди студентов учебных заведений города). Цель данного соревнования: сохранение исторического наследия, распространение знаний об истории и культуре казахского народа.

3. Волейбол (юноши).

4. Волейбол (девушки).

5. Шахматы. Цель данного соревнования: выявление лучших игроков для участия в соревнованиях городского масштаба.

6. Настольный теннис.

7. Проведение соревнований по национальным видам спорта, посвященных празднику «Наурыз». Цель данного мероприятия: улучшение физкультурно-оздоровительной и спортивно-массовой работы в академии.

8. Соревнования по аэробике среди девушек. Цель данного соревнования: популяризация аэробики среди студентов академии.

9. Соревнования по общей физической подготовленности среди юношей и девушек.

Перед проведением любого соревнования ведется большая подготовительная работа главного судьи (ответственного за данное мероприятие): составляется и утверждается ректором Положение, обсуждается дизайн грамот (дипломов), приобретаются медали, кубки, оформляется спортивная площадка, вывешивается национальный флаг, готовится музыкальное сопровождение (марш, гимн), готовятся трафареты для команд-участников, протоколы соревнований, информационное табло, инвентарь, приглашаются судьи, врач, руководство академии.

Все соревнования проводятся в два этапа. На первом этапе проводятся учебные соревнования, которые охватывают весь контингент занимающихся. Их проведение дает преподавателям возможность увидеть и оценить, на сколько студент овладел практическим материалом. Учебные соревнования проходят на нескольких занятиях, что дает преподавателю возможность просмотреть и оценить всех своих студентов. Спокойная и доброжелательная атмосфера во время проведения учебных игр дает возможность студентам «раскрыться» и показать, насколько он овладел пройденным материалом.

По итогам проведения учебных соревнований отбирается команда из студентов 1 и 2 курсов каждого факультета для участия в Первенстве академии по каждому из вышеназванных видов (футбол, баскетбол, волейбол, настольный теннис, аэробика) – это второй этап соревнований.

Подобные соревнования проходят ежегодно и становятся традиционными. Во время проведения межфакультетских первенств происходит отбор лучших игроков для участия в городских соревнованиях в составе сборной команды академии.

Наряду с соревнованиями по традиционным видам спорта, в нашей стране большой популярностью пользуются и народные виды спорта, проводятся они и в академии.

Казахстан прошел большой путь, отстаивая свою независимость. В этих тяжелых условиях у казахского народа выработалась своя методика подготовки молодежи и воинов. Основу подготовки составляло то, что было наиболее доступным в те нелегкие годы – народные игры. Именно там молодежь могла продемонстрировать свои физические качества – силу, ловкость, выносливость, быстроту, меткость, храбрость и смекалку.

Молодежь не должна забывать традиции и культуру предков, поэтому их сохранению в нашей стране уделяется большое значение. По сложившейся традиции, соревнования по народным видам спорта проводятся в дни национальных праздников: Наурыз, Курбан айт и других.

Возрождающийся национальный спорт Казахстана позволяет подрастающему поколению впитывать традиции и культуру своих предков. Молодежь с огромным интересом участвует в подобных соревнованиях: тоғызқумалақ, октау тартыс, кто сильнее, кокпар, аркан тарту, лянга, казахша курес и других [3].

Большое значение в нашей академии уделяется пропаганде здорового образа жизни. В дни зимних каникул мы проводим Спартакиаду «Здоровье» для профессорско-преподавательского состава и сотрудников академии. В программу Спартакиады

включены соревнования по четырем видам спорта – волейболу, настольному теннису, шахматам, а осенью – по мини-футболу. Спартакиада начинается с торжественного открытия, с исполнения гимна Республики Казахстан, всегда с присутствием руководства академии. По окончании каждого вида соревнований победители и призеры награждаются кубками, дипломами и медалями соответствующих степеней. Ежегодное проведение Спартакиады «Здоровье» способствует активизации профессорско-преподавательского состава и сотрудников академии к занятиям физической культурой и спортом.

Исходя из вышесказанного, следует отметить, что соревновательный процесс в учебной программе творческого вуза, как и любого другого учебного заведения, отражает интерес студентов к тому или иному виду состязаний, показывает способности студентов в развитии физических качеств, их умения и навыки в освоении учебного материала.

#### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ:

1. Типовые учебные программы цикла общеобразовательных дисциплин для организаций высшего и (или) послевузовского образования: Сборник. – Астана, 2018. – 282 с.
2. Закон о физической культуре и спорте, 2000.
3. Казахские национальные игры и состязания [Текст]: учебное пособие / **В. Н. Журавлев, Г. В. Коваленко.** - Алматы: КазНАИ имени Темирбека Жургенова, 2018. - 60 с.
4. Организация учебного процесса по физической культуре (для студентов КазНАИ имени Темирбека Жургенова): Учебное пособие/ **С. Н. Михайлова, В. А. Васицкий, В. Н. Журавлев, Г. В. Коваленко.** - Алматы: ҚазҰӨА, 2015. - 169 с.
5. Самостоятельная работа студентов по дисциплине «Физическая культура» [Текст]: Учебное-методическое пособие / С. Н. Михайлова; Сост. Михайлова С. Н. - Алматы: ИП Сагаутдинова М.Ш., 2019. - 117 с.



## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ЖАРЫСТАРДЫ ӨТКІЗУ ЕРЕКШЕЛІГІ

**Коваленко Галина Викторовна**

*дене шынықтыру кафедрасының доценті.*

**Журавлев Вадим Николаевич**

*дене шынықтыру кафедрасының доценті.*

**Есенбаева Раушан Кабышкеновна**

*мектеп-интернат, колледждің дене шынықтыру пәнінің оқытушысы,  
Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы, Алматы қаласы.*

☰ **Аңдатпа.** Мақалада шығармашылық университетте дене шынықтыру сабақтарын өткізу ерекшеліктері сипатталған. Спорт түрлерінен жарыстарды ұйымдастыру мен өткізуге ерекше көңіл бөлінеді. Академияда дәстүрлі спорт түрлерінен жарыстармен қатар студенттер арасында кең таралған, қазақ халқының ұлттық мәдениетінің бір бөлігі болып табылатын, ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өткізіледі. Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында спорттық шаралардың жылдық жоспары ұсынылды.

⇒ **Түйін сөздер:** оқу бағдарламасы, дене тәрбиесі, оқу процесі, жарыстар, студентер.

## SPECIFICS OF COMPETITIONS AT A CREATIVE UNIVERSITY

**Galina Viktorovna Kovalenko**

*associate Professor of the Department of Physical Culture.*

**Vadim Nikolaevich Zhuravlev**

*associate Professor of the Department of Physical Culture.*

**Raushan Kabyshekovna Yesenbaeva**

*teacher of Physical Culture at the boarding school and college  
of the Kazakh National Academy of Arts named after T. Zhurgenov, Almaty, Kazakhstan.*

☰ **Annotation.** The article describes the specifics of conducting physical education classes at a creative university. Special attention is paid to the organization and conduct of competitions in sports. Along with competitions in traditional sports, the academy hosts competitions in national sports, which are popular with students and are part of the national culture of the Kazakh people. The annual plan of mass sports events at the Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts is proposed.

⇒ **Keywords:** curriculum, physical education, educational process, competitions, students.

FTАМП 77.01.09

## ЕЖЕЛГІ САҚ ДӘУІРІНДЕГІ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ДАМУЫ

**Құлманов Руслан Жағыппарұлы**  
аға оқытушы.

**Досмамбетов Талғат Аязбайұлы**  
аға оқытушы.

**Қуатбеков Шеризат Ниеталыұлы**  
магистр, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.

**Есіркепов Жандос Мергенбайұлы**  
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,  
Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ.

■ **Аңдатпа.** Бұл мақалада сақ дәуіріндегі мәдениет пен дене тәрбиесінің дамуы, Қазақстанның жерлерін мекендеген сақтардың өте күшті және жауынгер тайпа болғандығы, олар түрлі жарыстар өткізу үшін пайдаланған спорттық жабдықтар егжей-тегжейлі қарастырылады. Осы тақырып шеңберінде ғылыми зерттеулер жүргізген белгілі тарихшы ғалымдардың ғылыми еңбектеріне талдау жүргізіледі.

→ **Түйін сөздер:** сақ тайпасы, жаттығу, мәдениет, жауынгер, дене тәрбиесі және спорт.

Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру - бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, жеткіншек жастардың дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттілігі тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түсуде. Тарихи деректерді сараптасақ, адамзат қоғамы пайда болып, алғашқы өмір сүру кезеңнен-ақ дене тәрбиесіне көңіл бөлініп, сол еңбек пен тұрмыстық өмірдің шарты ретінде дамыды. Алғашында дене тәрбиесі ұйымдасқан ойындар мен ойындық қимыл-қозғалыстар түрінде көрініс берді. Бұл кездегі ойындар мен денешынықтыру жаттығулары қарапайым болғанымен, олардың адамды қалыптастыру мен тәрбиелік маңызы зор болды. Халқымыздың тарихында толық зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірі - Сақ дәуірі кезіндегі мәдениет, яғни Қазақстан жеріндегі адамзаттың тарихы тас дәуірінен басталатындығын, оның соңғы темір дәуірлері адамзаттың ұрпақ шашып өркендеуіндегі маңызды кезеңдер болды. Осы тұста мал шаруашылығы егіншілік кәсібі пайда болып, онан кейін көшпелі және жартылай көшпелі мал өсіру мен суармалы

егіншілік мәдениетінің дамуында орасан зор ілгерілеушіліктер орын алды. Біздің заманымызға дейінгі соңғы ғасырлардан және біздің заманымыздың алғашқы ғасырларынан жеткен жазба деректер мен материалдық ескерткіштерге көз жіберсек, Қазақстан жерін қоныстанған сақ тайпасының биік те дамыған мәдениеті болғанын көреміз. Қазақстан жерін мекендеген халықтар қазақ халқы өзінің көп ғасырлық тарихында, ерте заманнан күні бүгінге дейін жүріп өткен мезгіл ішінде адамзат қоғамының өсуіне әлемдік өркениеттің қанатының қатаюына, мәдениетінің дамуына үздік үлес қосты, оларды өз сана-салтының игі істерімен нәрлі нәтижелерімен байытты. Осы жерден талай ғұлама ғалымдар, ақыл-ойдың асқан алыптары шықты. Олардың рухани мұраларын игеру, солардан күш-қуат алып қазақ халқының мәдениетін жаңа белестерге көтеру, жақсылығын жарқыратып көрсетіп, оның игі дәстүрлерін өз бойына дарыту бүгінгі ұрпақтың биік мұраты, абзал да асқақ мақсаты. Осы алып даланың төсінде үлкен мәдениет ошағы, өнер-білім ордасы болған самсаған қалалардың өмір сүргенін М.Тәнекеевтің деректемелері арқылы білеміз. Дене шынықтыру тарихы туралы әдебиеттерді кеңінен пайдаланған ғалым келелі ойларға кеңінен тоқтайды.

Дене тәрбиесі мен дене шынықтыру саласында қатынас, өзара ықпал үдерістері мен Қазақстанның, Сібірдің, Алтайдың, Волга және Солтүстік Қара теңіздің жағалауларының бағбан далаларын ғана емес, Европаның оңтүстігін де қамтыды. Тарихи деректер біздің дәуірімізге дейінгі VIII-VII ғасырлардың өзінде Орта Азия

мен Қазақстанның мал шаруашылығымен айналысатын тайпаларының Ассирия және Мидия сияқты ежелгі дүние өркениетімен, ал біздің дәуірімізге дейінгі VI ғасырдың ортасынан бастап Парсы елімен тығыз байланыста болғанын дәлелдейді [1]. Бүкіл адамзат қоғамының дамуында дене тәрбиесіне көңіл бөліп отыру әлемнің барлық елдері мен барлық халқының өмірінде аса маңызды орын алды. Тәрбиенің басқа түрлерімен қатар дене тәрбиесі халықтық, кейіннен әрбір елеулі жағдайда өзіндік арнайы түрліше формалық өзгешеліктерге сай дамып отыратын ұлттық мәдениеттің ажырамас бір бөлшегіне айналды [2]. Қазақстанда да сонау ерте замандардан бастап, Тұран ойпатын мекен еткен ежелгі қазақтардың арғы ата-бабалары да дене тәрбиесі мен спортқа ден қойған. Балаларын даланың қыстыкүні суық, жаздықүні ыстық климатына төтеп беруге бесіктен бастап тәрбиелеген. Оны ертедегі грек тарихшысы Страбонның жазбаларынан да байқауға болады. Оның жазуы бойынша қазіргі Қазақстан жерін мекендеген сақтар өте күшті әрі жауынгер тайпа болған.

М.Тәнекеев өз тұжырымдарының айқын мысалы ретінде әлемде өзінің даму тарихында өзіндік дене тәрбиесі мен спортын қалыптастырмаған бірде-бір елдің жоқ екендігін алға тартады. Оның дәлелі ретінде әлемдік дене мәдениеті мен спорт қазынасы арқылы адамдардың өмірге икемделіп отырғанын, соған сай әр халықтың өзіндік дене жаттығулары мен ойындары болғандығын нақты алға тартады. Олар жаттығулары мен ойындарын келе-келе дамытып әрі жетілдіріп, басқа халықтардың да игілігіне жаратуына көмектескен. Ғалымның ойы орыс спорт зерттеушісі Н.И.Понамаревтің ойымен ұштасып жатады [3]. Әйтсе де, сақтар дәуірі кезіндегі дене тәрбиесі осы кезге дейін жете зерттелмегендігіне ғалым М.Тәнекеев үнемі алаңдаушылық білдіріп, спорт зерттеушілерінің алқалы жиындарында ол туралы мәселе көтеріп отырған.

Біздің заманымызға дейінгі алғашқы мыңжылдықта ежелгі тұран айпаты - қазіргі шетсіз де шексіз Қазақстан аумағын мекендеген ежелгі көшпелі тайпалар мал шаруашылығымен айналысатын. Ол тайпалардың ең ірілері сақ, массагет, сармат, каспий тайпалары болатын. Олар жауларынан қорғану үшін өзара тайпалық одақтар құрып, өз қоныстарында бекіністер сала бастады. Олар ежелден өжет және жауынгер тайпалар болды. Солардың ішінен ғалым М.Тәнекеев өз зерттеулерінде сақ тайпаларына кеңінен тоқталады. Сақтар батыр да жауынгер тайпа болды. Сақтардың жауынгерлік, батылдық қасиеттерін көрші тайпалар мен халықтардың барлығы жоғары бағалады [1]. Өз ойын нақтылай

түсу үшін ежелгі тарихшы Дионскийдің оларды «жебе тартушылардың әлемдегі ең шебер атқыштары, мергендері», - деп және ежелгі грек тарихшысы Страбонның сақтарды «азиялық скифтер», - деп атағанын алға тартады [4].

Скифтер садақ оғын тек қана соғыста пайдаланып қоймаған, олар оны күнделікті аң аулауда және күнделікті нысанаға тигізу жаттығуларында да қолданған. Скифтердің кейбір жарыс түрлерін басқа халықтар да кеңінен пайдаланған. Атап айтқанда, скифтермен бір дәуірде өмір сүрген гректер де алысқа жебе тартқан ұланның бейнесі бір мәрмәр қабырғада сақталған. Садақ оғының 35-40 градусық бұрышпен жоғары көтеріліп тұруы, жебенің нысанасы емес, алысты бағыттауы, тиімді ұшу қашықтығын көздегенін байқатады. Грек ұлының тартып тұрған садағы, көлемі мен түрі жағынан - нағыз скифтікі. Осы көрініс жөнінде орыс тарихшысы Е.Е.Тевяшев, мұндай алысты көздеген атыс скифтерден алынған, гректер мұндай жарыстарды өздерінде өткізген емес деген ой айтады [5]. М.Тәнекеев те оның ойын құптайды. Ғалымның ол ойын археологиялық қазбалар кезінде табылған мәдени ескерткіштер де дәлелдей түседі. Сақ тайпаларының алыс қашықтықта жебе тартуға дағдыланғандығын Хантаудан (Балқаш аймағының оңтүстік батыс жағынан) табылған қазбалардың бірі садақ тартып тұрған әйел мүсіні айғақтай түседі. Оң тізесі сәл бүгілген мерген әйелдің садақ оғының бұрышталып жоғары көтерілуі, жебенің алыс бағытқа бағытталғанын көрсетеді. Сақтарда ат ойындары мен ат жарыстары кең дамыған. Біздің заманымызға жеткен қызықты мәліметтер бойынша Вавилонда Кирдің патшалық құру салтанатына арналған үлкен сайыстағы ат жарысында сақтар жеңіске жетіп, бас бәйгені иеленген. Сақтар тек керемет шабандоз, атқыш мерген ғана емес, олар тамаша теңізші және өте жақсы жаяу әскер болды. Тарихшы А.Н.Бернштам: «Орта Азия мен Қазақстанның ежелгі тұрғындары еңселі бойлы, аяқ бұлшық еттері қатты дамыған адамдар еді», - деген тұжырым айтады. Осы және басқа да деректер сақтар мен оларға туыс тайпалардың жан-жақты дайындықтары мен айрықша көзге түскендіктерін өздерінің әскери күш-қабілеттерімен ерекшеленгендіктерінен хабардар етеді [6]. Сақтармен қатар Қазақстанның Солтүстік-Шығыс аймағын мекендеген сармат тайпалары да жауынгер халық болған. Олар да сақтар сияқты қарудың бірнеше түрін пайдалана білген. Олардан ежелгі массагет тайпалары да қалыспайтын. Сарматтар қолданған қылш, найза, садақ пен жебені массагеттер де кеңінен қолданған.

Ғалым М.Тәнекеевтің пікірінше, сақ тайпалары басқа көршілес елдермен де тығыз қатынаста



және мәдени - спорттық байланыста болған. Басқа халықтар мен тайпалардың жетістіктерін алып, өз ойындарын байытып отырған. Ол туралы деректер осы кезге дейін жеткен [7]. Сақ тайпалары сол кездің көптеген тарихи оқиғаларына араласқаны соншалық, дене тәрбиесі саласында тығыз байланыс, қатынас болмады деп айта алмайсың. Өйткені, мәдениет пен тұрмыстың осы бір айырып ала алмас бөлігі көшпелі халыққа да, отырықшы халыққа да тиесілі еді. Өзара байланыстар мен мәдени жақындасулар нәтижесінде дене тәрбиесі жүйесі байып, түрлі бұқаралық ойындар мен кең көлемді жарыстарды, әсіресе ат спорты түрлерін ұйымдастыру мен өткізу әдістері жетіле түседі. Аралас-құраластық арқылы басқа тайпаларға өз мәдениеті арқылы, оның ішінде әртүрлі ойындар мен жарыстар өткізу арқылы ықпал еткен. Келе-келе сақ тайпаларының өнері мен мәдениеті ұлтаралық реңк алып, басқа халықтар мен тайпаларға да кеңінен тараған. Олардың мәдениеті уақыт өте келе, бірте-бірте басқа ұлттар мен ұлыстардың да игілігіне айналған. Бір қызығы сол, сақ тайпасынан шыққан шабандоздар басқа елдерде өткізілген ірі жарыстарға да қатысқан. Бізге дейінгі жеткен дерек көздері бойынша, Вавилон патшасы Кирдің салтанатына орай ұйымдастырылған ат жарысында сақ жігіті жеңімпаз танылған. Бұл жарыс б.э.дейінгі 539 жылы Месопотамияда (қазіргі Бағдатың батыс жақ бетінде) өткен. Ал, Кирдің өзі кейіннен сақтар мен массагеттер жайлаған қазіргі Қазақстан жерін жаулап аламын деп, Тұмарханымның қолынан қаза тапқан. Бұл - тарихи шындық. Мәселен, бізге келіп жеткен ахменидтер мемлекетінің бірінші патшасы Ұлы Кирдің Вавилонға алғашқы салтанатты түрде шығу оқиғасына байланысты тарихи мәліметтерде, ат бәйгесінде сақ шабандозы ірі жеңіске ие болады [8]. Өкінішке орай, тарихта оның есімі сақталмапты, сөйтседе оның әлем халықтары ішінде мерейінің үстем болғанын біз мақтанышпен айта аламыз [9]. Сақтардың жауынгерлігі сол кездегі басқа тайпаларға, тіпті сақтармен бір заманда өмір сүрген ертедегі гректерге де аңыз болып тараған. Гректер еліндегі бір мәрмәр тастан соғылған қабырғада садақты керіп ұстап, алысты көздеп тұрған жасөспірім бейнесі салынған. Ондағы садақтың пошымы таза скифтік садаққа ұқсайды. Демек, гректер садақ ату өнерін скифтерден үйренген [10]. Грек ғалымдарының тұжырымдарын Е.Е.Тевашов тапқан археологиялық қазбалар да растайды. Балқаштың оңтүстік-батыс аймағынан табылған қазбалардың ішінен садақ тартып тұрған әйелді бейнелейтін тасқа ойып салынған сурет табылған. Ертедегі сақтар өте керемет мерген-садақшылар болған. Оларды көршілес тайпалары да мойындаған. Сол ойын өзіне дейінгі тарихшылардың жазбалары арқылы

дәлелдеп отырған. Ғалымның зерттеуінде, Орталық Қазақстандағы Хантау аймағынан сақ жауынгерлерінің найзамен жекпе-жекке шығу сәті бейнеленген тас табылды. Мұндай суреттер Балхаштың оңтүстік-батысында орналасқан Терістісай тауының тастарынан да табылды. Онда бір таң қаларлығы: жекпе-жекке шығушы жауынгерлерге төреші болып қарап отырған бір әйел бейнесі салынған тастың табылуы ғалымның пікірін растай түсті. Бұл сол кездегі жауынгер сақтардың өмір бейнелейтін тарихи жәдігер болып табылады. Ежелгі сақ тайпаларының жарыс өткізу тәсілдері де басқалардан өзгеше болатын. Жарысқа қатысушы сақ жауынгерлері салт атпен де, жаяу да қатысып отырған. Ғалым сақтар кезіндегі дене тәрбиесін көп жылғы зерттеу барысында садақ тарту, найза лақтыру, жұдырықтасу және басқа ойын түрлері олардың күнделікті өміріндегі ажырамас ұлттық салт-дәстүрге айналғанын ашып айтады. Сол тәрбиеге сай сақтардың жастары жауынгерлік рухта тәрбиеленіп отырған. Ғалымның тағы бір жете назар аударған мәселесі - әр ұлттың дене тәрбиесі мен спортының кеңінен қанат жая келе, басқа тайпалар мен ұлттардың ортақ қазынасына айналуы.

Орта Азия мен Қазақстан аумағында сақ тайпалары мен олардың одақтастарының өмір сүру кезінде өзара мәдени байланыс нығайып, бір халықтың мәдениеті екінші бір халыққа жұғысты болып, бір-бірінің мәдениетін байытып әрі толықтырып отырған. Ұлттардың бір-бірімен ортақ ойындар мен жарыстар өткізуі арқылы дене тәрбиесінде бір халық екінші халықтың ұлттық элементтерін өз бойына сіңіріп отырған әрі оны одан әрі дамытып отырған. Ғалымның бұл пікірі өзіне дейінгі орыс ғалымы А.Н.Бернштам пікірімен орайлас келеді. Бернштам ертедегі гректер мәдениетінің жетістігінің Орта Азияға ықпалы туралы айта келе, «мәдени дамудың жоғарғы деңгейі гректер өрімін қабылдауға және оны жергілікті негізде өрістетуге мүмкіндік туғызды» деген еді [11]. М.Тәнекеев бұл орайда Александр Македонскийдің (ол қазақта Іскендір Зұлқарнай атымен сақталған, б.э.д. IV-ғасыр) Орта Азияға жасаған жорығының сәтті болғанын айтады [12]. Александр Македонский өз өмірінде біржақты әскери күш қолдануға салынып кетпеген. Ол керек кезінде ойындар мен жарыстарға да жете көңіл аударып отырған. Ол өзі басып алған жерлерде жарыстар өткізуді дәстүрге айналдырған. Демек, Орта Азияның бірқатар аймақтарында ертедегі гректердің олимпиадалық ойындарына ұқсас әртүрлі деңгейдегі әртүрлі жарыстар өткізілген.

М.Тәнекеев өз ойын: «Гректердің дәстүрлі қалыптағы ойындары мен жарыстары, оның ішінде олимпиадалық жарыстар да бар, осы жерде нәрлі топыраққа сіңгендей болды.

Әрине, мұнда гректердің де, сонымен қатар Орта азиялық жүйенің де жарыстардағы сән-салтанатының бір-бірімен қабысуы тиімді рөл атқарды», - деп қорытындылаған. Көне грек мәдениетінің жетістіктері Орта Азия халықтарына да ықпалын тигізген «өзінің мәдени дамуының жоғарғы деңгейде болуы гректердің мәдениетін қабылдауға және оны жергілікті негізде дамыта түсуге мүмкіндік жасады» [13]. Александр Македонский әлемдегі бірден-бір күшті әскерді басқарған айтулы қолбасшы болған. Ол әскерилерді дайындауда әртүрлі елдер мен халықтардың дене жаттығуларын, ұлттық ойындары мен көңіл көтеру шараларын аса тиімді пайдалана білген. Гректердің дене тәрбиесі жүйесін және жергілікті ұлттар мен тайпалардың дене тәрбиесі мен әскери өңірдегі дәстүрін ұтымды пайдалану Македонскийдің мемлекеттік саясатының негізі болған. Дене тәрбиесіндегі бұл тәсіл Орта Азияның мәдениеті мен тәрбиесін ғана байытып қойған жоқ, ол гректер мәдениетін де байытты. Соның арқасында спорт тарихын зерттеуші ғалымдар айтқандай, «Шығыс пен Батыстың бір-бірімен тығыз араласқаны соншалықты, олар мәдениеттің алтын тінін өріп шықты» [14]. Осылайша ұлттық және ұлтаралық дене мәдениеті мен дене тәрбиесін одан әрі жетілдіре түсуге берік негіз қаланды.

Дене тәрбиесінің халықтық жүйесінің элементтері жастарды жаңа идеялық рухта тәрбиелеудің нағыз қайнар көзі болды. Осы пікірді ұстанған ғалым сонымен қатар, сақтар мен Орта Азиядағы басқа да тайпалардың дене тәрбиесінің дамуының қаншалықты деңгейде болғандығын анықтау үшін тәрбие жүйесінің құралдары мен түрлеріне, оған қоса оның идеялық мазмұнына салыстырмалы талдау қажет екендігін ескертеді [15].

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ:

1. История Казахской ССР. Т. 1. - Алма-Ата. Изд. Наука КазССР 1979. - 424 с.
2. **Тәнекеев М.** Докторлық диссертациясы. - Алматы, 1998. - 186 б.
3. **Понамарев Н. И.** Возникновение и первоначальное развитие физического воспитания. - Москва: «ФиС», 1970. - 224 с.
4. **Баженов Л. Н.** Древние авторы о Средней Азии (VI в. до н.э., III в. н.э.) Ташкент, 1940. - 24 с.
5. **Тевяшев Е. Е.** К вопросу происхождения русского языка «Советская этнография», 1940. - №4. - 144 с.

6. **Тәнекеев М., Асарбаев А.** Қазақстандағы дене шынықтыру мен спорт тарихы. Оқу құралы. - Алматы, 2002. - 43 б.

7. **Тәнекеев М.** Докторлық диссертациясы. - Алматы, 1998. - 186 б.

8. **Таникеев М.** Исторический опыт СССР по решению национального вопроса в области физической культуры и спорта. Тезисы всесоюзной научной конференции «Проблемы истории физической и спорта». - М.: - 1986. с. - 23-25 с.

9. **Оңалбеков Ж. К.** Кандидаттық диссертациясы. - Алматы, 1996. - 29 б.

10. **Тәнекеев М.** Докторлық диссертациясы. - Алматы, 1998. - 22. б.

11. **А.Н. Бернштам,** В горах и долинах Памира и Тянь-Шаня. - Москва. -1954. - 263 с.

12. **Тәнекеев М.** Докторлық диссертациясы. - Алматы, 1998. - 24. б.

13. **Тәнекеев М.** Докторлық диссертациясы. - Алматы, 1998. - 29 б.

14. **Массон М. Е., Сарапаниди В. И.** Каракумы: зоря цивилизации. - М.: - 1971. - 65 с.

15. **Тәнекеев М.** Докторлық диссертациясы. - Алматы, 1998. - 257 б.

## РАЗВИТИЕ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В ЭПОХУ ДРЕВНИХ САКОВ

**Кулманов Руслан Жагыппарович**  
*старший преподаватель.*

**Досмамбетов Талгат Аязбаевич**  
*старший преподаватель.*

**Куатбеков Шеризат Ниеталиевич**  
*магистр, Кызылординский университет имени КORKYT АТА.*

**Есиркепов Жандос Мергенбаевич**  
*кандидат педагогических наук, доцент,  
Международный университет туризма и гостеприимства, г. Туркестан.*

📖 **Аннотация.** В статье подробно рассматриваются развитие культуры и физического воспитания в сакскую эпоху, так как саки, населявшие земли Казахстана, были очень сильным и воинственным племенем; спортивное снаряжение, которое они использовали для проведения различных соревнований. В рамках данной темы проведен анализ научных трудов известных ученых-историков, проводивших научные исследования.

↔ **Ключевые слова:** Племя саксов, тренировки, культура, воины, физическая культура и спорт.

## DEVELOPMENT OF PHYSICAL CULTURE IN THE ERA OF ANCIENT SAKS

**Dosmambetov Talgat Ayazbaevich, Ruslan Kulmanov Zhagipparovich,  
Kuatbekov Sherizat Nietalievich**  
*Korkyt Ata Kyzylorda University.*

**Yessirkeпов Zhandos Mergenbavich**  
*International University of Tourism and Hospitality.*

📖 **Annotation.** This article examines in detail the development of culture and physical education in the Saka era, the fact that the Saks, who inhabited the lands of Kazakhstan, were a very strong and warlike tribe, sports equipment that they used for various competitions. Within the framework of this topic, an analysis of the scientific works of famous historical scientists who conducted scientific research will be carried out.

↔ **Keywords:** saka tribe, training, culture, warriors, physical education and sports.

FTAMP 77.03.07

## ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА ЕРІКТІ ҚАСИЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Мираманов Абдимуслим Абдихалыкулы**

*ҚР Оқу-ағарту министрлігі Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының, Дене шынықтыру саласындағы мамандардың педогогтердің біліктілігін арттыру және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету зертханасының аға әдіскері  
Астана қаласы, Қазақстан*

**Андатпа.** Білім беру ұйымдарындағы дене шынықтыру сабақтарында ерікті қасиеттерді тәрбиелеудің маңыздылығын зерттеуге арналған. Әр түрлі жағдайларда бір адам өзін-өзі немесе еріксіз ұстайтыны анықталды. Бұл жағдайда қозғаушы күш мақсатқа жетуге деген ұмтылыстың болуы немесе болмауы емес (күшті немесе әлсіз мотивация), бірақ адамның белгілі бір жағдайға қатынасы. Әр түрлі жағдайларда ерік-жігердің ерекшелігін ескере отырып, психологияда белгілі бір ерік-жігер қасиеттері ерекшеленеді. Дене тәрбиесі мәселелеріне қатысты ерікті қасиеттердің екі негізгі тобын ажыратуға болады: біреуі табандылықты, екіншісі өзін-өзі бақылауды сипаттайды. Зерттеу орта білім беру ұйымдарының дене шынықтыру мұғалімдеріне пайдалы болуы мүмкін.

→ **Түйінді сөздер:** ерік-жігер, сана қасиеттері, күш-жігер, ерекшеліктер, психологиялық мәселелер.

**Зерттеу өзектілігі:** Дене шынықтыру сабақтарында ерікті қасиеттер адамның ерікті саласын дамытудың қажетті шарты болып табылады. Ұжымшылдық сезімін, ортақ іске жауапкершілікпен қарауды тәрбиелеу ерікті көріністер үшін жақсы алғышарттар жасайды. Ерік - жігерді тәрбиелеудегі ұжым мен ұжымдық көңіл-күйдің маңыздылығын көптеген психологтар атап өтті: А. В. Веденов (1953, 1957), А. Б. Запорожец (1960), К. Н. Корнилов (1957), В. А. Крутецкий (1957) және т. б. көптеген зерттеулерде, мысалы, топтық (командалық) бәсекелестік мотив жеке адамға қарағанда ерік-жігердің көрінісін ынталандырады. Мұғалімдердің, жаттықтырушылардың, жолдастардың адамның моральдық және адамгершілік сезімдеріне үндеуі оның батылдығы мен шешімділігін арттырады. Осылайша, адамды тәрбиелеу және оның моральдық-еріктік дайындығы кезінде, ең алдымен, әлеуметтік бағыттағы мотивтері жақсы дамыған біртұтас тұлғаны қалыптастыру туралы қамқорлық қажет[1].

Еріктің моральдық компонентін қалыптастыру оның ерекшелігіне қарамастан кез-келген жағдайда ерікті күш көрсетуге көмектеседі. Бұл ерік-жігерді ынталандырып қана қоймайды, сонымен қатар оның көрінісінің мағынасын анықтайды. Тәрбиенің міндеті - ерікті күш-жігерге осындай бір бағыт беру, ол адамға, И. М. Сеченовтың айтуынша, моральдық батырлық жасауға мүмкіндік береді. Содан кейін адам жеңетін қиындықтардың өзі басқа эмоционалды реңкке ие болады: адам «жағымды шаршауды», «қауіп-қатерге бой алдыруды» және амбивалентті болатын басқа эмоцияларды сезіне бастайды, яғни олар қарама-қарсы болып көрінетін екі тәжірибені көрсетеді. Бұл жағдайда ерікті дағдыларды қалыптастыру қажет: өзін-өзі сендіру, өзін-өзі ынталандыру, өзіне-өзі тапсырыс беру тәсілдерді[2].

Ерік жетекші идеялар мен моральдық принциптерді жүзеге асыруға ықпал ететін өзін-өзі реттейтін функцияға ие. Ерікті қасиеттердің моральдық қасиеттермен байланысы жасөспірімдердің моральдық-еріктік белсенділігінің деңгейлерін қарастыратын В. Е. Туриннің зерттеуінде көрсетілген. А.В. Веденов «адамгершілік тәрбиесінен бөлек кез-келген ерік-жігерді тәрбиелеу әрқашан адам үшін табиғаттан тыс сөзімшілдік ерік-жігерді тәрбиелеуге әкеледі» деп атап өтті. Автор ұжымдағы моральдық қатынастар арқылы ерікті қасиеттерді қалыптастыруға баса назар аударады. И. Н. Решетен, О. А. Черникова және басқа зерттеушілердің еңбектерінде, жасөспірімнің жеке басының адамгершілік дамуын анықтайтын білім берудің негізгі мәселесі ретінде спорттық іс-әрекет процесінде ұжымдағы қарым-қатынас мәселесін зерттеу қажеттілігі атап өтілді. Жасөспірімдерді адамгершілікке тәрбиелеу проблемаларының жиынтығынан спорттық іс – әрекет процесінде адамгершілік-еріктік қасиеттерді тәрбиелеудің кейбір аспектілерін ажыратуға болады[3].

Ресейдің ұлы физиологтары И.М. Сеченов, Н.Е. Введенский, И. П. Павлов, А. А. Ухтомский және олардың шәкірттері біздің денеміздегі күрделі өмірлік процестерге қозғалыстардың әсер ету механизмін жеткілікті түрде ашты, олар ұзақ уақыт бойы мәжбүрлі тыныштықта байқалатын жағымсыз құбылыстарды көрсетті. Тыныштық пен қозғалыс-бұл екі антипод (қарама-қарсы) олар организмдегі өмірлік процестердің күйі мен сипатын анықтайды, интерактивтілікке және жүрек, өкпе, ас қорыту жолдары, жүйке және бұлшықет жүйелерінің, метаболизмнің ерекшеліктеріне әсер етеді[4].

**Зерттеу мақсаты:** Дене шынықтыру сабақтарында ерікті қасиеттерді қалыптастырудың ерекшеліктері, адамгершілік тәрбиесінің педагогикалық құралдарын тиімді пайдалануға мүмкіндік беру. Сондықтан дене шынықтыру сабақтарында оқушылардың моральдық-еріктік қасиеттерін тәрбиелеудің құралдары мен әдістерін анықтау маңыздылығын зерттеу.

**Зерттеу нәтижелері:** Ерікті дайындық-дене шынықтыру сабақтарындағы маңызды сәттердің бірі. Дене тәрбиесінде оқушы мен спортшының ерікті қасиеттерін дамытуға ерекше мән беру керек, өйткені кез-келген спорттық жетістіктер, ең алдымен, ерік-жігердің нәтижесі болып табылады. Ерік ұғымы, өздеріңіз білетіндей, психологияда көптеген мағыналарға ие. Ерік-бұл сыртқы және ішкі кедергілерге, әсерлер мен әсерлерге қарсы өз қызметі мен мінез-құлқын белсенді түрде өзін-өзі анықтауда және өзін-өзі реттеуде көрінетін адам психикасының қасиеті. Егер біз ерік - бұл адамның сыртқы және ішкі кедергілерді жеңе отырып, саналы түрде алға қойылған мақсатқа жету қабілеті деп санасақ, онда осы аспектідегі ерікті мінез-құлқын мақсатты, өзін-өзі бақылауды, қажет болған жағдайда белгілі бір әрекеттерден аулақ болу мүмкіндігін, яғни өз мінез-құлқын игеруді білдіреді.

Ерік-бұл адамның іс-әрекеті мен іс-әрекетін саналы түрде басқару. Ерікті белсенділік қасақана, кездейсоқ ретінде сипатталады. Адамның мұндай белсенділігі ерікті күш-жігерді қолданумен ерекшеленеді. Ерікті күш деп саналы түрде жасалған күш-жігер түсініледі, бұл кез-келген әрекетті тікелей жүзеге асыруға түрткі болады. Ерікті күш-жігердің болуымен адам айтарлықтай қиындықтарды жеңу қажет болған кезде сенімді болады. Ерікті күш-жігер қарқындылығымен, ұзақтығымен және бағытымен сипатталады. Ерікті күш-жігердің бағыты-белсендіру және тежеу функциялары. Әр түрлі жағдайларда адам әртүрлі бағыттағы ерікті күш — жігерді қолданады: бір жағдайда белсенділікті сақтау үшін күш салу керек, екіншісінде-күш, мысалы, қалаусыз әрекеттерді тоқтатуға көмектеседі. Ерікті күш-жігердің ұзақтығы іс-әрекетке деген мотивтің күшіне (егер адам қандай да бір мақсатқа қол жеткізгісі келсе, онда ол ұзақ ерікті күш-жігерді көрсетеді) және белсенділік энергиясына (адамның энергетикалық ресурстары неғұрлым көп болса, соғұрлым ол ерікті күш-жігерді сақтай алады) байланысты. Ерікті күш-жігердің қарқындылығы іс-әрекетке мотивтің күшімен, белсенділіктің энергиясымен және адамның жеке басының адамгершілік қасиеттерімен анықталады. Ұзақтығы мен қарқындылығы бойынша ерікті күш-жігердің сипаттамасы ерік күші ұғымының негізін құрайды. Ерік күші-адамның ақыл-ойы мен моральдық сезімінің белсенді жағы.

Табандылық шыдамдылық (ерікті күш-жігерді бір рет, бірақ ұзақ уақыт пайдалану), талапшылдық (туындаған кедергілер мен қиындықтарға қарамастан мақсатқа жетуге ұмтылу) арқылы көрінеді. Адамның өзін-өзі басқаруын сипаттайтын топқа жататын ерікті қасиеттер батылдық (қорқыныш, қорқыныш сезімдеріне қарамастан тапсырманы сапалы орындау қабілеті), ұстамдылық (импульсивті, аз ойластырылған реакцияларды басу қабілеті), жинақылық (кедергілерге қарамастан орындалатын тапсырмаға назар аудару қабілеті) ретінде анықталады. Ерік-жігердің көрінісі оқушылардың жасына байланысты өзіндік ерекшеліктерге ие.

**Бастауыш мектеп жасы:** оқушылар ерікті әрекеттерді негізінен ересектердің нұсқауы бойынша жасайды. Үшінші сыныпқа қарай олар өздерінің мотивтеріне сәйкес ерікті әрекеттерді орындау қабілетіне ие болады. Бастауыш сынып оқушылары оқу іс-әрекетінде табандылық таныта алады. Уақыт өте келе олар ысырма жылдамдығын қалыптастырады, импульсивтілік әлсірейді. Бастауыш сынып оқушылары ерікті қасиеттерді негізінен ересектердің рақымына ие болу үшін, басқалардың ерік-жігерін жақсы орындаушылар болу үшін көрсетеді.

**Жасөспірім:** осы жасқа тән жыныстық жетілу жүйке процестерінің қозғалғыштығын айтарлықтай өзгертеді (арттырады). Бұл ерікті салада белгілі бір өзгерістерге әкеледі. Жасөспірімдерде батылдық артады, бірақ төзімділік төмендейді. Табандылық олар үшін қызықты жұмыста ғана көрінуі мүмкін. Тәртіп төмендейді, қыңырлық күшейеді. Ерікті күш-жігерде қозу процестері тежелуден басым болады. Ерікті белсенділікті ұйымдастырудың сыртқы ынталандырудан ішкі ынталандыруға (өзін-өзі ынталандыруға) ауысуын қалыптастыру басталады.

**Жоғары мектеп жасы:** ерікті күш-жігердің көрінісінде өзін-өзі ынталандыру механизмі шешуші болып табылады. Жоғары сынып оқушылары алға қойған мақсатына жетуде жеткілікті жоғары табандылық таныта алады. Олар шыдамдылықтың үлкен қабілетін көрсетеді (шаршау фондында жұмыс). Жоғары мектептегі қыздарда батылдық күрт төмендейді, бұл жаттығуда қиындықтар туғызады. Жоғары сыныптарда еріктің моральдық компоненті қарқынды қалыптасады. Көбінесе ерікті күш-жігер элеуметтік маңызды идеяның әсерінен көрінеді. Жоғары сынып оқушысының ерікті белсенділігі әрдайым дерлік берілгендік сипатына ие.

Моральдық-еріктік қасиеттерді қалыптастырудың ең тиімді жолдарының бірі-дене шынықтыру құралдарын пайдалану. Бұл қорытындыға жасөспірімдер арасында байқалған мәселелерге байланысты келуге болады:

- жасөспірімдердің әлсіз физикалық дамуы;
- тұрақты жаттығуларға қызығушылықтың болмауы;
- жастардың физикалық және психологиялық төзімділігінің болмауы;
- салауатты өмір салтына табынудың болмауы.

Мәселенің өзектілігі орта мектеп түлектерінің бір бөлігінде бастамашылық, төзімділік, тәуелсіздік, батылдық, табандылық, тәртіптілік, ұжымшылдық сияқты маңызды жеке қасиеттердің нашар қалыптасқандығына байланысты.

Дене шынықтыру мен спорттың қуатты сауықтыру әлеуеті жасөспірімдердің моральдық-еріктік қасиеттерін және үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді. Дене шынықтыру және спортпен шұғылдану адам ағзасына жалпы профилактикалық әсер етеді, оның денсаулық деңгейін арттырады. Жасөспірімнің денесіне физикалық жаттығулар: а) психологиялық әсер; ә) физикалық әсер көрсетеді.

Дене шынықтыру сабақтары жүйке жүйесін нығайтады, сезім мүшелерін жақсартады, дене салмағын қалыпқа келтіреді. Басқаша айтқанда, олар адам ағзасының барлық жүйелері мен мүшелеріне оң ықпал етеді. Оқушылар қатты қозғалған кезде барлық бұлшықеттер жұмыс істейді. Жұмыс істейтін бұлшықеттерге қан ағымын арттыру үшін жүрек жұмысы белсендіріледі.

Жүйелі жаттығулар денсаулықты нығайту, денені қатайту, жан-жақты физикалық даму, әсіресе төзімділікті, жылдамдық пен күшті дамыту, жұмыс өміріне, денсаулыққа қажетті дұрыс моториканы қалыптастыру сияқты міндеттерді сәтті шешеді. Әр түрлі физикалық жаттығулар оқушылардың дене шынықтыруын жетілдіріп қана қоймай, эмоционалды-ерікті саланы тәрбиелейді. Сондықтан физикалық белсенділіктің тұлғаның психо-эмоционалды дамуымен үйлесуі қазіргі кезеңде дене шынықтыруды оқытудың қажетті шарты болып табылады.

**Қорытынды:** Жоғарыда айтылғандай, ерік-бұл оның артында көптеген психологиялық құбылыстар жатқан жалпыланған ұғым. Бұл олардың іс-әрекеттерін саналы түрде басқару, ерікті күш және оның нақты көріністері (ерікті қасиеттер). Абстрактілі ерік-жігерді, тіпті абстрактілі «ерік-жігердің күшін» емес, еріктің нақты компоненттерін және «ерік-жігер күшінің» нақты көріністерін (ерік-жігер қасиеттерін) және оларға тән әдістерді дамыту қажет. Жеке тұлғаның ерікті қасиеттері іс-әрекет процесінде қалыптасады. Сондықтан, «ерік күшін» (ерік қасиеттерін) дамыту үшін көбінесе ең қарапайым және қисынды деп саналатын жол ұсынылады: егер «ерік күші» кедергілер мен қиындықтарды жеңуде көрінсе, онда оның даму жолы осындай

жеңуді қажет ететін жағдайларды жасау арқылы жүреді. Жасөспірімнің жеке басының ерікті қасиеттерін дамытуда белгілі бір дәйектілік бар. Бастапқыда негізінен динамикалық физикалық қасиеттер дамиды. Бұл - күш, жылдамдық және реакция жылдамдығы. Содан кейін үлкен және ұзақ жүктемелерге төтеп беру қабілетімен байланысты қасиеттер дамиды: төзімділік, ысырма жылдамдық, шыдамдылық және табандылық. Осыдан кейін неғұрлым күрделі және нәзік ерікті қасиеттерді қалыптастыру кезегі пайда болады, мысалы, шоғырлану, зейін, өнімділік.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ:

1. **Сабирова Р. Ш., Жансерикова Д. А., Лазарева Е.А.** Психология және адам дамуы. Сызбалар. Қарағанды, 2019. <https://aknurpress.kz/reader/web/1035>.

2. **Бабушкин Г. Д.,** Спортивная психология. психологические методики в системе подготовки спортсменов к соревнованиям. 2020. <https://www.iprbookshop.ru/epd-reader?publicationId=88459>

3. **Мадалиева Б.** Психология мамандығына кіріспе. 2020. Психология негіздері Қарағанды , 2019.

4. **Ө. Е. Ботабаева., К. Т. Танаев., П. Е. Ботабаева.** Дене шынықтыру және спорт педагогикасы. Оқу-әдістемелік құрал. «ХҚТУ типографиясы». Тараз қ. 2007ж.

## ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ВОЛЕВЫХ КАЧЕСТВ ОБУЧАЮЩИХСЯ НА УРОКАХ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

**Мираманов Абдимуслим Абдихалыкулы**

*старший методист лаборатории учебно-методического обеспечения и повышения квалификации педагогов Национального научно-практического центра физической культуры Министерства просвещения РК, г. Астана.*

☰ **Аннотация.** Статья посвящена изучению важности воспитания волевых качеств на уроках физической культуры в организациях образования. Было обнаружено, что в разных ситуациях один и тот же человек ведет себя спонтанно или непроизвольно. В этом случае не является движущей силой наличие желания или его отсутствие для достижения цели (сильной или слабой мотивации), а отношение человека к конкретной ситуации. Учитывая специфику воли в различных ситуациях, в психологии выделяются определенные волевые качества. Что касается вопросов физического воспитания, можно выделить две основные группы волевых качеств: одна характеризует настойчивость, другая-самоконтроль. Исследование может быть полезно для педагогов физического воспитания в организациях среднего образования.

⇨ **Ключевые слова:** воля, свойства сознания, усилия, особенности, психологические проблемы.

## FEATURES OF THE FORMATION OF VOLITIONAL QUALITIES IN PHYSICAL EDUCATION LESSONS

**Miramanov Abdimuslim Abdikhalykuly**

*Ministry of Education of the Republic of Kazakhstan National Scientific and Practical Center of Physical Culture» advanced training of teaching staff and senior methodologist of the laboratory of educational and methodological support in Astana.*

☰ **Annotation.** the article is devoted to the study of the importance of the education of volitional qualities in physical education lessons in educational institutions. It has been found that in different situations, the same person behaves spontaneously or involuntarily. In this case, the driving force is not the presence or absence of a desire to achieve a goal (strong or weak motivation), but the person's attitude to a particular situation. Given the specifics of the will in various situations, certain volitional qualities are distinguished in psychology. As for the issues of physical education, two main groups of volitional qualities can be distinguished: one characterizes perseverance, the other self-control. The study may be useful for physical education teachers in secondary education organizations.

⇨ **Keywords:** will, properties of consciousness, efforts, features, psychological problems.

FTAMP 77.03.07

## ГАНДБОЛ ОЙЫНЫН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА НАСИХАТТАУ

**Мұхамбаев Бектас Рахымбийұлы**

*педагогика ғылымдарының магистрі.*

**Асқаров Руслан Асқарұлы**

*педагогика ғылымдарының магистрі «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» ҚеАҚ  
e-mail: bektas.mukhambaev@mail.ru.*

☰ **Аңдатпа.** Бұл мақалада дене тәрбиесі процесінде балалар мен жасөспірімдер арасында гандболға деген қызығушылықты арттыру мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар, балалар мен жасөспірімдердің дене тәрбиесінің көрсеткіштерін қалыптастыру жолында доп ойынын насихаттау бойынша жұмыс қарастырылған.

↔ **Түйінді сөздер:** қол добы, насихат, дене шынықтыру.

Балалар мен жасөспірімдердің дене тәрбиесінің көрсеткіштерін қалыптастырудың жоғары деңгейі ретінде спорт ойындары жоғары мәнге ие, ол адамның өмірдегі негізгі қызметтері: жанұяда, мектепте, жұмыста, қоғамда, мемлекеттің міндеттерін табысты орындау үшін тұтас субъекті, адамгершілік және дене қасиеттері жан-жақты жетілген дені сау қоғамға еркін кіру шарты болып табылады. Спорт және дене тәрбиесі өтпелі кезеңнің сан алуан өзгерістерінде ағзаның қорғаныш қызметін арттыру, гормондық дисбаланс жағдайында ағзаның дамуына алғышарт жасау, сонымен қатар ең бастысы жасөспірімдік депрессияның алдын алу, психологиялық тұрақтылыққа қол жеткізуге көп септігін тигізеді. Тек отбасының ғана емес, жаттықтырушының да баланың жаны мен тәнінің дамуында айрықша қызмет атқарады: индивидуалды ерекшеліктерін байқап, ептілігін саралап, психологиясын түсініп, қандай да бір спорт түріне құлшынысын арттыра біліп, дұрыс баулу жаттықтырушының басты парызы болып табылады[1].

Спорттық ойындар, оның ішінде гандбол ойыны жеке тұлғаның жалпыға қарай ұласатын мәдениетінің құрамдас бөлігі, қозғалыс қызметтеріне жақсы тиімді әсер етіп және денсаулықты нығайтуға педагогикалық үрдісті бағыттаған көмегімен қалыптасқан, өзіне ағзаның функционалды мүмкіншіліктерін көтеру бірлігін жинайтын, ақыл-ой және дене еңбегінің қабілеттілігін, ақылдылық қасиеті, ынталы, тапқыр, байымды, адамгершілік қасиеті, өзін-өзі ұстау, тәртіптілік, шыншыл, батыл, шешімді, дене шынықтыру бірлігінде тану және тәртіпке келу, жеке тұлғаның әр түрлі қасиетін көрсетуге жетелейді.

Доппен ойнайтын ойындардың бәрі де қимыл-қозғалысты жетілдіріп, оқушыларды епті, төзімді, батыл болуға тәрбиелейді. Сол ойындардың бірі – қол добы. Бұл – өте жоғары шапшаңдықпен өтетін және ойыншылар ағзасына көп күш түсіретін ойын.

**Зерттеу мақсаты** - гандбол ойыны арқылы жасөспірімдерге гандбол ойынының техникасы мен тактикасын оқыту әдістемесін жүргізуді меңгеру, ауылдық мектептерде алаңның шағын болуына, кейбір мектептерде оқушылар санының аз болуына байланысты мини-гандбол ойынын жүргізу арқылы гандбол ойыны туралы түсінік беру және гандбол ойынына жастардың қызығушылығын арттыру, дамыту, арнайы секцияларды ұйымдастыру және осы спорт түрін Қазақстанда әлемдік деңгейге жеткізуге үлес қосу.

### **Зерттеу міндеттері:**

– жасөспірімдердің дене тәрбиесі мен спортқа деген ынтасы мен қызығушылығын оятып, дене тәрбиесімен жүйелі, белсенді шұғылдандыру;

– спорттық машықтанудың ілімі, әдістемесі мен тәжірибесі бойынша білім беру;

– қауіпсіздік техникасының ережелерімен және спорттық құрылыстарды, спортшының сыртқы пішіні мен спорттың киімін ұқыпты ұстаудың гигиеналық нормаларымен таныстыру және оларды орындауда дағдыны қалыптастыру;

– жасөспірімдер арасында гандбол ойыны жайлы олардың түсініктерін айқындау және толықтыру;

– гандбол және мини-гандбол ойындарының техникасы мен тактикасын оқыту әдістемесін жан-жақты меңгеру, жаңаша тұстарын зерттеу, түсіндіру арқылы оқушылардың қызығушылығы мен ынтасын арттыру;

– гандболдан оқыту әдістемесінде және гандбол ойынының техникалық элементтерін ұтымды орындауда дағдылар мен біліктілікті қалыптастыру;

– әр түрлі ойын жүйесі мен ойын сәттері кезінде, ойыншылардың алаңдағы тактикалық өзара әрекеттестігіне байланысты (бойынша) дағдыны қалыптастыру және білім беру.



**Зерттеу нәтижелері.** Қол добының өзіндік бай тарихы бар. Ежелгі кезеңнің өзінде қазіргі қол добының көптеген элементтері орын алған доп ойындары болған. Қол добы тарихының даму барысын бірнеше этапқа бөліп қарастыруға болады:

1898-1941жж.—гандбол ойынының пайда болуы, таралуы және қалыптасуы;

1946-1957 жж. – 11 x 11 ойынының басым дамуы;

1960-1972 жж. – 7x7 ойынының таралуы;

1972 жылдан бастап – әлем бойынша гандбол ойынының кең өріс алып, танымал болуы;

1986 жылдан бастап – гандбол ойынының кәсібиленуі [2].

Қазақстанда қол добынан алғашқы жарыстар 1925 жылдан бастап өтіп келеді. Алғашқы секция 1958 жылы жаз айында Шымкент технологиялық институтында, Қорғасын зауытында ашылған болатын. Кейіннен студенттерді біріктіретін «Буревестник» спорт қоғамында жаңа секциялар ашыла бастады. Республикамызда қол добынан жарыстарға еліміздің әр облыстарынан ерлерден он команда, әйелдерден он команда қатысты. 1961 жылдан бастап Қазақтың Дене тәрбиесі институты қол добынан жаттықтырушы мамандар даярлай бастады. Қазіргі кезде бұл спорт түрі бойынша біздің ойыншыларымыз Азия біріншілігінде, Орталық Азия ойындарында өнер көрсетіп және басқа елдердің командаларымен жарысқа түсіп жүр. 1990 жылы қол добы ресми түре «гандбол» атауымен бекітілді [2].

Гандбол – футбол және баскетболмен ортақ түбірі бар және атлетизм бойынша регбиден қалыспайтын әмбебап спорттық ойын.

Заманауи гандбол – спортшының қозғалыстық және функционалды қабілеттілігінің жоғары болуын талап ететін атлетикалық ойын. Жарыстағы ойын барысында гандболшы орташа алғанда 4000-6500м қашықтықты бағындырады, шабуыл жасауда және шабуылдан қорғау барысында 50 секіру жасауы мүмкін. Жоғарыда атап өтілген компоненттердің барлығын орындаудың сандық сипаты әр амплуа бойынша әр түрлі. Мысалы, қорғаныс әрекеттерін орындай отырып, гандболшылар 2-10 м қысқа секірумен орнын ауыстырып отырады, ойында орташа алғанда 600 метрлік қашықтықты бағындырады. Ортаңғы қорғаушы ( В.И.Изаак мәліметтері бойынша) 730 м жолды, ал шеткері қорғаушы – 400 м қашықтықтағы жолды бағындырады, орталық қорғаушы допты алып жүрген ойыншыға шыға берісте 250 м, ал шеткері қорғаушы шамамен 20 м қашықтықты бағындырады[4].

Балалар мен жасөспірімдердің қозғалыстық және вегетативті функцияларының дамуы, еңбекке қабілеттілігінің жоғарылауы ағзаның өлі толықтай қалыптасып үлгермеген жағдайында жүреді.

Сондықтан жас спортшыларды жылдамдатып дайындау, физикалық жүктемелердің кейбір түрлерімен ғана шектелу, жаттығу жүктемелерін шамадан тыс немесе уақытынан тыс күшейту қауіп тудырады.

Балалар мен жасөспірімдердің ағзасы шамалы аэробты және анаэробты өнімділік болып есептеледі. Бұл ерекшелік әсіресе анаэробты жаттығулар барысында қабілеттілігін шектейді[3].

Жаңадан келіп, шебер болғанға дейін мықты гандболшылар 6-9 жыл мақсатты бағытталған оқу-жаттықтыру жұмыстарынан өтеді (дарындылары 5-7 жылда). Спорттық іріктеу ұйымдастыру-әдістемелік іс-шаралар жүйесін қарастырады, оған педагогикалық, психологиялық, дәрігерлік-биологиялық және әлеуметтік зерттеу әдістері кіреді, оның негізінде белгілі бір спорт түрінен мамандандыруға балалардың жасөспірімдер мен жігіттердің қабілеттері анықталады.

Осыған сәйкес төмендегіше маңызды жұлгелерді бөліп қарастырады:

1. спорттық бағдар (дарынды балаларды табу, оларға гандболмен айналысуға бағыт беру және мамандырылған жаттықтырудың бастапқы сатыларына әкелу);

2. гандболдағы спорттық жетілдіруге қабілеттілігі мен болашағын анықтау;

3. жоғары нәтижеге жетуге қабілетті команданы топтау мен ұжымды қалыптастыру үшін іріктеу.

Потенциалдық спорт мүмкіндіктерін анықтау үшін гандболдағы жоғары нәтижелерді анықтайтын ықпалдар туралы нақты түсінік болуы қажет. Белгілі спортшылардың жеке сапаларын, олардың ойын қимылдарын, спорттық жолын зерттейді. Жоғары дәрежелі ойыншы лайық болуы тиіс талаптар негізінде ойыншылар мен командалардың үлгі сипаттамасы құрылады.

Алғашқы дайындық бағдарламасының негізгі бағыты - оқушылар. Ол жас спортшыларды кең тараған тәсілдік-әдістік құралдарға табысты оқыту арнайы дене дайындығының жоғарғы деңгейіне жету үшін алғышарттар негізделген. Гандболдан спорт мектептері жұмыстарының негізгі көрсеткіштері - әр жылдың соңында оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын бағдарламалық талаптарды орындау. Бірінші жылдағы дене дайындығы баланы жан-жақты дамытуға негізделген, ол бұдан кейінгі жұмыстарда сабаққа тұрақты қызығушылығын қалыптастыруға көмектесетін, қажетті ойын дағдылары мен өнерін меңгеруге жол ашады. Бұл кезеңде жүргізілген жұмыстар сауықтыру бағытында жүргізіліп, сымбатты қалыптастыруға, сезім мүшелері мен ағзаның буын жүйелерінің қызметін жетілдіруге жәрдемдесуі тиіс[6].

Қорыта айтса құрылыс жағдайына қарамастан, қолда бар алаңдарды пайдалану, мини спорт түрлері, оның ішінде мини-гандбол арқылы мектеп бағдарламасындағы спорт ойындарын түрлендіру оқушылардың жан-жағынан дамуына үлес қосары сөзсіз. Дене қимылдарының барлық элементтерінен құралған, шапшаңдық пен ептілікті дамытатын, төзімділікке баулитын бұл спорт түрінің кең құлаш жаюы, тек мектеп бағдарламасы бойынша ғана емес, сонымен қатар арнайы үйірме ретінде ашылып, арнайы командалардың құралуы орынды және маңызды болып табылады [5].

**Корытынды.** Спорттық ойындар, оның ішінде гандбол ойыны жеке тұлғаның жалпыға қарай ұласатын мәдениетінің құрамдас бөлігі, қозғалыс қызметтеріне жақсы тиімді әсер етіп және денсаулықты нығайтуға педагогикалық үрдісті бағыттаған көмегімен қалыптасқан, өзіне ағзаның функционалды мүмкіншіліктерін көтеру бірлігін жинайтын, ақыл-ой және дене еңбегінің қабілеттілігін, ақылдылық қасиеті, ынталы, тапқыр, байымды, адамгершілік қасиеті, өзін-өзі ұстау, тәртіптілік, шыншыл, батыл, шешімді, дене шынықтыру бірлігінде тану және тәртіпке келу, жеке тұлғаның әр түрлі қасиетін көрсетуге жетелейді. Мектептің құрылыс жағдайына қарамастан, қолда бар алаңдарды пайдалану, мини спорт түрлері, оның ішінде мини-гандбол арқылы мектеп бағдарламасындағы спорт ойындарын түрлендіру оқушылардың жан-жағынан дамуына үлес қосары сөзсіз.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ:

1. **Д. Н. Жүнісбек, Б. З. Зәуренбеков, Н. Э. Кефер, Е. Т. Шанкулов, Р. Б. Абеков.** Гандбол ойынын оқыту әдістемесі. Оқу құралы. Қазақ спорт және туризм академиясы / 2019ж-21-236 .
2. **Игнатъева, В. Я.** Гандбол : учеб. для студентов вузов / В. Я. Игнатъева. – М. : Физ. культура, 2008 г – 383 б.
3. **Голуб, О. С.** Подготовка юных гандболистов : пособие / О. С. Голуб, Г. Бутцек, А. Г. Мовсесов ; под ред. А. И. Бондаря. – Минск : Полымя, 1994-79 б.
4. **Шестаков М. П.** Гандбол. Тактическая подготовка. СпортАкадемПресс, 2001. – 132 б.
5. **Зубрицкая, Е. Л.** Обучение техническим приемам игры в гандбол : метод. рекомендации / Е. Л. Зубрицкая, А. В. Железнов ; М-во образования Респ. Беларусь, Витеб. гос. ун-т им. П. М. Машерова. – Витебск : ВГУ им. П. М. Машерова, 2005-44 б.
6. **Игнатъева, В. Я.** Подготовка гандболистов на этапе высшего спортивного мастерства : учеб. пособие / В. Я. Игнатъева, В. И.Тхорев, И. В. Петрачева ; под общ. ред. В. Я. Игнатъевой. – М. : Физ. культура, 2005г -261-265 б.

## ПОПУЛЯРИЗАЦИЯ ИГРЫ В ГАНДБОЛ СРЕДИ ПОДРОСТКОВ

**Мухамбаев Бектас Рахимбиевич**  
*магистр педагогических наук.*

**Аскарров Руслан Аскарлович**  
*магистр педагогических наук НАО «Университет имени Шакарима г. Семей».*

☰ **Аннотация:** В данной статье рассмотрены вопросы повышения интереса к гандболу среди детей и подростков в процессе физического воспитания, кроме того работа по пути формирования показателей физического воспитания детей и подростков. Предусмотрена работа по пропаганде игры в мяч.

⇨ **Ключевые слова:** гандбол, пропаганда, физическая культура.

## POPULARIZATION OF THE GAME OF HANDBALL AMONG TEENAGERS

**Mukhambayev Bektas Rakhimbievich**  
*Master of Pedagogical Sciences.*

**Askarov Ruslan Askarovich**  
*Master of Pedagogical Sciences NAO Shakarim Semey University.*

☰ **Annotation.** This article discusses the issues of increasing interest in handball among children and adolescents in the process of physical education. In addition, on the way to the formation of indicators of physical education of children and adolescents, work is provided to promote the ball game.

⇨ **Keywords:** handball, propaganda, physical culture.

FTAMP 77.03.07

## СТУДЕНТТЕР ӨМІРІНДЕГІ СПОРТТЫҚ АЭРОБИКАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Мырзаев Мелекша Османұлық**  
*қауымдастырылған профессоры (доцент).*

**Туленова Холидин Бектурганқызы**  
*старший преподаватель С.Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық Зерттеу университеті, Астана, Қазақстан.*

■ **Аңдатпа.** Дәстүрлі дене шынықтыру жүйесі денсаулықты нығайту тұрғысынан негізгі бағытты толық жүзеге асырмай отырғандығы анықталды. 1-2 курс қыздары үшін жалпы дене дайындығына негізделген бағдарламалар жүргізіледі. Эксперимент ретінде 2 курс студенттері үшін аэробты жаттығуларды пайдалана отырып, дене шынықтыру әдістері қолданылды. Сонымен студенттерге мерекелік көңіл-күй сыйлайтын, денсаулықтарын нығайта түсетін функционалды тірек-қимыл аппаратын дамытуға бағытталған спорттық аэробикадан жарыстар өткізілді.

→ **Түйін сөздер:** дені сау бала, салауатты ұрпақ үшін, спорт мерекесі, денсаулық күні мерекесі, бұқаралық спорттық шаралары.

Мерекелер ежелден адам өмірінің ең маңызды бөлігі болып келеді. Оларсыз адам өмірін елестету мүлде мүмкін емес. Мерекелер – адамдар өмірінің ең жағымды және әдемі жақтарын көрсететін айна.

Мереке – қуаныш пен көңілді күн деп есептеуге болады. Шынында да, мерекелердің, атаулы күндердің, маңызды оқиғалардың, үлкен жетістіктердің арқасында адам өмірінде қуанышты және салтанатты сәттер жасалады.

2022 жылды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Балалар жылы деп жариялады. «Дені сау бала» бағытында баланы дамыту үшін 39 кабинет жұмыс істейді. Себебі, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау – еліміздің әлеуметтік-құқықтық саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Рухани және физикалық сау ұрпақты қалыптастыру, онда салауатты өмір салтын ұстануға күш салу, спортқа деген сүйіспеншілік өскелең ұрпақты тәрбиелеудің ең маңызды міндеті болып табылады. Бұл Қазақстан Республикасының «Дене тәрбиесі және спорт туралы» Заңында (2014 ж.), «Салауатты ұрпақ үшін» Мемлекеттік бағдарламасында (2023 ж.), Президенттің Қазақстан халқына жолдауында (2022 жылғы 16 наурыз), көзделген міндеттер негізінде жүзеге асырылады. «Салауатты өмір салты» кешенді бағдарламасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. (1999 жылғы 30 маусым) [1].

Мерекелердің адам өмірінде маңызды орын алатыны соншалық, оларды тойламайтын бірде-бір қоғам, отбасы, адам жоқ. Әр ұлттың, әр елдің даму тарихында қалыптасқан өзіндік мерекелері бар.

Орта Азия халықтарының, оның ішінде қазақ халқының ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан мерекелері көп. Олар белгілі бір ерекшеліктерін жоғалтты, бірақ толығымен жойылған жоқ. Қалған мерекелер қазақ халқының өміріне берік еніп, бүгінгі күнге дейін сақталған.

Әдеттегідей, «Мереке» сөзі маңызды оқиғаны, маңызды күнді (қуанышты және жақсы көңіл-күй) білдіреді. Шын мәнінде, солай. Дегенмен, «Мереке» ұғымы кеңірек және тереңірек ұғымға ие. Оның тамыры адам болмысының қайнар бұлағымен астасып жатыр.

Сондай-ақ, адамның күнделікті өмірінде қуаныш пен тәжірибе болады. Ғалымдардың өз еңбектерінде мерекелерді табиғат құбылыстарымен байланысты ең маңызды күндер деп сипаттаса, ғалым Махмұд Қошғари мерекелерді қуаныш пен көңілді күндер деп сипаттайтыны да сондықтан болар.

Шынында да, мереке жоғары эмоционалды көңіл-күй туғызатыны сонша, мереке күні қарапайым күндерде әрбір адам өзін қуанышты, көңілді және бақытты санайды. Әсіресе, жас жеткіншектердің дене, ақыл-ой, рухани тәрбиесінде, сондай-ақ күшті, епті, сезімтал, батыл тұлға болып қалыптасуында мерекелердің маңызы зор.

Өмір тәжірибесі көрсеткендей, кез келген мерекеде халық ойындары мен жарыстары көп болса, қызықты да көңілді өтеді. Қандай мерекелерде халық ойындары әлі күнге дейін сақталған, мысалы, әртүрлі жануарлардың бейнесі.

Ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан «Мизам» «Қымызмұрындық», «Соғымбасы», «Егін мерекесі», «Наурыз мерекесі» мерекелерінің бағдарламасына міндетті түрде спорттық жарыстар мен халық ойындары кіреді. Мысалы: «Ат шеберлігі», «Ат жарысы», «Қыз қуу», «Ат үстінде жүгіріп жердегі орамалды алу», «Ат үстінде гимнастикалық жаттығуларды орындау» [2, 3].

Соңғы уақытта дене шынықтыру мен спортты дамыту бағытында ауқымды жұмыстар жүргізіліп, соның нәтижесінде арнайы спорттық мерекелер ұйымдастырылуда. Спорттық мерекелердің бір түрі ретінде көптеген спорттық жарыстар өткізіледі. Спорттық мерекелер республикалық орталық стадиондарда, спорттық-мәдени кешендер мен басқа да стадиондарда өткізіледі. Бүгінде спорттық мерекелерді ұйымдастыру жақсы деңгейде. Дегенмен, спорттық мерекелер (көптеген спорттық жарыстар сияқты) адамдарды екі топқа, яғни қатысушылар мен көрермендерге бөледі. Бүгінгі күні мемлекеттік мерекелер мен халықтық мерекелерде бұқаралық спортты, яғни жастар да, қарт кісілерде бірдей қатысқан спорт түрлерін кеңінен пайдалану қажет.

«Спорт мерекесі», «Денсаулық күні мерекесі», «Жүгіру күні» сияқты бұқаралық спорттық шараларды ұйымдастыру және өткізу адамның, әсіресе балалар мен оқушылардың физикалық және рухани дамуында үлкен маңызға ие.

Бұқаралық спорт және демалыс мерекелерінде халық ойындары біртіндеп қолданылып келе жатыр деуге болады. Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде өткеннің рухани мұрасын, атап айтқанда, жастар да, аға буын да бірдей қатысатын халық ойындарын кеңінен пайдалану қажет.

Халық ойындарын қайта оралтып, өмірге енгізу үшін жер-жерде бірқатар шараларды өткізу қажет. Мысал ретінде Астана қаласы ЖООдары арасында ұйымдастырылып жатқан Студенттер Универсиадасы, Студенттер ЛигасыНДА (Тоғызқұмалақ, Асық атуға (Бес тас)қа арналған студенттік спорт лигасы) айтуымыз мүмкін.

Сондай-ақ, орынды мәдениет және демалыс саябақтарында, мәдени-спорт кешендерінде, стадиондарда және басқа жерлерде халық ойындарының мерекелерін, дәстүрлі ойындардан жарыстарды ұйымдастыру және өткізу өте қажет. Ғасырлар бойы қалыптасқан халық ойындарының халық өміріне қайта оралуы, заманауи ойындармен байытылуы – бүгінгі күннің талабы.

Сонымен қатар спорттық шараларды ұйымдастыру және өткізу қозғалыс белсенділігін арттыруда, белсенді демалысты қамтамасыз етуде, дене жаттығулары процесінде үйренген қозғалыс дағдыларын нығайтуда маңызды рөл атқарады. Әрбір мұғалім спортты мерекелерді ұйымдастырып, жүргізе алады. Өйткені ол арнайы техникалық немесе ұзақ дайындықты қажет етпейді. Дегенмен, оларды ұйымдастыру мен жүргізудің өзіндік ережелері мен әдістері бар.

Университет студенттері арасында Спорттық аэробика жарысы жыл сайын өткізіліп барылады, бұл студент қыздарымыз арасында мерекелік қоғыл күйді туғызады.

Өртүрлі жаттығулармен аэробты гимнастика. Аэробты гимнастика (грек тілінен аударғанда «аеро» – ауа және «биос» - өмір) – әдетте, демалу үшін үзіліссіз, ұлттық музыкамен белгіленген жылдам қарқынмен орындалатын қарапайым жалпы дамыту жаттығуларының кешені. Кешендер барлық негізгі бұлшықет топтарына және дененің барлық бөліктеріне арналған жаттығуларды қамтиды: қолмен, аяқпен тербелу және айналмалы қозғалыстар; дененің және бастың қисаюы мен бұрылуы; осы қозғалыстардың қарапайым комбинациялары, сондай-ақ екпіндегі жаттығулар, сұр, бейім күйде. Бұл жаттығулардың барлығы екі және бір аяқпен секірумен, орнында жүгірумен және барлық бағытта аздап алға жылжумен, біріктірілген. 10-15-тен 20-30 минутқа дейін сабақтардың жылдам қарқыны мен ұзақтығына байланысты. Аэробты гимнастика тірек-қимыл аппаратына әсер етумен қатар, жүрек-тамыр және тыныс алу жүйесіне үлкен әсер етеді.

Спорттық мерекелердің мақсаты – балалардың белсенді демалысын қамтамасыз ету. Спорттық мерекелер тарихи атаулы күндердің немесе басқа да оқиғалардың құрметіне өткізілуі мүмкін. Кез келген спорт мерекесінің мақсаты, міндеті, мазмұны болуы керек. Спорттық іс-шараны өткізу алдында спорттық іс-шараны ұйымдастыру және өткізу жоспары жасалады, ол педагогикалық кеңесте талқыланып, бекітіледі. Содан кейін жоспар негізінде сценарий жасалады.





Студент қыздардың әртүрлі би бағыттары мерекелік іс-шараларына қатынасы оң мотивациямен, сабаққа деген қызығушылықпен және оларға қанағаттанушылықпен ерекшеленетінін атап өткен жөн. Тәрбие процесінің бұл ерекшелігін көптеген авторлар атап көрсетеді [4]. С.А.Носкова (2002) және басқа мамандардың пікірінше, музыкалық шығармаларды дайындау қыздардың дене қасиеттерін үйлесімді дамытуға ғана емес, сонымен қатар эстетикалық және қозғалыс мәдениетін тәрбиелеуге, дене бітімі мен қалпын жақсартуға, денсаулықты нығайту мүмкіндігін береді [5, 6].

Спорттық аэробика жаттығуларының әйел-қыздар денесіне әсері ерекше. Жаттығудың оң әсерін негізінен 3 негізгі топқа бөлуге болады:

1. Тірек-қимыл аппаратының бұлшықеттері мен буындарын дамыту және нығайту.

2. Дене қабілеттерін дамыту.

3. Студент қыздардың денесін ұрпақ әкелуге (бала тууға) дайындау.

Сценарийге сәйкес спорт мерекесіне дайындық жұмыстары жүргізілуде. спорт мерекесі тиімді және жоғары деңгейде жүргізілуі тиіс. Мерекені шын мәніндегі мерекелік және салтанатты рухта өткізу үшін өткізілетін орынды безендіру керек. Музыка, микрофон, спорттық құрал-жабдықтар, хаттамалық бланкі, өнімділікті бағалауға арналған цифрлық плакаттар, ынталандыру сыйлықтары және т.б. қамтамасыз ету қажет.

Спорт мерекесінің сценарийі шамамен келесідей болуы керек: спорт мерекесінің басшысы мереке басталардан 1-1,5 сағат бұрын өз орнында болуы керек, өткізілетін орынды

мұқият қарап шығуы, музыкалық өңдеулердің, спорттық жабдықтардың, радиоорталықтың болуын тексеру, магнитофон, кассеталар, түрлі сыйлықтар, дипломдар, сертификаттар, шыныаяқтар, шарлар, арқан және басқа да инвентарлар. Кез келген оқиғаға мұқият дайындық қана оны тиісті деңгейде өткізуге көмектеседі.

Республикада жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени, рухани-ағартушылық салалар білім беру мен оқыту жүйесін түбегейлі жаңартуды және дамытуды талап етеді.

Сондықтан білім беру жүйесін заман талабы мен жетістіктеріне сай дамыту, жас ұрпақты рухани және тәні сау, жан-жақты дамыған, жоғары мәдениетті етіп тәрбиелеу – мемлекеттік саясаттың аса маңызды бағыты мен басымдығы.

Бұл бағытты қолдану қатысушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді, би процесінде қыздар өнермен тығыз байланыста болады, қимыл-қозғалыс сұлулығын сезінеді. Би композицияларының шиеленісті, шаршауды жеңілдетуге және көңіл-күйді жақсартуға көмектесетін қатысушылардың эмоционалдық жағдайына емдік әсерін атап өткен жөн.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ:

1. Дене тәрбиесі және спорт туралы заңы. 2014 ж.
2. **Artamonova T.** Factor structure of motor abilities in preschool children aged 4-6 years. /Man in the world of sports. I volume, «Physical culture, education and science», Moscow. 1998, p. 316.
3. **Ataev A. K.** Improving the pedagogical culture of parents in matters of physical education of children in the family. // Maktabi Council, 1983, N4, - S. 54-58.
4. **Малиновская Н. В.** Спортивные праздники и выступление в структуре физической рекреации.: Автореф. дис. ... канд.пед.наук. – Санкт-Петербург, 2003. – 25 с.
5. **Носкова С. Н.** Чирлидинг как инновационный вид спорта в преподавании физической культуры. – М.: 2002. - №6. – С.49-51.
6. **Погребная У. Л.** Танцевально-двигательная подготовка как фактор модернизации содержания физического воспитания.: Автореф. дис. ... канд. пед.наук. – Краснодар, 2003. – 29 с.

## ОСОБЕННОСТИ СПОРТИВНОЙ АЭРОБИКИ В ЖИЗНИ СТУДЕНТОВ

**Мырзаев Мелекша Османович**

*ассоциированный профессор, доцент.*

**Туленова Холидин Бектургановна, старший преподаватель**

*Казахский агротехнический исследовательский университет имени С. Сейфуллина, Астана.*

☰ **Аннотация.** Установлено, что традиционная система физического воспитания не в полной мере реализует основное направление в плане укрепления здоровья. Программы, основанные на общей физической подготовке, проводятся для девочек 1-2 курсов. В качестве эксперимента для студентов 2 курса были использованы методы физической тренировки с использованием аэробных упражнений. Одновременно проводились соревнования по спортивной аэробике, направленные на развитие функционального опорно-двигательного аппарата, который дарит студентам праздничное настроение и укрепление здоровье.

⇒ **Ключевые слова:** здоровый ребенок, за здоровое поколение, спортивный праздник, праздник «День здоровья», массовые спортивные мероприятия.

## FEATURES OF SPORTS AEROBICS IN THE LIFE OF STUDENTS

**Myrzaev Meleksha Osmanovich**

*Associate Professor.*

**Tulenova Kholidin Bekturganovna,**

*Senior teacher S.Seifullin atyndagi Kazakh Agrotechnical University of Zertteu, Astana, Kazakhstan.*

☰ **Annotation.** It has been established that the traditional system of physical education does not fully implement the main direction in terms of health promotion. Programs based on general physical training are conducted for girls of 1-2 years. As an experiment, physical training methods using aerobic exercises were used for 2nd year students. At the same time, sports aerobics competitions were held, aimed at developing a functional musculoskeletal system, which gives students a festive mood and improved health.

⇒ **Keywords:** healthy child, for a healthy generation, holiday, sports festival, Health Day holiday, running day, mass sporting events.

МРНТИ 77.03.15

## ЙОГА КАК ОДНА ИЗ СОВРЕМЕННЫХ ФИЗКУЛЬТУРНО – ОЗДОРОВИТЕЛЬНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ. ВИДЫ ЙОГИ.

**Науатов Серикхан Кадирханович**

*магистр педагогических наук, старший преподаватель,*

*E-mail: 1981serik@mail.ru*

**Ахметов Несипжан Аманжолович,**

*старший преподаватель, Таразский региональный университет имени М. Х. Дулати г. Тараз,*

*E-mail: ahmetovnesipzhan@gmail.com*

■ **Аннотация:** Йога завоевала популярность как современная физкультурно-оздоровительная технология. Она сочетает в себе физические тренировки, дыхательные упражнения, медитацию и этические принципы, способствующие физическому, психическому и духовному благополучию. В данной статье рассматриваются различные виды йоги и их польза для человека.

→ **Ключевые слова:** йога, физическая культура, оздоровление, фитнес, гармония.

**Введение.** В последние годы наблюдается повышенный интерес к занятию йогой как средству физического развития и оздоровления. Йога зародилась в древней Индии и сегодня стала мировым трендом. Это эффективный метод упражнений для улучшения гибкости, сил и общего состояния здоровья. В этой статье рассматриваются различные виды йоги и их уникальные преимущества.

### Виды йоги:

**Хатха** – йога – наиболее популярный и широко практикуемый вид йоги. В ней особое внимание уделяется физическим позам (асанам) и дыхательным техникам (пранаяме). Хатха-йога фокусируется на равновесии тела, ума и дыхания, чтобы создать баланс и гармонию внутри человека. Она помогает развить силу, гибкость и душевный баланс.

**Виньяса** – йога – это динамичный стиль йоги, который синхронизирует движение с дыханием. Она предполагает перетекание из одной позы в другую в виде серии движений. Виньяса-йога известна своей плавностью и возможностью творчества, позволяя практикующим выразить себя через движение. Она улучшает сердечно-сосудистую систему, укрепляет мышцы и повышает уровень осознанности своего тела.

**Аштанга** – йога – это энергичный и физически требовательный стиль йоги. Здесь используется последовательная серия поз, в которых дыхание синхронизируется с движением. Аштанга-йога известна тем, что уделяет особое внимание укреплению мышц, гибкости и выносливости. Это сложная практика, которая помогает развить дисциплину, концентрацию и самосознание.

**Бикрам** – йога – также известная как «хот йога», практикуется в помещении, нагретом примерно до 40,6°C и влажностью 40%. Она состоит из серии 26 поз и двух дыхательных упражнений. Тепло и влажность в помещении способствуют растяжке мышечных тканей и выведению токсинов. Бикрам-йога способствует развитию выносливости, гибкости и снижению веса.

**Кундалини** – йога – это духовная и медитативная форма йоги. Она направлена на пробуждение спящей энергии в теле (кундалини) с помощью физических поз, дыхания, песнопений и медитации. Кундалини-йога направлена на достижение высшего состояния сознания и обеспечивает ясность ума, снятие стресса и внутреннее равновесие.

Йога как инструмент физической подготовки

### 1.1 Гибкость и широкий спектр движений

Позы йоги, или асаны, направлены на растяжение и укрепление мышц, что улучшает гибкость и подвижность суставов. Регулярные занятия йогой улучшают растяжку мышц, снижая риск получения травм во время физических нагрузок.

### 1.2 Сила и мышечный тонус

Позы йоги заставляют участников задействовать различные группы мышц, что приводит к улучшению мышечного тонуса и силы. Удержание поз развивает мышечную выносливость и способствует общей физической подготовке.

### 1.3 Баланс и координация

Многие позы йоги требуют балансирования на одной ноге или поддержания сложных позиций. Это улучшает чувство равновесия и координацию, что очень важно для физической активности и снижает риск возникновения несчастных случаев.

Йога с точки зрения психического здоровья

2.1 Снижение стресса и эмоциональное благополучие

Занятия йогой вызывают состояние полного расслабления, снижая уровень стресса и способствуя эмоциональному благополучию. Йога сосредоточена на техниках глубокого дыхания и медитации, которые успокаивают сознание, смягчая симптомы тревоги и депрессии.

2.2 Когнитивная деятельность и концентрация внимания

Практика йоги способствует развитию осознанности и ясности мышления, что приводит к улучшению когнитивных способностей. Регулярные занятия йогой могут улучшить концентрацию внимания, память и общую остроту ума.

Йога с точки зрения комплексного оздоровления

3.1 Здоровье дыхательных путей

Дыхательные техники йоги, известные как пранаяма, способствуют увеличению объема легких, укрепляют респираторные мышцы и улучшают поглощение кислорода. Это способствует укреплению общего состояния дыхательных путей и повышению иммунитета.

3.2 Качество сна

Практика йоги помогает регулировать режим сна и улучшает его качество. Техники расслабления помогают бороться с бессонницей, что приводит к более спокойному и восстанавливающему сну.

Интеграция йоги в программы физической культуры

4.1 Расширение учебной программы

Включение йоги в учебные программы по физической культуре может разнообразить программы тренировок, удовлетворяя потребности и предпочтения всех студентов. Инклюзивность йоги способствует физической активности людей с разным уровнем физической подготовки.

4.2 Продвижение физической активности на протяжении всей жизни

Знакомство студентов с йогой в рамках физической культуры, они приобретают необходимые навыки и знания для самостоятельных занятий йогой на протяжении всей жизни, что способствует формированию приверженности к физической активности и общему хорошему самочувствию на всю жизнь.

**Заключение.** Сегодня йога стала популярной и эффективной физкультурно-оздоровительной технологией в современном обществе. Различные виды йоги предлагают людям разные пути к достижению физического, психического и духовного благополучия. Практика йоги дает множество преимуществ, включая улучшение физической формы, ясность ума, снятие стресса и улучшение общего самочувствия. Включение

йоги в повседневную жизнь может привести к более здоровому и сбалансированному образу жизни.

## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. **Iyengar B. K. S.** Light on Yoga: Yoga Dipika. Thorsons Publishers, 1966.

2. **Kaminoff L. & Matthews A.** Yoga Anatomy. Human Kinetics, 2011.

3. **Lasater J.** Relax and Renew: Restful Yoga. Rodmell Press, 2011.

4. **McCall T. J.** Yoga as Medicine: The Yogic Prescription for Health and Healing. Bantam, 2007.

5. Sivananda Yoga Vedanta Centre. The Sivananda Companion to Yoga: A Complete Guide to the Physical Postures, Breathing Exercises, Diet, Relaxation, and Meditation Techniques of Yoga. Simon & Schuster, 2000.



## ЙОГА ЗАМАНАУИ ФУЗМӘДЕНИ-САУЫҚТЫРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ. ЙОГА ТҮРЛЕРІ

**Науатов Серикхан Кадирханович**

*педагогика ғылыми магистрі, аға оқытушы*

*E-mail: 1981serik@mail.ru*

**Ахметов Несіпжан Аманжолұлы**

*аға оқытушы, М.Х.Дулатаи атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.*

*E-mail: ahmetovnesipzhan@gmail.com*

■ **Андатпа:** Йога заманауи дене шынықтыру және сауықтыру технологиясы ретінде танымал болды. Ол физикалық, психикалық және рухани әл-ауқатқа ықпал ететін физикалық жаттығуларды, тыныс алу жаттығуларын, медитацияны және этикалық принциптерді біріктіреді. Бұл мақалада йоганың әртүрлі түрлері және олардың адамдар үшін пайдасы қарастырылады.

⇒ **Түйінді сөздер:** йога, дене шынықтыру, сауықтыру, фитнес, үйлесімділік.

## YOGA AS ONE OF THE MODERN PHYSICAL CULTURE AND HEALTH-IMPROVING TECHNOLOGIES. TYPES OF YOGA.

**Nauatov Serikhan Kadir Khanovich**

*Master P.N., Senior lecturer*

*E-mail: 1981serik@mail.ru*

**Akhmetov Nesipzhan Amanzholovich**

*Senior lecturer, M.H.Dulati Taraz Regional University*

*E-mail: ahmetovnesipzhan@gmail.com*

■ **Annotation.** Yoga has gained popularity as a modern physical education and health-improving technology. It combines physical postures, breathing exercises, meditation, and ethical principles to promote physical, mental, and spiritual well-being. This paper explores the various types of yoga and their benefits to individuals.

⇒ **Keywords:** yoga, physical education, wellness, fitness, harmony.

FTАМП 77.03.15

## САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНЫҢ ТЕОРИЯСЫ

**Өксікбаев Ізбасар, Есмахай Ербол, Аганиязов Нурдаулет, Ешенәлі Сакен**  
«Спорттық пәндер әдістемесі» кафедрасының оқытушы-магистрлары  
М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті.

■ **Аңдатпа.** Салауатты өмір сүру салты – био-әлеуметтік санат. Салауатты өмір сүру салты интегративті түрде қалыптасады және адамның іс-әрекетіне байланысты болады. Салауатты өмір сүру салтына шаруашылықтағы күнделікті үй тұрмысы, материалдық және рухани қалпын қанағаттандыру үшін қоғамдық ұйымдарда өзін-өзі ұстай білу, қоғамдық тәртіппен санасу, артық сөз айтпау, саясатпен орынсыз айналыспау, қандай да бір адамды жамандамау, біреуді біреуге шағыстырмау, өзін ақылды санап, басқаларды ақымақ ретінде көрмеу, ата-анамен тәрбиелік қарым-қатынаста болу, тазалық гигиенасын сақтау, дұрыс тамақтану, зиянды әдеттерден аулақ болу, спортпен шұғылдану тағы басқалары жатады.

⇒ **Түйін сөздер:** салауатты өмір салты, спорт, денсаулық, дене шынықтыру.

Салауатты өмір сүру салтын сақтау - әр азаматтың мақсатының бірі. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың еліміздің халқына жолдауында 2030 жылға дейін экономикалық - әлеуметтік биіктерге көтерілу үшін рухани байлықтың, денсаулықтың қажеттігі атап көрсетілгені мәлім. Сондықтан Жолдаудағы салауатты өмір салтын қалыптастыру, оны насихаттау шараларын белсендірек жүргізгеніміз абзал. Әсіресе, жас ұрпақтың бойына тазалық пен сергектікті орнықтыру – біздің міндетіміз. Сондықтан да басты міндеттердің бірі - балаларды ауырмауға, денсаулықтарын күтуге, салауатты өмір салтын ұстануға, гигиеналық дағды жан мен тән саулығын жан-жақты дамыту, өзінің қабілетін жетілдіру, ата-ана мен баланы бір-бірін тануға үйрету, үлкендерді сыйлауға бағыттау оқу орындары оқытушыларының, әсіресе дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің басты міндеті болып табылады.

Салауатты сөзінің негізгі мағынасы, парасатты, байыпты, ақылды, ойлы, білімді, зерделі және сабырлы деген ұғымды білдіреді. Қоғамдағы азаматтың өмірінің соңына дейін денсаулығының мықты болуы қоршаған ортаның тазалығына байланысты. Өмір сүру салты дегеніміз - әрбір жеке адамнан бастап, бүкіл қоғамның қалай еңбек етіп, қалай тұрмыс құрып, бос уақытында демалатыны, қысқасы, олардың қалыптасқан өмір тіршілігі, яғни, адамның өмір сүру салты қандай болса, өзі де сондай, өмір сүру салты - тұлға мен қоғам деңгейінің прогресті даму көрсеткішінің категориясы.

Салауатты өмір сүру салты тұлға және адам деңгейінде болуы әлеуметтік, экономикалық жағдайларға байланысты болады, адамның психикасына, денсаулығына, ағзаның функционалды-биологиялық қасиеттеріне де байланысты. Биологиялық ерекшелігіне байланысты салауатты өмір сүру салты біркелкі

болады. Әр адам өзіне тән қалыптасқан өмір салтымен тіршілік етеді. Ол ұрпақтан-ұрпаққа ген арқылы беріліп отыруы мүмкін. Осыған байланысты салауатты өмір сүру салты 3 санатқа бөлінеді:

1. Салауатты өмір сүру деңгейі;
2. Салауатты өмір сүрудің сапасы;
3. Салауатты өмір сүрудің стилі.

Салауатты өмір сүру деңгейі – экономикалық категория. Адамның материалдық және моральдық-рухани қажеттілігін толығымен қамтамасыз ету.

Салауатты өмір сүру сапасы- әлеуметтік категория – үй-іші қызмет ететін орындар (оқу орындары, мектептер) неше түрлі адам денсаулығын қамтамасыз ететін жайлы жиһаздар және зертханалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі. Салауатты өмір сүру стилі-әлеуметтік психологиялық категория – адамның қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстауы және көрсете білуі.

Салауатты өмір сүру деңгейі мен салауатты өмір сүру сапасы эквипотенциалды болып келеді. Сондықтанда адам денсаулығының жақсы және нашар болуы оның салауатты өмір сүру стиліне байланысты. Ал, салауатты өмір сүру стилі тарихи және ұлттық дағды – дәстүрлер арқылы қалыптасады. Тағы да тұлғаның бейімділігіне байланысты болады.

Салауатты өмір сүру салтының негізгі биологиялық және әлеуметтік қағидаттары:

Биологиялық қағидаты:

- Салауатты өмір сүру салты адамдардың жас ерекшеліктеріне;
- Салауатты өмір сүру салтының энергетикасына;
- Салауатты өмір сүру салтының эстетикалық қызметіне;
- Салауатты өмір сүру салтының ритмикалық үрдістеріне;

- Салауатты өмір сүру салты денсаулықты жақсартуға байланысты болуы керек.

- Әлеуметтік қағидаты:

- Салауатты өмір сүру салты және эстетикалық қызметі;

- Салауатты өмір сүру салты рухани түрде жеткілікті;

- Салауатты өмір сүру салтын ерікті түрде дамыту;

- Салауатты өмір сүру салтында адамның үшінші жағдайда болмауын қамтамасыз ету.

Сонымен, еліміздің кез келген азаматы салауатты өмір сүру үшін парасатты, зерделі және білімді болуы керек.

Әсіресе, денсаулығына дұрыс қарап, білімді болғаны жөн. Биологияда, медицина мен психологияда қаншама түсініксіз жайлар бары таңқаларлық. Әрине, адам миының жұмысын түсіндіру қиын: 15 миллиард жүйке жасушалары бар, олардың әрқайсысы мыңдаған, тіпті миллиондаған басқа жасушалармен байланысқан және жүйелі жұмыстарды атқарады. Адам генінде не жазылғанын оқу да оңай емес.

Адам үшін денсаулықты сақтап қалу – мақсат. Дұрыс тамақтану – мақсат, әрекет жасау – мақсат. Мақсаттар көп, ал уақыт пен күш шектеулі. Таңдауға тура келеді. Мақсаттар бәсекеге түседі. Қажеттісі қайсы: өкпе рагінен өлмеу ме, не болмаса, қыздардың алдында темекі тартып кербездену ме? Әрине, өлмеудің амалын жасау екені сөзсіз. Ертедегі ата-бабаларымыздан бізге, денені шынықтыруды қажет ететін дене мен кемістікке бейім биологиялық сезімдер немесе психика қалды.

Олардың біріншісі – жалқаулық. Адам жануарлар сияқты, ынталандыру болса ғана күш алады. Босаңсу әрқашан да жағымды. Тек балалар ғана ерекше: олар ешбір мұқтаждықсыз жүгіреді, ойнайды.

Екінші кемшілік – қомағайлық. Тамақ ішіп-жеуден қанағат табу – аса маңызды құбылыстардың бірі. Дәмді тамақ ішіп, оны басқа сезімдер сияқты, жаттықтыруға болады. Адам әлдеқашан етті қуыруды үйреніп, оны дәмді ету тәсілін пайдаланғаннан бері, өзінің тамақ сіңіру орталығын жаттықтырады.

Үшінші кемшілік – қорқыныш. Хайуандармен салыстырғанда, адамда қорқыныш күшейе түседі, өйткені ол бәрін есінде жақсы сақтайды, оның кейіннен болар салдарын да болжайды. Сондықтан тек оны өзінің ауырулары ғана емес, басқа біреулерден көргені, оқығаны немесе көргені оны үрейлендіреді.

Қорыта айтқанда, адам баласы ақылды, бірақ жалқау әрі қомағай. Табиғат оны тоқ және жеңіл өмір сүру үшін жаратқан жоқ. Мол және дәмді тамақты ішіп-жеп, рахаттанып, жылы жайда демалғанының есесін аурумен өтеуіңе тура

келеді. Егер алғашқыда, тамақтанудан қанағат алса, оның көлемі кейін тым көбейіп кетуі ықтимал. Дене азабы өркениет игілігінен келген барлық рахатты жоққа шығаруы мүмкін. Әрине, денсаулық сақтау режимін барлық адам қатаң ұстайды деуге болмайды, бірақ оған адамдардың көзін жеткізуге тырысу қажет: қауіпті ауруларға ұшырамас үшін, өзіне-өзі қажетті шек қоя білу, кімге болса да тиімді. Мұны салауатты, дұрыс мағынаға жетелейтін ғылым ғана жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа “Қазақстан – 2030” жолдауына сәйкес біздің елде де адам денсаулығының ең маңызды, ең басты екендігі жарияланып, жаппай салауатты өмір сүруге жағдайлар жасалуда. Осы игілікті істің айғағы – денсаулықты нығайтуға ықпал ететін орта құру арқылы мектептегі адамдардың барлығын салауаттылыққа тәрбиелеу жұмыстарының жүргізілуі.

Атап айтатын болсам, өзім жұмыс атқаратын М.Х. Дулати атындағы ТарМУ-да студенттер, оқытушылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруды бірінші орынға қойылған. ТарМУ-да «Сұңқар» спорт клубы жұмыс істейді. Онда студенттер әртүрлі спорт түрлеріне қатысып, өз денсаулықтарын сақтауға, спорт түрлерінен облыстық, республикалық, халықаралық жарыстарда өз мүмкіндіктерін көрсетуге жағдай жасалған.

Бүгінгі жастар – ертеңгі болашағымыз. Әр балаға ата-аналары, мектеп қызметкерлері жылылық нәрін беріп, үлкен үмітпен қараса, өзінің денсаулығын шыңдап, білімін арттыруға ұмтылған азаматтарды дайындауға әбден болады. Салауатты өмір салтын қалыптастыру арқылы ғана дені сау қоғамға жететіндігіміз айқын.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ:

1. **Тұрыскелдина М. Т.** Дене шынықтыру: Жалпы білім беретін мектеп. Алматы: Атамұра, 1999 жыл
2. **Уақбаев Е.** Дене тәрбиесінің негіздері Алматы: Санат, 2000 жыл.
3. **Ахмедов. К.** Дене тәрбиесі және спорт Алматы: Санат, 1997 жыл.
4. Энциклопедический словарь по физической культуре и спорта.
5. Гл. ред. **Кукушкин., Аксельрод С. Л. Бункин Н. А. Зимскин Н.** Москва, 1978 ж.
6. **Сотникова М. П.** Ходьба для здоровья. Москва: Физкультура и спорт, 1982.

## ТЕОРИЯ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ

**Өксікбаев Ізбасар**  
*преподаватель.*

**Есмахай Ербол**  
*преподаватель.*

**Аганиязов Нурдаулет**  
*преподаватель.*

**Ешенәлі Сакен**  
*преподаватель кафедры «Методики спортивных дисциплин»  
Таразский региональный университет им. М. Х. Дулати.*

☰ **Аннотация.** Здоровый образ жизни- это биосоциальная категория. Здоровый образ жизни- формируется интегративно и зависит от деятельности человека. Здоровый образ жизни- хозяйственная повседневная домашняя жизнь, умение вести себя в общественных организациях для удовлетворения материальных и духовных форм, считаться с общественным порядком, не говорить лишнего слов, не заниматься неадекватной политикой, не очернять людей, не жаловаться кому-то на кого-то, воспитательные отношения, соблюдение гигиены, рациональное питание, избегание вредных привычек, занятия спортом и многое другое.

⇒ **Ключевые слова:** здоровый образ жизни, спорт, здоровье, физическая культура.

## HEALTHY LIFESTYLE THEORY

**Oksikbayev Izbasar**  
*undergraduates-teachers.*

**Esmakhai Erbol**  
*undergraduates-teachers.*

**Aganiyazov Nurdaulet**  
*undergraduates-teachers.*

**Yeshenali Saken**  
*undergraduates-teachers of the Department of «Methods of sports disciplines»  
Taraz regional university named after M. H. Dulati.*

☰ **Annotation.** A healthy lifestyle is a bio-social category. A healthy lifestyle-is formed integrally and depends on the actions of a person. A healthy lifestyle is a household everyday life, the ability to behave in public organizations to satisfy material and spiritual forms, to take into account the social order, not to say superfluous words, not to engage in inappropriate politics, not to denigrate any people, not to complain about someone, to consider themselves smart and see others as fools, to have a well-mannered relationship with parents, to observe hygiene, to eat rationally, to avoid bad habits, to play sports, etc.

⇒ **Keywords:** healthy lifestyle, sports, health, physical education.

FTАМП 77.03.07

## ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУДЫҢ АДАМ АҒЗАСЫНДАҒЫ РӨЛІ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

**Пушкилов Жомарт**

«Спорттық пәндер әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы.

**Сиротина Наталия, Ахметов Несіпжан, Сулейменов Олжас**

«Дене тәрбиесі» кафедрасының аға оқытушылары М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті.

■ **Аңдатпа.** Денсаулық - әр адамның басты байлығы, құндылығы. Сондықтан денсаулықты сақтауға зор көңіл бөлу қажет. Денсаулықты сақтау - мемлекеттің әлеуметтік функцияларының бірі. Бірақ, әр адам өз денсаулығын қалпына келтіргеннен гөрі, басын сақтағаны оңай екендігін түсінуі керек. Осыдан келіп, нарық заманына көшкен елдердің әрқайсысы осы денсаулықтың сапасын дамытуда, оны қаржыландыруда өз саясатын жүргізуде. Мемлекет басшысы айтқандай, елдің көлешегі – біздің елдің адамдарының денсаулығын, олардың еңбекке деген қабілеті, өздерінен кейінгі ұрпаққа не қалдыратынына байланысты.

→ **Түйін сөздер:** денсаулық, спорт, құндылық, дене шынықтыру, дене тәрбиесі.

Біздің мемлекеттің аумағы үлкен болғанымен, ондағы халықтың саны аз, сондықтан табиғи өсім, халықтың әл-ауқатының жақсы болуы болашақ үшін маңызды. Сондықтан, 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында халық денсаулығы басым бағыттарының бірі болып белгіленді.

Қазақстан Президенті өзінің Жолдауында әсіресе, балалармен жасөспірімдер денсаулығына ерекше мән беру керектігін атап өткен. Жүргізілген тексерулер, көптеген балалармен сауықтыру жұмыстарын жүргізу керек екендігін көрсетті. Ұлт болашағына қамқорлық – балалар мен жасөспірімдер денсаулығын сақтауға үлкен мән беру керек. Қазіргі әлеуметтік – экономикалық жағдайда денсаулық сақтау кезек күттірмейтін бірінші проблема болып тұр. Ауырған балаларды емдегенше, оларды ауыртпаудың амалын жасау керек. Соның ең маңыздысы – денешынықтыру және спорт. Балаларды жастайынан спортпен шұғылдануға баулу қажет. Қысы-жазы денелеріне суық суды құйып үйрету керек. Сыртқы сымбат туралы орыс жазушысы әрі- дәрігер А.П.Чехов «Адам бет пішінімен де, сыртқы тұлғасымен де, киімімен де, жандүниесімен де, ой – санасымен де сұлу болуы керек.» деген болатын. Денсаулығы жақсы кісі көрікті де, әдемі көрінетіні сөзсіз. Ғылыми зерттеу таңертеңгілік жаттығуларды аз уақыт жасағанның өзінде, қан тамырлары кеңейіп, қан айналымы, зат алмасуы жақсаратынын көрсеткен. Жаттығулардың адамның жас ерекшелігіне, жынысына, жалпы денсаулық жағдайына қарай жасалатын түрлері бар. Мысалы, тыныс жолдары, өкпе қабынуы, жүрек ішек-қарын аурулары бар адамдар үшін денешынықтырудың түрлері әдістемелік жағынан реттелген.

Адам баласы ұзақ жылдар бойы өзінің денесін сауықтыру және ғұмырын ұзарту үшін көптеген тәсілдерді пайдаланады. Адамдардың денсаулығын жақсартып, ғұмырын ұзартатын бірақ фактор бар. Ол - белсенді түрде жүргізілетін

